

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы

АЛМАТЫ



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

Көптілді білім беру институты
Институт полиязычного образования
Institute of multilingual education

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы

Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»

Series «Multilingual education and philology of foreign languages»

№ 3 (10)

2015

БАС РЕДАКТОР

Т.Т.АЯПОВА - ф.ғ.д., профессор

БАС РЕДАКТОР ОРЫНБАСАРЛАРЫ:

Баданбекқызы З. – ф.ғ.к., доцент

Асқарова С.А. – ф.ғ.к., доцент

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абуов Ж.А. - ф.ғ.д., профессор

Мирзоев К.И. - ф.ғ.д., профессор

Мусаева К.С. - п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУның профессоры

Букабаева Б.Е. - ф.ғ.к.

Кемелбекова З.А. - ф.ғ.к.

Али Али Шабан – PhD Каир (Египет)

Дэвис Брент – PhD (АҚШ)

Дэвид Ландис – PhD (АҚШ)

Фатима Шнан-Давен - PhD Экс-Марсель университеті (Франция)

Наср М.Ариф – PhD, Араб Эмириаты

Әлімсейіт Әбілғазы – ф.ғ.д., профессор Шыңжаң университеті филология институты (ҚХР)

Иноятова У.И. – п.ғ.д., Низами атындағы ТГПУ (Ташкент, Өзбекстан Республикасы)

Кенан Коч – PhD (Турция)

М. Яуманн – магистр (ФРГ) ДААД орталығы

НӨМІРГЕ ЖАУАПТЫ ТҮЛҒА:

Баданбекқызы З. – ф.ғ.к., доцент

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ:

Султанбекова С.С. - аға оқытушы

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне 12.02.2013 жылы тіркеліп, №13343-Ж куәлігі берілді.

Шығарылу мерзімі жылына 4 рет. Периодичность 4 раза в год.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Т.Т. АЯПОВА - д.ф.н., профессор

ЗАМЕСТИТЕЛИ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

Баданбекқызы З. – к.ф.н., доцент

Асқарова С.А. – к.ф.н., доцент

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Абуов Ж. А. -д.ф.н., профессор

Мирзоев К.И. - д.ф.н., профессор

Мусаева К.С. - к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

БукабаеваБ.Е. - к.ф.н.

Кемелбекова З.А. - к.ф.н.

Али Али Шабан - PhD Каир (Египет)

Дэвис Брент – PhD (США)

Дэвид Ландис – PhD (США)

Фатима Шнан–Давен - PhD Университета Экс-Марсель (Франция)

Наср М.Ариф – PhD, Арабские эмираты

Әлімсейіт Әбілғазы – д.ф.н., профессор Шинжанский институт филологии (КНР)

Иноятова У.И. – д.п.н., ТГПУ им Низами (Ташкент, Республика Узбекистан)

Кенан Коч – PhD (Турция)

М.Яуманн – магистр (ФРГ) Центр ДААД

ОТВЕТСТВЕННЫЙ ЗА ВЫПУСК ЖУРНАЛА:

Баданбекқызы З. – к.ф.н., доцент

ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

Султанбекова С.С. - старший преподаватель

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 12 февраля 2013 г. № 13343-Ж

Периодичность 4 раза в год.

EDITOR-IN-CHIEF

Tanat T. Ayarova - Doctor of Philological Sciences, Professor

EDITOR-IN-CHIEF'S ASSISTANTS:

Zaure.Badanbekkyzy -Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

Saule A. Askarova- Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

EDITORIAL STAFF:

Zhumagaly A.Abuov -Doctor of Philological Sciences, Professor

Knyaz I. Mirzoyev- Doctor of Philological Sciences, Professor

Kultay S. Musayeva- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor

Bakhytkul E. Bukabayeva- Candidate of Philological Sciences

Zada A. Kemelbekova- Candidate of Philological Sciences

Ali Ali Shaban- PhD Kair (Egypt)

Davis Brent - PhD (USA)

David Landis- PhD (USA)

Fatima Shnah- Daven- PhD of Ex-Marseille University (France)

Nasr M. Arif- PhD, Executive Director of Dar al-Islam Institute (Arab Emirates)

Alimseyit Abilkazy- PhD, Professor of Jingjiang Institute of Phology (China)

Inoyatova U.I. – Doctor of Philological, Nizami TSPU (Tashkent, Uzbekistan Republic)

Kenan Koch- PhD (Turkey)

M. Yauman- Master Degree, DAAD center (Germany)

Zaure. Badanbekkyzy is responsible for this issue.

EXECUTIVE SECRETARY:

Saulegul S. Sultanbekova- senior teacher

Journal is registered at the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan

(Certificate № 13343-J) 2013, February 12

4 issues per year

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

ӘОЖ373.016:811.111.(075.3)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ M-LEARNING
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ**

Әбуов Жұмағали Әбуұлы- *Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Аңдатпа

Мобильді оқытудың маңызды артықшылығы – оқушы тәуліктің кез келген уақытында және әлемнің қай жерінде болмасын білім алуына мүмкіншілігі бар. Бастысы, оқушы жанында смартфон немесе қалта компьютері болуы қажет – Интернетке қосылу шарт емес, ғаламтор желісіне шығу мүмкіншілігііз болмаса, оқуыңызды онлайн түрінде жалғастыруыңызға болады.

Тірек сөздер: электронды оқыту (E-learning), мобильді құрылғылардың көмегімен оқыту (m-learning), қашықтықтан оқыту, көптілді білім беру, шет тілін меңгерту.

Ключевые слова: электронное обучение (E-learning) , мобильное обучение (m - обучение), дистанционное обучение , полиязычное образование, преподавание иностранного языка .

Key words: E-learning (e-learning), multilingual education, teaching a foreign language

Қазіргі технологияның шарықтап дамыған заманында, жастар үшін білім алу мүмкіншіліктері кеңейе түсуде. Осыған орай компьютерлік технологиялар арқылы оқыту, оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтарын арттыруда. Ақпараттық компьютерлік технологияларды оқу мақсаттарында қолдану, білім беру саласына E-learning бағдарламасының енуіне түрткі болды, өз кезегінде бұл бағдарламаның ақымда пайдалануды білім беру министрлігі бір ауыздан қолдап отыр. Дербес компьютер арқылы ғаламтор желісіне шығу мүмкіншілігі пайда болғалы бері, қашықтықтан оқыту әдісі, уақыт өткен сайын, білім беру процесінің маңызды бөлшегіне ретінде қарастырылып келеді. E-learning еліміздегі ЖОО-ның білім беру тәжірибесінде бірталай жылдар бойы қолданылып келеді. Батыс мемлекеттерінде кеңінен қолданылып жатқан, E-learning әдісі арқылы

оқытудың бір тармағы ретінде саналатын m-learning жайлы айрықша айтқан жөн.

Mobilelearning – оқушыларға білім беру мақсатында жеке қалта компьютерлерін PDA (PersonalDigitalAssistants), ұялы телефондарды, ноутбук және тасымалы дербес компьютерлерді қолдану. Электронды оқытудың бұл түрі студенттерге қазіргі заманның ең басты көрінісі уақыт тапшылығын жеңуге септігін тигізуде. M-Learning Батыс елдеріндегі студенттер үшін үйреншікті оқу әдісі, ең басты артықшылығы территориялық шектеулердің болмауы.

Еуропа мен АҚШ-та 2002 жылдан бері мобильді оқыту технологиясының теориясы мен тәжірибесіне арналған халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер және семинарлар үнемі өткізілуде. Мысал келтірер болсақ, 2005 жылдан бері Халықаралық мобильді білім беру (InternationalConferenceMobileLearning) мәселесіне арналған конференция, 2002 жылдан бері халықаралық MlearnCon конференциясы, MoLeNET конференциясы 2007 жылдан бері жылда өткізілуде.

Сонымен қатар, бірқатар шет елдік жобалар іске асырылуда. Мысалы, Мобильді білім беру жүйесі The Mobile Learning Network Project (Ұлыбритания), Мобильді білім беру ортасы Mobile Learning Environment Project (АҚШ), Бүкіл өмір бойғы мобильдік оқыту жүйесі Mobile Technologies in Lifelong Learning: bestpractices (MOTILL) (Еуропалық Одақ), Мобильді білім беру бірлестігі M-Learning Consortium (Канада).

Пайдаланушылары едәуір көп, бірегей, Мобильді білім беру жүйесі (MoLeNET) жобасының басты мақсаты–Ұлыбритания аумағында 115 колледж және 29 мектепті мобильді оқыту жүйесі арқылы біріктіретін бірыңғай виртуалды жүйе құру. Қазіргі уақытта бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында 40000-нан астам оқушы мен 7000 ұстаз-ғалымдар мобильді құрылғылардың дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеумен айналысуда. Айта кетерлігі, аталмыш жоба арқылы осы салада тағы да 104 ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті, ғылым саласы озық дамыған, алдыңғы қатарлы елдер құрамына ену мақсатында сол елдердің білім беру саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктерінен үлгі алуда. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру саласы, мемлекеттік білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша дамуда. Бұл бағдарламаның басты іргетасы ретінде e-Learning-ті айтуға болады. Басты мақсат – оқыту және оқу процесіне қатысушылардың барлығын, білім беру саласының қазіргі заманға лайық жаңа инновациялық технологиялары мен ресурстарын қол жетімді ету. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді орындау қажет: қажетті техникалық базамен білікті мамандарды даярлау, менеджмент жүйесінің жаңа бағытын табу, дәстүрлі оқыту әдістерін жаңа білім беру формаларына біріктіру, сандық контент жасау және т.б.

Инновациялар басымдылық ретінде қарастырылатын мемлекеттік бағдарламалар қатарынан ҚР 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы (2013), «Ақпараттық Қазақстан – 2020» (2010) бағдарламаларын атап айтуға болады. Барлық мемлекеттік бағдарламалар «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жүзеге асыру үшін орындалып жатыр. Мемлекеттік білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отырған электрондық оқытуға мониторинг жүргізу үшін арнайы – www.e.edu.kz мемлекеттік сайты іске қосылды. Ағымдағы басты мақсат ақпараттың қайнар бұлағына айналдырып, барлық білім ордаларын бірыңғай жүйеге салу. Аталмыш сайт дербес компьютер арқылы білім алуға мүмкіншілік береді, алайда халықтың басым бөлігі мобильді құрылғыларды пайдаланып жүргендігі баршамызға анық, бұндай құрылғылар өз ретінде бағасы жағынан қолжетімді және өнімділігі жағынан да дербес компьютерлерден кем емес. Жаңа заман адамдары өмірінің ажырамас бөлігі ретінде мобильді құрылғылар мен планшеттер тек қана әңгімелесу немесе қоңырау шалу құралы емес, тұтастай білім алудың қайнар көзіне айналуда. Осыны ескере отырып әлемдік білім беру саласының мамандары өз «тұтынушыларының» қызығушылығын арттыру мақсатында ғылымға оның ішінде білім беру саласына мобильді оқыту әдісін енгізіп отыр.

Мобильді оқытудың маңызды артықшылығы – оқушы тәуліктің кез келген уақытында және әлемнің қай жерінде болмасын білім алуына мүмкіншілігі бар. Бастысы, оқушы жанында смартфон немесе қалта компьютері болуы қажет – Интернетке қосылу шарт емес, ғаламтор желісіне шығу мүмкіншілігі болмаса, оқуыңызды офлайн түрінде жалғастыруыңызға болады.

Мобильді оқытудың басты артықшылықтары:

1. Оқыту үрдісінде заман талабына сай ең соңғы жаңа технологияларды қолдану мүмкіншілігі;
2. Студенттер арасында ақпараттық компьютерлік технологияларға деген құзыреттіліктерінің дамуы;
3. Оқыту барысында кіші-гірім, ықшам құрылғыларды қолдану;
4. Мобильді оқыту өз кезегінде білім берудің бөлек әдісі ретінде немесе дәстүрлі білім беру әдісі шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін;
5. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім алудың қолайлы түрі болып табылады;
6. Студенттерге және университетке қаржылай ұтымды;
7. Білім беру контентінің кең спектрі;
8. Жастар үшін қызықты әрі тартымды тәжірибе.

Мобильді білім берудің тағы бір айтарлықтай оңтайлы қыры, оқыту барысында көптілді білім беру кеңістігін пайдалануға болады. Оқыту үрдісін кез-келген оқытушы мен оқушыға қолайлы әрі үйреншікті тілде өткізуге болады. Әлдеқандай қиындықсыз студент өзіне қажет ақпаратты қалаған

тілінде ала алады. Электронды оқытудың басты артықшылығы – кез келген тіл иеленушіге қолайлығы.

Шет тілін меңгеру барысында студент өзі үйреніп отырған тілдің иеленушісімен тікелей сұхбатқа түсе алады. Мысалы, «Tandem» тегін оқыту бағдарламасын алайық, бұл бағдарлама арқылы тіл үйрену үшін оқушы әлемнің түкпір-түкпірінде отырған басқа да өзі сияқты тіл үйренушілермен өзі қалаған тілінде (ағылшын, француз, неміс және т.б.) байланысқа шығуына болады. Оқушы сондай-ақ тіл үйрену үрдісінде өте маңызды орын алатын, ағылшын тілінің әр түрлі екіпінде дыбысталуын (британдық ағылшын тілі, американдық ағылшын тілі, австралиялық ағылшын тілі және т.б.) аутентикалық бейне және дыбыс таспалар (дәрістер, диалогтар және т.б.) арқылы көріп естуіне мүмкіншілігі ашылады. Бұны (Podcast, Youtube, Instagram) арнайы қосымша бағдарламалар арқылы қосады.

Оқушылар саны аудиторияның сыйымдылығымен шектелмейді. Ағылшын тілін меңгеру барысында оқушылар жайсыздық сезінбейтін болады, себебі барлық оқу материалдары қазақ тілінде және шет тілдерінде арнайы құрастырылған болады. Мобильді құрылғыларға бейімделгендіктен, оқу материалдарының саны шексіз болмақ. Мұның барлығы басқа тілдерді меңгеруге де қолайлы жағдай жасауы арқылы, «Үш тұғырлы тіл» жаңа заман сұранысын және көптілділік тұжырымдамасын қанағаттандырады.

Бұл жобаның басты мақсаты – мобильді оқыту арқылы, шет тілінен білім беруде халықаралық тәжірибе жетістіктерін енгізе отырып, ұлттық-мәдени жүйені қалыптастыру.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей мәселелердің шешімін табу қажет:

1. Шет елдердіңкөшбасшы Жоғары Оқу Орындарының мобильді оқыту тәжірибелеріне талдау жасау;
2. Шет елдерден осы салада тәжірибесі бар мамандарды тәжірибе алмасу мақсатында шақыру немесе Отандық мамандарды шет елдердің ЖОО-на тағылымдамадан өтуге жағдай жасау;
3. ҚР-ғы техникалық және білім беру базасының ахуалын анықтау;
4. Шет елдердегі айқындалған ұлттық-мәдени білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып анализ жасау және интегралдау;
5. Ұлттық-мәдени білім беру менеджментін қалыптастыру;
6. Интегралданған шет тілінде ұлттық-мәдени білім беру жүйесін анықтау үшін студенттерді эксперимент жасауға шақыру.

Ғылыми жұмыстың **гипотезасы** ретінде, мобильді білім беру бағдарламасын енгізу арқылы шет тілін меңгерту үшін білім кеңістігінің мүмкіндігі зор (техникалық база, адами ресурстар, қаржылай мүмкіншіліктер), алайда бұл бағдарламаны ойдағыдай орындау үшін шет тілін мобильді оқытуда интегралданған менеджмент жүйесін пайдалану мәселесін қарастыру қажет.

Ғылыми жаңалығы – Абай атындағы ҚазҰПУ базасында қазақ тілді тұрғындар үшін мобильді оқыту бағдарламасын пайдалана отырып шет тілін меңгертуде интегралданған ұлттық-мәдени білім беру жүйесі қалыптасатын

болады. Бұл жүйе ҚР мобильді білім беру тәжірибесінде ең алғаш енгізілмек және де алдағы уақытта басқа да инновациялық білім беру әдістерінің бастапқы үлгісі ретінде қарастырылатын болады.

Жобаның мақсаты сәтті орындалса төкмендегідей нәтижелер күтуге болады:

1. Инновациялық мобильді оқыту әдістемесінің енгізілуі нәтижесінде студенттердің білім алу сапасының артуы;
2. Аудиториялық, кітапханалық қорлардың тапшылығының болмауына байланысты, студенттер санының артуы;
3. Интегралданған мобильді білім беру жүйесі арқылы басқа да пәндерді оқытуға мүмкіндік ашылады, өмір бойы білім алу талпынысына қолдау;
4. Халықаралық мобильді білім беру жүйелерімен қауымдаса қызмет жасау.

Зерттеу әдістемесі

Позитивтік және феноменологиялық зерттеу.

Сандық және сапалық тәсілдер.

Дәрісхана – қазақ тілді студенттер.

Бір университет аясында casestudy әдісі қолданылатын болады. Техникалық базасы жаракталған және шет тілден біліктілігі жоғары ұстаздар шоғырланған Абай атындағы ҚазҰПУ базасында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмек.

Әдістер (әдістерді қолдану кезеңдермен жүзеге асырылады):

- Отандық және шет елдік мобильді білім беру тәжірибесіне талдау жасау;
- Мобильді оқытудың потенциалды қатысушыларына сұрақтар қою, сауалнамалар алу арқылы мобильді білім берудің параметрлерін анықтау
- Мобильді оқыту жүйесін апробациялау үшін ғылыми тәжірибе жұмыстарын жүргізу;
- Сұрастыру/сұхбат алу (кері байланыс).

Кезеңдер

Дайындық кезеңі – мобильді білім беру жүйесіне қажетті құзіреттілігі бар мамандарды даярлау және халықаралық тәжірибені енгізу. ҚР-на мобильді оқыту жүйесін енгізу ерекшеліктері мен оған дайындық шараларына талдау жасау. Техникалық және білім беру базасын қалыптастыру, сондай-ақ мобильді оқыту арқылы шет тілдерін оқыту жүйесін қалыптастыру.

Эксперимент кезеңі – оқыту процесін бақылап оған объективті баға беру үшін экспериментальды топ жинақтау. Респонденттермен кері байланыс арқылы мобильді оқыту жүйесіне бақылау жасау және түзетулер енгізу. Мобильді оқыту арқылы шет тілін интеграцияланған жүйемен меңгертуді апробациялау.

Енгізу кезеңі – мобильді оқыту жүйесіне қатысушылар санын арттыру, пәндер тізімін көбейту.

1. Апальков В.К. Методика формирования межкультурной компетенции средствами электронно-почтовой группы (английский язык, профильный уровень): Дис. кан. пед. наук: 13.00.02 - Тамбов, 2008.
2. Бим И.Л. Цели обучения иностранному языку в рамках базисного курса \ Иностр. Языки в школе. - 1996. - №1
3. Вайсбурд М.Л. Понимание речи на слух \ Теоретические основы методики обучения иностранным языкам в средней школе \ Под ред. А.Д.Климентенко, А.А. Миролубова. - М. Педагогика, 1981.
4. Грицков Д.М. Развитие социокультурной наблюдательности студентов в рамках языкового поликультурного образования (английский язык, языковой вуз). Дис. канд. пед. наук: 13.00.02. - Тамбов, 2007
5. S.J., Sysoyev, P.V. Cultures and comparisons: strategies for a dialogue of cultures \ The Modern Language Journal / - 2002 / - №4

Резюме

Преимущество мобильного обучения в том, что обучающийся имеет возможность получить образование где бы он не находился и в любое время суток. Главное, у обучающегося должен быть смартфон или карманный компьютер и не обязательно иметь доступ в интернет.

Resume

The article considers the importance of E-learning in Foreign language learning.

УДК 81.27:811.581

ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВОГО ВУЗА ПОНИМАНИЮ КИТАЙСКИХ ИДИОМ

Тохметов Асылбек Темирбекович - профессор, к.и.н. кафедры восточных языков, КазНПУ имени Абая, 8-777-5902585 Tokhmetov@mail.ru

Аннотация.

В статье рассматриваются некоторые вопросы, связанные с обучением китайскому языку в языковых вузах. В ней анализируются проблемы преподавания китайского языка в условиях растущих экономических, культурных и образовательных взаимосвязей независимого Казахстана с одной из ведущих стран мира. Исследуются вопросы богатства фразеологического фонда, разнообразие бытующих в нём языковых единиц. Особый интерес вызывают идиомы чэньюй, представляющие собой наиболее многочисленный класс в современном китайском языке. Своеобразие чэньюй во многом объясняется национальным колоритом, особым менталитетом носителей китайского языка.

Ключевые слова: китайский язык, Казахстан, фразеология, идиомы, методика, межкультурная компетенция, университет, студент, лексика, интерпретация, текст.

Тірек сөздер: қытай тілі, Қазақстан, фразеологизмдері, идиомалар, әдістеме, мәдениетаралық құзыреттілік, университет, студент, лексика, түсіндіру, мәтін

Key words: Chinese, Kazakhstan, phraseology, idioms, methodology, intercultural competence, university, student, vocabulary, the interpretation of the text.

В современных условиях налаживание и укрепление взаимоотношений, преодоление искусственных барьеров между народами невозможны без глубокого и всестороннего изучения и знания друг друга. Исходя из этого, можно сказать, что сегодня изучение языков – это веление времени.

В настоящее время подготовка высококвалифицированных языковых специалистов является одной из актуальных задач. Знание иностранных языков является неотъемлемым элементом общей культуры всесторонне образованного и развитого человека, облегчает ему личные контакты с зарубежными друзьями, раскрывает общественную и культурную жизнь других стран.

Современная ситуация в казахстанском обществе ставит перед системой высшего образования новые, ответственные задачи. На уровне языковых вузов и кафедр такой задачей становится подготовка специалистов в области межкультурной коммуникации, что обуславливает необходимость повышения качества учебного процесса, в котором язык усваивается как феномен культуры. Именно с этих позиций необходимо сегодня переосмыслить подходы к обучению студентов и магистрантов различным аспектам китайского языка. Одним из наиболее важных из них является мотивация обучения и степень востребованности выпускников различными государственными структурами, научными учреждениями, малым и средним бизнесом.

Немаловажную роль играет активное использование китайского языка в научно-исследовательской работе студентов и магистрантов. Знание китайского языка значительно расширяет базу исследований, так как появляется возможность знакомства со многими материалами и документами на языке оригинала.[1]

Проведённый анализ показывает, что до сих пор проблемы взаимосвязи языка и культуры в учебном процессе и проблемы освоения культуры посредством языка при обучении китайскому языку в русской (казахской) аудитории ещё не стали предметом специального научного исследования, что определяет несомненную актуальность темы.

В языковой сфере немаловажное значение придаётся вопросам, касающимся использования изобразительно-выразительных средств языка. Это связано с необходимостью адекватного понимания высказывания, с овладением механизмами позитивного речевого воздействия. Работа со словом сложна, и она одинаково интересует представителей различных научных дисциплин, предлагающих свои подходы к изучению эмоций, выразительности текста, модальных оценок. Понятие содержания является гораздо более сложным, оно охватывает не только вещественно-логическую и идейно-познавательную сторону высказывания, но и его эмоциональную насыщенность, способность воздействовать не только на ум, но и чувства читателя-собеседника.

По оценкам Совета по международному распространению китайского языка, в мире более 40 миллионов человек учат китайский язык. По данным Министерства образования КНР, в 2014 году около 100 миллионов иностранцев изучают китайский язык. К 2020 году планируется открыть до 1000 Институтов Конфуция по всему миру.[2]

Актуальность исследования данных вопросов обусловлена также растущим интересом к изучению китайского языка в связи со значительным увеличением количества экономических, деловых и культурных связей между Китаем и Казахстаном.

У китайского языка в социокультурных условиях казахстанского общества большое будущее, хотя он и отличается значительно от казахского или русского языков. Поэтому в процессе обучения целесообразно учитывать различия языковых систем на разных уровнях.

Однако, как показывает практика, одного желания и готовности преодолевать трудности в изучении китайского языка оказывается недостаточно.

Требуются огромные усилия в овладении этим, одним из самых трудных для изучения языков мира. Следует напомнить, что в китайском языке большое количество диалектов, которые порой отличаются друг от друга настолько, что иногда северянин с трудом понимает жителя Южного Китая. Поэтому в качестве основного базового (как в самом Китае, так и за его пределами) изучается пекинский диалект (путунхуа).

Обучение профессиональной речи студентов вузов требует тщательного подхода и разработки учебного процесса с правильным отбором текстов, ориентированных на социальную мотивацию и на учет особенностей китайского языка. В процессе обучения китайскому языку у будущего профессионала формируются компетенции различного рода, из которых особенно важны речевая и лингвокультурологическая, образующая ядро знаний о стране изучаемого языка. Обучение профессиональной речи очень важно, поскольку профессиональное общение связывает студентов с будущей деятельностью и страной иной культуры.

Китайская культурная традиция всегда привлекала внимание читателей и исследователей. Однако «контакт» таких далеких в языковом отношении культур и литератур затруднен рядом лингвокультурологических факторов, касающихся бытовой, философской, литературной и других традиций Китая, существенно отличающихся от российских и казахстанских.

Для сознательного и правильного выполнения своих функций переводчик должен ясно представлять себе цель своей деятельности и пути достижения этой цели. Такое понимание основывается на глубоком знакомстве с основами теории перевода, как общей, так и специальной и частной, применительно к той области и комбинации языков, с которыми имеет дело переводчик. Оно предполагает знание системы соответствий между этими языками, приемов и методов перевода, умение выбрать

необходимое соответствие и применить наиболее эффективный прием перевода в соответствии с условиями конкретного контекста, учет прагматических факторов, влияющих на ход и результат переводческого процесса.

Формирование переводческой компетенции у студентов не может ограничиваться подбором собственно лингвистических методик. При комплексном подходе к подаче материала целесообразно соединять изучение собственно лингвистических феноменов с объяснением культурных реалий, исторического контекста и современной социальной среды, влияющих на особенности их употребления и произношения, модификации лексического значения. С этой целью на занятиях нами привлекается большое количество справочного материала на китайском языке (словари, справочники, отрывки из произведений современной художественной литературы).

Трудности, с которыми сталкиваются студенты в процессе обучения, обусловлены не только фактами разных уровней системы языка, такими, как иероглифическая письменность, тональное ударение, специфика грамматического строя, но и факторами, относящимися к области психолингвистики и культуре страны изучаемого языка. Сложности, обусловленные факторами экстралингвистического характера, напрямую проецируются на усвоение определённых пластов лексики, описывающих факты, отсутствующие в русской культуре [2:89]. К подобным языковым средствам относятся не только названия определённых предметов обихода, одежды, зданий и т.д., но и устоявшиеся формы вежливости, образно-фразеологические средства, особые иероглифические синонимы [3: 126].

Одними из явлений, наиболее интересных и важных с позиций их рассмотрения в указанном аспекте, являются китайские идиомы чэньюй. Чэньюй – это фразеологические связанные, устойчивые лексико-синтаксические единицы современного китайского языка, которые в краткой отточенной форме четырехсложных (в основном) ритмических словосочетаний и предложений, насыщенных архаизмами, ярко, живо и выразительно отображают различные понятия реальной действительности китайского этноса.

С точки зрения понимания и восприятия китайских идиом чэньюй наиболее целесообразным является межкультурный подход, цель которого – формирование межкультурной компетенции. Эта компетенция предполагает способность осуществлять межкультурное общение посредством создания общего для всех значения происходящего и достигать в итоге позитивного для обеих сторон результата общения. Рассмотрение китайских идиом чэньюй в межкультурном аспекте обеспечивает подготовку студента как медиатора культур.

Как показывает многолетний опыт преподавания, студенты и магистранты всё ещё испытывают значительные трудности в понимании и интерпретации данных явлений китайского языка и редко используют

идиомы чэньюй в речи. Слабые знания по фразеологии, несформированные умения оперирования идиомами чэньюй, несомненно, являются существенным недостатком подготовки будущих специалистов, поскольку это затрудняет выполнение студентами важных коммуникативных задач и не позволяет им достигнуть должного уровня владения китайским языком.

Китайские идиомы чэньюй способны участвовать в реализации межкультурного аспекта социальной компетенции. Сущность данной компетенции заключается в способности адаптировать собственное поведение к стандартам иноязычной культуры с целью достижения успешного общения. Примером использования для этих целей идиом является чэньюй 中庸之道 – "принцип золотой середины"; "промежуточная позиция", который отражает одно из важнейших правил поведения человека в обществе. Анализ такого явления поможет студентам и магистрантам понять поведение носителей китайского языка, проанализировать собственное поведение в соответствии с полученными представлениями.

Между тем овладение такого рода материалом не только является необходимым с точки зрения изучения языка, но и, что ещё более важно, позволяет лучше узнать культуру китайцев, глубже прочувствовать особенности их менталитета, природу их взаимоотношений с окружающим миром. То есть, в конечном счёте, способствует тому, чтобы свободно общаться и адекватно понимать представителей другой, столь отличной от нас цивилизации, стремительно идущей вперёд, но при этом сохраняющей традиции, уходящие вглубь тысячелетий.

Для осуществления межкультурного анализа наиболее подходящим является изучающее чтение, которое способствует не только максимально точному пониманию всех информационных уровней, содержащихся в чэньюй, но и помогает осмыслить их глубинную культурологическую значимость, понять тот фрагмент картины мира (фоновые знания), которые необходимы студенту для усвоения (запоминания) и для понимания текста. Изучающее чтение также позволит критически осмыслить информацию культурологического характера, соотнести ее значение с феноменами своей родной культуры. Это определяет специфику межкультурного подхода к обучению.

В процессе самостоятельной работы студенты живо интересуются образностью, лаконичностью китайского языка. С другой стороны, он предстаёт перед ними во всей своей красоте, порой с самой неожиданной стороны. Так, например, довольно интересной получилась дискуссия о границе между характерными чертами разговорного стиля и языка литературно-художественных произведений, особенно в воспитательном плане. Фраза «走不尽的路, 读不完的书» (Идя нескончаемой дорогой, изучай книгу, которую нельзя прочитать до конца), по мнению студентов,

учит тому, что опыт и знания нужно приобретать в процессе практической работы, что учиться следует неустанно, не довольствуясь достигнутым.

Особый интерес студентов вызывают дискуссии, связанные с философским подтекстом китайского языка. Например, 满瓶不响, 半瓶叮当 (Полная бутылка не издаёт звуков, налитая до половины, булькает). Высказывались самые разные толкования, но в результате дискуссии все сошлись во мнении, что действительно знающие толковые люди чувствуют недостаточность своих знаний и занимаются конкретным изучением, а люди, не понимающие сущности вещей, не имеющие элементарных понятий, считают себя необыкновенными, скользят по поверхности явлений. В этом плане студентов интересует такой пласт китайского языка как парадоксы. Парадокс – неожиданное, странное суждение, противоречащее обычным представлениям. Однако это мнимое несоответствие, поскольку на деле парадокс отражает глубокие противоречия реальной действительности. Обычно парадокс представляет собой краткую и чёткую формулировку мысли, обладает совершенной словесной формой. 会浮水的淹死, 会骑马的摔死 (Умеющий плавать да утонет, умеющий скакать да упадёт).

Функции преподавателя китайского языка заключаются в руководстве познавательной деятельностью студентов, в ее стимулировании. Преподаватель не является экспертом по интерпретации культурного явления, заложенного в содержании чэньюй, и не навязывает свою точку зрения студенту. На занятиях преподаватель должен побудить студентов к сравнению своей культуры и культуры изучаемого языка, излагая языковой материал и раскрывая культурные явления изучаемого языка, чтобы в ходе этой аналитической работы студент сумел осознать традиции своей собственной культуры, совершенствовал межкультурную компетенцию.

Студенту, магистранту предлагается провести самостоятельный поиск, понимание, толкование идиомы, анализ ее культурологического содержания, а также межкультурных аспектов ее интерпретации. Он должен поделиться с другими студентами, магистрантами собственными умозаключениями, открыто вступить в дискуссию по интерпретации идиом.

Степень развития межкультурных знаний и устойчивости умений понимания и интерпретации чэньюй определяется по следующим критериям: межкультурные знания о чэньюй; адекватность восприятия идиом; степень, глубина межкультурной интерпретации чэньюй.

Своеобразие чэньюй во многом объясняется культурологическими причинами, их социо и этнокультурологической приверженностью, иными словами они напрямую сопрягаются с национальным колоритом, традициями древности, с особым менталитетом носителей китайского языка. С точки зрения особенностей китайского языка, очень важно уметь оперировать (понимать и интерпретировать) китайскими идиомами чэньюй.

Успешное решение всех этих вопросов позволит, на наш взгляд, поднять уровень преподавания китайского языка на качественно новую высоту, в полной мере отвечающей перспективным задачам современного казахстанского общества.

1. Tokhmetov A. Using testing as a form of educational technology // Methods of teaching oriental languages. Actual problems and trends. II - nd International conference proceedings. Moscow: Grifon. 2015. - 76-87 p.
2. Историко-культурные связи Казахстана со странами зарубежного Востока в контексте языковой компаративистики. // Под ред. д.ф.н., академика МАН ВШ, проф. Мирзоева К.И. - Алматы: КазНПУ им. Абая, издательство «Ұлағат». 2013. - с.95.
3. Завьялова Т.Г. Формирование методологической компетенции как проблема обучения переводу с китайского языка // Вестник ВГУ. Серия лингвистика и межкультурная коммуникация, 2003, №2. стр.89-92.
4. Горелов В.И. Лексикология китайского языка. М. 1984.

Resume

The article deals with the interpretation of idioms in modern Chinese language. Much attention is paid to the idioms which convey Chinese culture, especially a deep experience of their mentality and the nature of their relationship with the outside world.

Түйін

Мақала қазіргі заманғы қытай тілінде фразеологизмдердің түсіндірумен айналысады. Ерекше қызығушылық тілін оқыту тұрғысынан ғана емес қажетті материалды осындай меңгеру болып табылады, сонымен қатар, ең бастысы, олардың менталитет әсіресе терең тәжірибе, қытай мәдениеті туралы сыртқы әлеммен қарым-қатынасы сипатын көбірек білуге мүмкіндік береді.

ӘОЖ 378.147

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Байдрахманов Д.Х. *Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана*

baidrakhmanov_dkh@enu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттердің білім сапасын арттыруда педагогикалық технологияның рөлі қарастырылады. Студенттер бойында танымдық және шығармашылық белсенділікті қалыптастыру мәселелері жан-жақты зерделенген. Студенттердің өздік жұмысы бойынша да нақты ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: жаңа формалар, Студенттердің өздік жұмысы, мәтіндер, кино және диафильмдер, мультимедиалық кабинеттер.

Ключевые слова: новые формы самостоятельной работы студентов, тексты, фильмы и диафильмы, мультимедийные классы.

Key words: students' independent work, texts, films and film-strips, multimedia classes.

Жаңашыл педагогтар мен шебер оқытушылар тәжірибесінде оқытудың негізгі формасы – сабаққа ерекше көңіл бөлінеді. Ол айтарлықтай өзгерген және жоғары оқу орындары студенттерінің дербестігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға деген бағыттылығына негізделген жаңа формалармен толықтырылған. Сабақтың орнын сақтай отырып, қазіргі жоғары оқу орыны оған жаңа бағыт береді, оны басқа формалармен толықтырады, ол формаларда студент білімінің өз бетінше, дербес «табыскері» ретінде көрінеді.

Студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырудың жаңа формаларын епті пайдалана отырып, жаңашыл оқытушы жағдайдың белсендендіру әсерін жүзеге асырады, онда студенттер: өз пікірінде тұра алу; пікірталастарға қатысуы; өз жолдастары мен оқытушысына сұрақ қоя алуы; жолдастарының жауаптарын түзету; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған студенттерді оқытуы; үлгерімі нашар студенттерге түсініксіз жерлерді түсіндіруі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін жағдайлар ойластыруы; танымдық міндеттерді шешімнің өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы.

Жаңашыл педагогтар мен шебер оқытушылар тәжірибесінде оқыту әдістері өзгеріп отырады. Ұзақ уақыт бойында жоғары оқу орындары әдістердің алуан түрлілігін жинақтаған, олар оқыту үдерісінің елеулі бөлігі болып табылады. Алайда олардың ара қатынасы, артықшылығы, нақты толысуы жоғары оқу орнының мақсаттық бағыттарына қарай өзгеріп отырады. Студенттердің танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытудың міндеттерін бірінші орынға қою дәстүрлі әдістерге елеулі өзгерістер енгізіп, жаңаларының пайда болуына жағдай жасайды.

Ауызша әдістер жоғары оқу орындарында, бұрыннан-ақ, басты орын алып келеді. Оқытушы сөзі, оқулықтар – оқыту үдерісінің бұрыннан келе жатқан құралдары. Алайда, соңғы он жылда олар мәселелік сипатқа ие болып келеді. Мәселелік сипат ақырындап оқулықтар мазмұнын өзгертіп отыр. Фактілерді эпикалық түрде баян етудің орнына оқу материалы көкейкесті ғылыми және әлеуметтік мәселелер төңірегінде топтастырылады, оларды шешудің әртүрлі теориялық әдістері ұсынылып, студенттер үшін мәселелік міндеттер мен сұрақтар тұжырымдалады. Оқулықтар құрылымындағы, оқытушының оқу материалын түсіндіруіндегі жүйелі мәселе қою әдісі оқыту үдерісінде басты орынға ие болып келеді [1].

Мәселелік әдіс дәстүрлі көрнекілік және техникалық құралдарда да қолданылады. Теле және бейнежазулар, кино және диафильмдер, мультимедиялық кабинеттер жағдайлар мен құбылыстардың жай ғана бейнеленуі емес. Фильмдердегі мәтіндер, мәселелік және пікірталас сұрақтары студенттердің көңілін қарама-қайшылыққа, қоғамдық және табиғи

феномендерді ғалымдардың әртүрлі талқылауларына аударады. 40-шы дүниежүзілік конференция 1980 жылдары-ақ өзінің ұсыныстарында «студенттердің ғылыми зерттеулер мен технологиялық даму үдерістеріне қатысу белсенділігін қалыптастыратын лабораториялық, эксперименталды және тәжірибелік сабақтарды кеңінен өткізудің» қажеттілігін атап өткен. Көптеген батыс елдердің жоғары оқу орындарында лабораториялық сабақтарға арналған уақыт екі есе көбейтілген, лабораториялық тапсырмалардың мазмұны эвристикалық сипатқа ие болуда. Қатал ережеге негізделген тапсырмалар, көбінесе, студенттен шығармашылық әдіс пен өзіндік ойлауды керек ететін ізденіс міндеттерімен алмастырылады.

Студенттердің өздік жұмысының, оқыту тәсілі ретінде, студенттердің өздігінен білім алуға, жұмысты жоспарлаудың маңызды дағдыларын қалыптастыруға, оны ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылауға, ақпаратты талдау мен сараптауға, жалпы қорытынды жасауға, жұмысқа тиісті түзетулер енгізуге дайындығы үшін маңызы өте зор. Өздік жұмыстың дәстүрлі түрі – үй жұмысы, оны студент оқытушының көмегінсіз жасайды. Кейде тапсырма ерекше материал жинастырумен, сұрақ-жауап, бақылау жүргізумен байланысты болып келеді. Мұндай өздік жұмысты проект – жоба дейді. Студенттер тобы немесе жеке студент жобаның тақырыбы мен міндеттерін анықтайды. Жоба әдісі студентті оқу субъектісі етіп қана қоймай, оның қазіргі ақпараттар заманындағы өте маңызды әртүрлі арнадан келіп түскен ақпаратты жинастыру мен талдау дағдыларын қалыптастырады.

Танымдық және шығармашылық белсенділікті қалыптастыру міндеті дидактикалық рөлдік ойындардың пайда болуына себеп болды. Эмоционалдық өріске бағытталған олар студенттердің танымдық ынта-ықыласына, қиялына дем беріп, оқу үдерісінде аз қамтылатын жеке тұлғалық компоненттердің қызметін арттырады. Бүгінде батыс елдердің коммерциялық фирмалары әр жастағы студенттерге арналған көптеген дидактикалық ойындар шығарады. Рөлдік ойындар мен драматизация ынта-ықыласты оятатын мықты педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Ол оқытушы студенттерге мәселені шешу, карама-қайшылықтан шығу жолын табу міндетін қойған кезде ерекше нәтижелі аяқталады [2].

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында жаңа техникалық құралдар кеңінен енгізілуде. Микроэлектроникаға негізделген бірбеткей жаңа ақпарат тасушылардың пайда болуымен байланысты ақпарат төңкерісі соңғы он жыл ішінде жоғары оқу орындарының дәстүрін айтарлықтай өзгертті. Болашақ білім беру көбінесе теледидар, аудио және бейне аппаратура, микрокомпьютер, мультимедиалық кабинеттер, электрондық тақта сияқты қазіргі заманғы ақпарат құралдарын ары қарай пайдаланумен байланысты.

Алайда қандай да керемет техника болмасын, жоғары оқу орынындағы оқытушы орнын баса алмайды, бұл жағдай ең басты, ең маңызды болып қала береді. Студенттердің танымдық белсенділігі, ең бірінші, аудиториядағы оқытушы орнына, оның әрбір студенттің жақсы оқу қабілеттілігіне деген

сеніміне, студенттерің жетістіктерін әрдайым демеп отыруына байланысты. Нағыз оқытушыға мына қасиеттер тән: студентке деген сый мен сүйіспеншілік, оның мүмкіндігіне сенім, студенттің өрлеу, жетістік, өз күшіне сену сияқты сезімдері пайда болатын жағдайлар жасау. Микроэлектрлік техникамен органикалық байланыстағы адамгершілігі мол оқытушы оқу үдерісі мен жоғары оқу орнының бүкіл кейпін түбегейлі өзгерте алады. Мұндай жағдайдағы оқу студент үшін қиын емес, жаңаны тану, зерттелмегенді өз бетінше ашу, танымдық іс-әрекетінің жетістіктеріне жету қуанышына айналады. Осылайша, жинақтау әдісі ғана студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруының практикалық шешімі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технологияларға негізгі сипаттамалар. Қазіргі кезеңдегі психологиялық педагогикалық әдебиеттер ғылыми-технологиялық үдерістің жетістіктері мен білім беру саласына «жаңа компьютерлік технологияларды» енгізуімен бірге келген «технология» деген ұғым жиі кездеседі. Ғылымда арнаулы технологиялық бағыт пайда болды. Бұл бағыт ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында АҚШ және Англияда пайда болды және қазіргі уақытта тәжірибе жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарады. Барлық жасалған және қазіргі күнде адамның қолданып жүрген технологияларды екі түрге бөлуге болады: өндірістік және әлеуметтік, өндірістік технологияларға үлгі ретінде табиғат шикізатын қайта өңдеу технологиясы болады. Бұл жағдайда технология деп бастапқы материалды өнім «шығуында» белгілі бір алдын ала берілген қажеттерді бөліп алу мақсатымен қайта өңдеу үдерісі аталады.

Әлеуметтік технология деп, онда бастапқыда соңғы нәтиже болатын адам болады, ал негізгі оның көрсеткіші өзгеріп тұратын бір немесе бірнеше оның қасиеттері болады. Әлеуметтік технологияда классикалық үлгі ретінде жұмысшыларды өз мамандықтарына оқыту қызмет етуі мүмкін. Әлеуметтік технология ол өндірісте қолданатын технологиядан принципіалды түрде өзгешілігі бар. Әлеуметтік технологиялар ұйымдастыру мен жүзеге асыру жағынан өте күрделі және оралымды. Әлеуметтік технология бұл өте жоғары деңгейдегі ұйымдастырылған технологиялар деуге болады, себебі адам әлеуметтік технологияның объектісі, ал ол өте тым көп жақтылы жүйе. Оған күші мен бағыты әртүрлі болатын соны көп сыртқы әсерлер ықпал етеді, кейде олар қарама-қайшы болады, осыған орай көбінесе әсерлер қандай қаншалықты тиімді болатындығын алдын ала айту қиын. Сондықтан әлеуметтік технологияны өндірістік технологияның анықтамасында мүмкін болатындай белгілі бір дәл таңдап алынған үдерістердің жиынтығы деп айтуға болмайды. Өндірістік технологияны дамыту арқылы тым жоғары нәтижелерге жетуге деген ұмтылушылық білім беру саласында маңызды болып отыр. Педагогикалық іс-әрекет саласына «технология» деген сөздікті енгізу «индустриялық» технология (Ф.Б.Гильбретт, Ф.У.Тейлор және тағы басқалар) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы

кеңестік үкіметтің кезіндегі ғалымдар (В.П.Беспалько, П.И.Пидкасистый және тағы басқалар) қолдайды. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, оқытушы мен студенттердің оқу іс-әрекетін (Т.А.Ильина) ұйымдастыруды іздестіруде. Осымен қатар, педагогикалық технология оқытушылар мен студенттердің аз ғана күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Бірақ, егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелінетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша технологиялар оқытушы іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. Ғылыми әдебиеттердегі бар терминдер технологияны жасаушылардың дара жеке мәселелерге (проблемаларға) білім меңгеруге бағытталған оқу моделі жағына өлшем жасалған [3].

Төмендегідей технологиялар түрлерін көрсетуге болады: (оқыту технологиясы, ойын технологиясы, тест жасау технологиясы, информативтік-оқыту технологиясы, қашықтықтан оқыту технологиясы, рейтингтік оқыту технологиясы және тағы басқалар) (Г.К. Селевко).

Шындығында педагогикалық технологияны жасаушылардың назары (терминдік түсініктемелеріне қарағанда) педагогикалық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен студенттердің белгілі бір білім жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың «оқытушылар-студенттер» жүйесінің ерекшеліктерімен оқытушы еңбегінің технологиясының өзгешіліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. Егер кәсіби іс-әрекетке жеке өзгерістер енгізілсе еңбек саласында түбегейлі өзгерістерге жету және оның нәтижелеріне аса ықпал жасау мүмкін емес. Бұл тағы да «технология» ұғымының мазмұны туралы айтуға мәжбүр етеді.

Бар және жасалынатын жаңа педагогикалық технологияны бағалаудың негізі концептуальдық болады. Ұстаздық қатысы бар заттық саласының мазмұнын түсінуде ұстаздың қатысы бар; ұстаз іс-әрекетінің соңғы парадигмасының нақтылығы; жалпы технология және оның ішінде жеке және педагогикалық технологияның қайда жасалынатынымен және қолданылу саласының ұғымына сипаттама болып отыр.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры *techné*-өнер, шеберлік, кәсіп және *logos*-ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөз құрайды, ол өндірістік үдерістер жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы. Технологияның ғылым ретінде міндеті – практикада өндіріс үдерістерінің ең тиімді жолдарын анықтау мен қолдану.

Педагогикалық технологиялар білім беру аймағына қатынасы болады, егер білім берудің мақсаты білім жүйелерін меңгеру ретінде анықталса, онда

технологиялар да білім беру сияқты білімнің сапасы мен көлемін меңгерумен бағаланады. Бірақ әдеттегі білім беру моделінің дағдарысы педагогикалық негізгі категорияларының бірқатар мазмұнын қайта қарауға әкеледі. XV ЮНЕСКО-ның басты конференциясында білім беру дегеніміз – әлеуметтік көлеміне келген және дербес жетілген тұлғаның қабілеттері мен мінез-құлықтарын жетілдірудің нәтижесі мен үдерісі деп есептеу қабылданады. Бұл анықтамаға басқа білім беру тұлға мен қоғамның мүддесіне байланысты жүргізілетін педагогикалық ұйымдастырылған әлеуметтендіру үдерісі деген анықтамада қайшы келмейді [4].

«Білім беру» ұғымына берілген анықтамалар педагогикалық технологиялар егер олар білім берудің мақсаттарына-біртұтас педагогикалық үдерістегі тұтас тұлғаның қалыптасуына қызмет еткен жағдайда анықталатындығын көрсетеді. Демек педагогикалық технология егер ол «оқытушылар – студенттер» жүйесінің ерекшелігіне оның жағдайының өзгеруі біртұтас педагогикалық процесс болатындығына негізделе отырып жасалған болса [5].

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие үдерістерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды. Бірақ бұл анықтамадағы көрсетілген бір-бірімен тәуелсіз және дербес өмір сүруін оқыту және тәрбие үдерістері болады деген оймен келісу қиын. Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым, және ол біртұтас педагогикалық үдеріспен байланысты (Ильин В.С.).

Демек педагогикалық технология да осы педагогикалық үдерістің басты белгісіне сәйкес болуы керек.

Педагогикалық технологияда берілген басқа да анықтама бар, ол: оқыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада (В.П. Беспалько), педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту үдерісін ұйымдастырумен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің моделі (В.М. Монахов), барлық сабақ беру үдерісін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техника, адам және олардың өзара әрекеттерін ескеру (ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындылау (Г.К. Селевко). В.Н. Бордовская мен А.А. Реанның көрсетуінше білім беру технологиялары дегеніміз бұл білім беру үдерісіндегі оқытушылар мен студенттердің жүйелілік іс-әрекеттеріне, ол мақсат пен мазмұн әдістерін ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақтылы идея негізінде жасалынады.

Г.М. Құсайыновтың есебінде педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол оқытушының жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру үдерісі емес, ол кәсіби оқытушының басшылығымен студенттердің өзінің және өзара оқыту үдерісі, ол білім берудің мазмұны, оқу жоспары мен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін менгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

В.А. Слостенин бойынша педагогикалық технология деген – ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету. Педагогикалық үдерістің, белгілі бір принциптердің жүйесі негізінде жасалатындықтан, педагогикалық технология сол принциптерді сыртқы және ішкі іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастырылуы олардың объективтік өзара байланысындағы ұстаз тұлғасының тұтасымен көрінетін бірізді жүзеге асыруға бағытталған. Міне, педагогикалық технологияның сабақ беру мен тәрбие жұмысының әдістемесінен айырмашылығы, өзгешелігі осыдан тұрады. Егер «әдістеме» деген ұғым оқыту мен тәрбиелеу әдістерін оны жүзеге асырушы әрекетінен тыс тұтас кешенді қолдану процедурасын көрсетсе, онда педагогикалық технология оған ұстаз тұлғасының барлық жақтарымен, көптеген көріністерімен қосылуын ұйғарады. Сірә осыдан, қандайда болмасын педагогикалық міндет тек қана оған сай кәсіби маман ұстаздың жүзеге асыратын технологиялар көмегімен тиімді шешілуі мүмкін.

Жұмағұлова Р.Қ. - 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Нұрғожина Ш.И.ф.ғ.д., профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ Шетел тілі: екі шетел тілі

Андатпа.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Жаһандану үдерісі, жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар және мемлекетіміздің экономикалық деңгейінің өсуі шет тілін оқытуды одан әрі жетілдіру мен жеделдетуді талап етеді. Бүгінгі таңда еліміздегі білім берудің мазмұны жаңартылып, оған қоса оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиясы енгізіліп, осыған орай білім беру сапасын көтеру қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазір шетел тілін оқыту әдістемесінің деңгейі өте жоғары. Шетел тілін оқытудағы негізгі мақсат – шетел тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игере білу. Білім беру саласының барлық бағыттарында жаңаша көзқарас, яғни жаңаша базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жаңаша жан-жақты жетілдіру, жаңа буын оқулықтары мен әдістемелік кешендерге көшу тағы басқа жүйелілікпен қарастырылып, қалыптасуда. Шетел тілдерін оқытудың қазіргі амалы ретінде құзіреттілікке бағытталған оқыту технологиясы шетел тілі коммуникативтік біліктілігінің барлық компоненттерінің жемісті дамуын және оның нәтижесі ретінде коммуникативтік құзіреттілік қалыптасуын қамтамасыз етеді [1].

Тірек сөздер: шеттілдік білім беру, құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, мәдениетаралық қатысым субъектісі, білім беру жүйесі.

Ключевые слова: иноязычное образование, субъект межкультурной коммуникации, компетенция, образовательная система, коммуникативная компетенция.

Keywords: foreign language education, intercultural communication, educational system, education competences, communicative competence.

Қазіргі таңда шетел тілін тілдік жоғарғы оқу орындарында оқыту мақсаттары өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы зерттеу жетістіктеріне сай елеулі өзгерістерге ие. Осы өзгерістерге сай шетел тілін белгілі бір мақсатқа сай оқыту, яғни студенттердің белгілі бір құзіреттілікті қалыптастыруына негізделіп оқыту тиімді болып отыр, және де шетел тілін

оқытудың жаңа парадигмасы аясында, яғни шеттілдік білім беруде ЖОО студенттерінің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру алдыңғы мақсаттардың және міндеттердің бірі болып тұр. Себебі, шеттілдік білім берудің соңғы нәтижесі – мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы білім беру мақсаты мен мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады. Заманауи білім жүйесіндегі өзгерістер мұғалімдердің кәсіби біліктілігін яғни құзіреттілігін көтеруді талап етеді. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның, ұжымның және мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сай, әлеуметтік ортаға бейімделуге қабілетті, жұмыс әрекетіне дайын, өз бетінше білім ала алатын және жетілдіруге қабілетті, өз елінің жан-жақты дамыған жеке тұлғасын дайындау. Тек еркін ойлап, өз іс әрекетін болжап және оқыту барысын үлгілей алатын мұғалім өзі білгілеген мақсаттарының кепілгері бола алады. Сондықтан да қазір білікті, шығармашыл, бәсекеге қабілетті және серпінді өзгеріп жатқан заманға сай жеке тұлға қалыптастырушы мұғалімдерге сұраныс бірден өсті [11]. Осыған орай еліміздің 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсаты әсіресе шетел тілі студенттерінің құзіреттіліктеріне жете мән беруді талап етеді.

Алдымен «құзіреттілік» терминіне тоқталар болсақ, Н.Хомский шамамен XX ғасырдың ортасында тіл ғылымында енгізген болатын. Оның семантикалық мағынасына келер болсақ «тілді қолдану» дегенді білдіреді. Мұнда тілді меңгеруші оқып отырған тілде тек сөйлеп қана қоймай, сол тілде ойлай да үйренуді мақсат тұтады. Себебі оқушы тілді тек лингвистикалық дәрежеде білуі оның толыққанды шетел тілінде қатысымға түсе алмауына әкеледі, сондықтан да ол тілдік білімімен қатар психологиялық, социологиялық және дидактикалық қасиеттерін де меңгеруі тиіс деп баяндайды [3].

Шетел тілін меңгеруде құзіреттілік терминінің мағынасы жалпақ, яғни ол лингвистикалық немесе грамматикалық құзіреттілік, дискурстік құзіреттілік, социолингвистикалық және мәтіндік құзіреттіліктерден тұрады. Аталмыш құзіреттіліктің оқытуда қолданылу нәтижесі тілді үйренумен қатар оны қолданыс аясына сай терең ұғынып, мағыналы қатысым құрастыру. Тілді меңгеруде құзіреттіліктерді қалыптастыру мақсатын тілдің арнайы әзірленген, шынайы мақсатталған практикалық сабақтарда қолданылуы өте тиімді болады [4]. Тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда ғалымдар негізгі 4 құзіреттілік топтарына бөліп қарастырады. Бұл төрт негізгі құзіреттіліктердің субқұзіреттіліктері тілді үйренудің дәрежелерімен тұспа-тұс келетінін

түсіндіреді. Әр топ тілдік құзіреттіліктің қалыптастырудың белгілі бір аспектісі негізінде құрастырылғын.

Тілдік құзіреттіліктерді қалыптастыру негізінде оқыту тілдік бірліктер орнына олардың белгілі бір мәнмәтінде мағыналы да толыққанды қолданысын практикалық сабақтар кезінде үйретуді көзделеді. Нақты тапсырмалар студенттердің қызығушылығына, қажеттіліктеріне және жас ерекшеліктеріне байланысты таңдалады. Түсіндірілген жаңа сөздік, грамматикалық тақырып немесе мәтін формалары жеке жеке емес, бірыңғай қолданысымен бағалануы тиіс.

Жоғарыда айтылған «құзіреттілік» термині мағынасы мен қазіргі заман талабына сай маман даярлау ЖОО-да коммуникативтік құзіреттілігі негізінде бағаланады десек те болады. Себебі шеттілдік білім беру жүйесі коммуникативтік тұрғыда негізделген және де шетел тілін меңгеру дәрежесін анықтауда негізгі критерийдің бірі деп алынады [5]. Ол шетел тілі студентінің шеттілдік мәдени құндылықтарды ескере отырып кәсіби мәселелерді шешу қабілетін сипаттайды. Шеттілдік білім берудің сапасы – ол болашақ мамандардың өзіндік дамыту, заман талабы мен шеттілдік заңдылықтарға сай қатысымын толыққанды орындай алуы. Біз қарастырып отырған коммуникативтік құзіреттілік студенттердің тек когнитивтік немесе өзін өзі ұстауын емес, сонымен қатар адамгершілік және ұлттық ұстанымдарының, оның әлеуметтік құндылықтары мен құқықтарының өзінің ішкі әлеміне бағдарланған талпыныстарын білдіреді.

Коммуникативтік құзіреттілік көпәспекттілі болып келеді. Оның құрамдас бөліктері келесі аспектілерден тұрады [2]:

- Тілді түрлі мақсаттар мен қолданыс мақсатын жайлы мағлұматты білу;
- Тілдің белгілі коммуникативтік жағдайларда өзгеру ерекшеліктерін білу;
- Түрлі тақырып аясында түрлі форматтағы мәнмәтінді түсіне білу;
- Қатысымды шектеулі лексикалық немесе грамматикалық қабілетке қарамастан жалғастыра алу.

Шеттілдік білім беру үрдісінде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда мұғалімнің рөлі:

- Көмекші;
- Дос;
- Ақылшы.

Негізінен топпен оқыту маңызды болып табылады. Сабақ барысында оқушы мен мұғалімнің міндеті – бір– бірімен қатысымға түсіп отырып үйрену, демек индивидуалдық оқытудан алшақтап, жоба немесе тапсырмаларды топ болып ақылдаса отырып, орындау. Мұнда оқушы мұғалімге қарағанда негізінен құрбыларымен жұмыс істейді.

Коммуникативтік әдісті шетел тілін оқытуда қолданылғанда негізінен келесі тапсырмалар мен жаттығулар қолданыс табады:

- Жобалар;
- Коммуникативті ойындар;
- Коммуникативті жаттығулар;
- Рөлдік ойындар;
- Дискуссия мен диспуттар.

Осы аталған жаттығулар мен тапсырмалар арқылы студенттердің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру белгіленген принциптерді ескере отырып құрастыру керек, тек соңғы нәтижеге бағытталған, жоспарланған оқыту процесі негізінде ғана студенттердің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға болады. Принциптерді заңдылық мағынасымен қарастырсақ, ал заңдылықтар белгілі бір аяда ғана қолданыла алатындықтан біз тек шеттілдік білім беру аясындағы коммуникативтің құзіреттіліктің сөйлеп ұғынудың белсенділігін арттырудың әдістемелік заңдылықтарға тоқталамыз [2]. Бұл принцип, яғни *тілдік ойлау принципі* келесі бес аспектен құралады:

- Тілдік практика қатысымға түсу құралы ретінде: аталмыш аспект студенттің сабақ барысында шетел тілін практикалық қолданысы негізінде үйренуін меңзейді, яғни мұғалімнің кезкелген жұмысты орындаудағы нұсқаулары да шетел тілінде жүргізілсе студенттің ойлау белсендігі сабақ бойы шетел тілінде жүзеге асады. Алайда бұл тек грамматикалық тақырыптардағы теориялық нұсқауларға тиімді, сөйлеу немесе дыбыстау сияқты басқа аяларға тиімді емес. Қорыта айтсақ, коммуникативті құзіреттілікті қалыптастырудың ең алғашқы және негізгі принципі студенттердің сабақты ұдайы шетел тілінде ойлап ұғынуы болып табылады.
- Жаттығулардың сөйлеуге бағытталуы. Оқушылардың практикалық жұмыстармен ғана оқыту олардың ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыта бермейді, сондықтан да дыбыстау жаттығуларына қарағанда шынайы тапсырма, яғни студенттің өзі құрастыруы арқылы жүзеге асатын жағдаяттар негізінде оқу үрдісін жоспарлау өте тиімді болады. Сөйлеу тапсырмалары шынайы, мысалы жаттығулардың сөйлеуге уәждемесі негізінде. Мұнда сөйлеуге арналған тапсырма ойлау жүйесін де қамтуы керек.
- Ойлап сөйлеу белсенділігі. Мұнда белсенділік тек физикалық тұрғыда немесе субъективті емес, студенттің қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсуі. Демек бұл жаңғырту белсенділігі. Айтар болсақ, мұнда студенттің құрбысымен қатысым барысында кейбір ақпараттарды жаңғыртуы немесе түзеуі арқылы жүзеге асады. Сондықтан мұнда сыртқы белсенділік пен сыртқы белсенділік деп қарастырсақ болады. Сонымен, студенттердің ойлап сөйлеу белсенділігін коммуникативтік тапсырмалар көмегімен арттырып отыру қажет.

- Материалдың коммуникативтік құндылығы. Бұл материал шынайы қатысым аясында қолданысқа ие болуы тиіс. Материалдың тілдік немесе қатысымдық құндылығы қаншалықты жоғары болса оның қарым қатынас жасауға қолдану мүмкіндігі соншалықты болады [6]. Тілдік немесе қатысымға бағытталған материалдың қарым қатынасқа түсу үшін тиімді болуы үшін, яғни қарым қатынастың мазмұндық құндылығын дұрыс ұйымдастыру үшін келесі үш факторға көңіл бөлу керек:

- Қатысым жоспарланған нақты белгіленген ая;
- Оқытылып отырған студенттердің оқу аясы;
- Оқушылардың жас ерекшеліктері.

Бұл принципте ең маңызды айта кететін жай ол сөйлеуге коммуникативтік қатысым негізінде үйрету белгілі бір оқыту аясы мен оқушылар дәрежесіне сай әр фразаның қолданысы коммуникативті құнды ойлау қабілетімен бірге меңгерілуі.

- Дәрістің қатысымдық сипаты. Принципті жүзеге асыруда соңғы орындалуы қажет нәрсе ол сабақтың қатысымдық сипатта ұйымдастырылуы. Оны ұйымдасуы үшін:

- Қатысымдық мақсаты болуы керек;
- Сабақты ұйымдастырудың сәйкес болуы керек;
- Мұғалімнің қатысымдық және қатысымдық емес әрекеттері болуы керек.

Келесі принцип оқыту үрдісінің *жеке тұлғаға бағытталуы*. Бұл әдістеме аясында жаңа болса да кеңінен тараған оқыту принциптерінің бірі. Мұнда зерттеушілердің жұмыстарына сүйенсек (И.И.Резвицкий, Б.Г.Ананьев) адамның жеке тұлғалық ерекшеліктері оның өмірінің негізгі үш аспектісінен құралған біртұтас жүйе: индивид ретінде, субъект ретінде және тұлға ретінде. Яғни жеке тұлғаға бағыттала оқытуда адамның осы үш аспектісін алдыңғы орынға қою керек. Шетел тілін оқыту барысында оқушының жеке қасиеттері мен оның тұлғалық дамуна көздеме оқыту оның кейінгі тұлғалық дамуына, әрі қарай жеке өз бетінше тілдік білімін дамытуға себепкер бола алады.

Айта кетілуі маңызды келесі принцип – *функционалдылық принципі*. Негізінен бұл принцип Ресей әдістемесінде А.П.Старков ойластырған болатын. Оның ережесіне сүйенер болсақ, функционалдылық принципі оқу барысындағы оқытушы мен оқшының нысаны және оқу үрдісінің формасы мен мазмұнын анықтайды [7]. Оны ауызша немесе жазбаша қатысым үрдісінде негізгі қызмет ететін қарым қатынас элементтерін меңгеру арқылы құрастыруға болады. Аталмыш принципті жүзеге асыру үшін келесі аспектітерін ескеру қажет:

- ✓ Қатысым материалын үлгіленуі мен функционалдылығы;
- ✓ Сөйлеуді үйретуге арналған тілдік бірліктердің функционалдылығы;
- ✓ Материалды таңдау мен ұйымдастыруының функционалдылығы;

- ✓ Тілдік бірліктер функциясы мен қабілеттіліктердің біртұтас дамуы;
- ✓ Сөйлеудің функционалды біртұтастығы;
- ✓ Функционалдылық пен когнитивтіліктің қатар болуы.

Жағдаяттық принципі дегеніміз шетел тілін оқытуды ұйымдастыру жағдаяттар негізінде және солардың көмегімен жүзеге асады дегенді білдіреді. Жағдаят дегеніміз қарым қатынасқа түсушілердің сол әрекеттегі формасы, негізі болып табылады [8]. Сондықтан да жағдаятқа тән ерекшеліктер оның мазмұндылығы, эвристилігі, деңгейлілігі мен анықталған құрылымы болады. В.А.Артемовтың айтуынша барлық тілдік қатысымдар білгілі бір жағдаятта жүзеге асады. Жағдаятты тілдік материалды ұйымдастырудың негізі деп қарастыру керек және де ол негізгі тілдік қабілеттіліктерді біртұтас дамытуға көзделініп ұйымдастырылғаны дұрыс болады.

Жаңашылдық принципі оқу үрдісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бұл принциптің пайда болуына аз уақыт болса да жалпыға ортақ мойындатылғаны бар. Жаңашылдыққа тілдік қолданыстың формасы, сөйлеудің мазмұны, оқыту әдісі, оқыту жағдайы, оқыту мазмұныны қатысты болады. Жаңа әдістерді сабақта қолдану сөйлеу әрекетінің немесе коммуникацияның продуктивті болатынына кепілдік береді [10]. Себебі жаңалық үйретілген нәрсенің репродукция әдісі ретінде қолданылып, оқушының есін шетел тілінде ойлауын қамтамасыз етеді. Оған қоса, жаңашылдық қызығушылық негізі болып табылады.

Қорыта келе, шетел тілін оқытудың бірыңғай тұжырымдамасын күзiреттiлiк ((компетенция) *competentis* латын тілінде – қабілетті) жолымен қарастыру қажет. Күзiреттiлiк терминiн ғылымға алғаш рет Н. Хомский енгізген. Оны адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға қабілеттілігін көрсету үшін қолданды. Әсіресе, жоғары оқу орындарда коммуникативті бағытта білім беру маман иелерінің әр аяда шетел тілін жетік меңгеріп, мағыналы да мазмұнды қарым қатынас орнатуға кепілдік береді. Коммуникативтік күзiреттiлiктi қалыптастыру өз кезегінде болашақ мұғалімдердің шетел тілі қабілеттерін ғана дамытып қоймай, оның тілді меңгеруде белсенділік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Яғни шеттілдік коммуникативтік қатысым субъектісі толықтай қалыптасуына ықпал етеді.

1. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы Жарлығы.
2. Пассов Е.И. коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1991. – 47-50 бб.
3. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения ИЯ. // Иностранные языки в школе, №4, 2000

4. Павловская И.Ю. Методика преподавания иностранных языков: Обзор современных методик преподавания – 2-е изд., Санкт-Петербург. 2003
5. Щукин, А. Н. Методика преподавания русского языка как иностранного: учеб. пособие для вузов / А.Н. Щукин. – М.: Высш. шк., 2003. – 332 б.
6. Обучение русскому языку в школе: учеб. пособие для студентов педагогических вузов / Е.А. Быстрова, С.И. Львова, В.И. Капинос и др.; под ред. Е.А. Быстровой. – М.: Дрофа, 2004. – 237 б.
7. Литневская, Е. И., Багрянцева, В. А. Методика преподавания русского языка в средней школе: Учеб. пособие для студентов высших учебных заведений / Под ред. Е. И. Литневской. – М.: Академический проект, 2006. – 588 б.
8. Успенский, М. Б. Курс современного русского языка в педагогическом вузе: Учеб. пособие / М.Б. Успенский. – М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО "МОДЭК", 2004. – 190 б.
9. Львов, М. Р. Словарь-справочник по методике преподавания русского языка: Пособие для студентов педагогических вузов и колледжей / М.Р. Львов. – М.: Издательский центр "Академия"; Высшая школа, 1999. – 272 б.
10. Антонова, Е.С. Методика преподавания русского языка: коммуникативно-деятельностный подход: учебное пособие / Е.С. Антонова. – М.: КНОРУС, 2007. – 460 б.
11. Гальскова, Н.Д., Гез, Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. заведений / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр "Академия", 2006. – 336 б.

Резюме

В Законе Республики Казахстан «О языке», где главной задачей образовательной системы является – делать все возможные условия для формулирования индивидуального человека и для профессиональной подготовки специалиста на основе ценностей нации и человечества, достижения науки и практики; внесение новых информационных технологии в образовательную систему; и его информатизация и эффективное использование международных глобальных сетей. На сегодняшний день в условиях глобализации в нашей стране в образовательную систему внедрились новые методы и технологии обучения и в связи с этим появились новые учебные материалы и методические пособия для преподавателей через которых можно будет улучшить качество образования. Методика обучения иностранных языков сейчас находится на высшем уровне. Основная цель обучения иностранных языков – осваивать язык на свободном уровне, а также формировать коммуникативную деятельность. Использование компетентностного подхода при обучении иностранному языку, в особенности формирование коммуникативной компетенции обеспечивает формирования субъекта межкультурной коммуникации [1].

Resume

The main purpose of educational system of the Republic of Kazakhstan «About languages» is to do all the conditions for the formulation of individual rights and for the training of specialists on the basis of the values of the nation and of humanity, science and practice, the introduction of new technologies into the educational system, and computerization, the effective usage of the international global networks. Today in our country the educational system introduces new methods and techniques of training, in this regard, there is a need to improve the

quality of education. Methods of teaching foreign languages are now at the highest level. The main purpose of learning foreign languages is to develop level of target speakers, also form communicative skills. The use of competence based education and especially the formation of communicative competence of the learners enables the formation of subject of intercultural communication which is the final purpose of foreign language education [1].

УДК:82;316,3

БІРІНШІ АЗАМАТТЫҚ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТИ

Сайдахмет Элдар., Гүлиза Багдулл 2-курс магистранттары қытай әдебиеті мамандығы, Қытай, Шин Жияң университеті, eldar_eldar@inbox.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада 1917-1927 жылдардағы Қытай қазіргі заман әдебиеті жан-жақты талданады. Бұнда 1917 жылы қаңтарда, 胡适 «新青年» “Жаңа жастар” баспасында “әдеби реформа толқыны” жайында өз статьясын басып шығарды. 胡适 –ның ұсынысы бойынша “сегіз іс” қозғалды, бұл: «须言之有物» “тек керекті тілді істету”, «不模仿古人» “ежелгі адамдарға еліктемеу”, «须讲求文法» “әдеби нормаға көңіл бөлу”, «不做无病之呻吟» “ауырусыз ыңкылдамау, жоқ нәрсеге байбалам салмау”, «务去滥调套语» “ізетті сөзді мағынасында қолдану”, «不用典» “ежелгі өлген сөздерді қолданбау”, «不讲对仗» “антитезисті түсіндірмеу”, «不避俗字俗语» “мәтел мен иероглифті ашып түсіндіру” қатарлы реформа ұсынады. Оның Шығармашылық мазмұны екі жақтық форманы қамтиды, бірақ әр кезде әдеби тіл формасының реформасын айқын атап көрсетеді. Сол жылы қазанда 除独秀 өзінің “әдеби реформасының теориясы” жазды, негізгі ұсынысы, әдеби реформаның үш үлкен мәнін айқындау болды.

Тірек сөздер: аристократиялық, большевизм, буржуазия, анти-империалистік, интеллектуалдық, жаңа мәдени қозғалыс, әдеби зерттеу ұйымы, антифеодализм, тіл формасы, мәдени революция.

Ключевые слова: большевизм аристократия, буржуазия, антиимпериалистического движения в интеллектуальной, культурной, литературной организации научно-исследовательской, anti-feodalizm, форма языка и культурной революции.

Key words: bolshevism aristocracy, the bourgeoisie, the anti-imperialist movement of the intellectual, cultural, literary research organization, anti-feodalizm, a form of language and cultural revolution.

Әдебиет өркениет пен мәдениетті білу үшін ғана жазылмайды. Ол бүгінгі шындықты дұрыс түсінуге негіз қалайды, ертеңге болжам құруға қызмет етеді. 1917-1927 жылдарғы Қытайдың қара халқының тағдыры мен тәжірибесі, интеллектуалдық әлеуеті мен көп жылдық мәдениетіндегі жан-жақтылықты дөп басып тануға мүмкіндік береді. Қытайдағы мәдени революциямен қатар жаңа әдебиет дүниеге келді. 1919 жылы «4 мамыр» антиимпериалистік және антифеодалдық қозғалысы дамыған Қытай интеллигенциясының ұмтылыстарын өмірге келтіруге көмектесті. Олар

езгідегі Отандарына көмектесетін және қоғам өмірін бейнелей алатын әдебиетті аңсаған болатын. [4, 36-41б]

1917-1927 жылдардағы Қытай қазіргі заман әдебиетінің ілгерілеуі, интеллектуалдық қауымға тікелей және жанама әсерін тигізді.

Интеллектуалдық әлеуеттің қозғаушы және жасақтаушы белсенділер қауымы, оның ішінде ең бастысы жазушылар мен оқығандар екені анық. Осы жылдары Лу Шүн революция жайындағы көзқарасын, гуманисттік дәстүрдегі бағытын назарға ұстай отырып, "4 мамыр қозғалыс" әдебиеті жайында шығармалар жазды. Адамдардың бірігуін талап ететін бұл күрес бір мақсатты көздеген және Қытай әдеби – тарихында өзінің терең ізін қалдырды. Бірінші азаматтық соғыс кезеңінде пайда болған реалисттік әдебиет көптеген жазушылардың және халықтың көзқарасын өзгертті. Сол кезде табиғат жайлы емес нағыз шынайы өмір жайлы жазылған әдебиет пайда болды. Көптеген классиктер өз шығармаларында байлардың қара халықты қанағаны, паракорлық пен зорлық-зомбылық жайлы жаза бастады. Сөйтіп, қара халықтың көзін ашты.

1921 жылы жазушы Мао Дүн «- «小说月报» журналында былай жазған: «Әдебиет қазір өзінше бір ғылым. Оның зерттеу объектісі - адам өмірі, зерттеу құралдары - өлеңдер, пьесалар, әңгімелер және романдар ». Осы сөздер, сол кез жазушыларының өнерге деген көзқарастарын білдірді.

1919 жылғы "4 мамыр" қозғалысы мен бірінші азаматтық күрес тек қытай халқына ғана емес, басқа елдердің де көз-қарасын өзгертіп, шығармашылық, ғылыми ізденістерге жаңа өріс ашты. Жаңа әдеби қозғалыс пен революциялық әдеби қозғалыс идеологиясы, ағартушылық қозғалыс идеологиясын бастады. 1915 жылы қыркүйекте «Жаңа жастар» атты журнал жарық көрді. Бұл жаңа мәдени қозғалысты бастайтын негізгі көрсеткіш. 除独秀、李大钊 тағы бақа жазушылар жаңа мәдени қозғалысты бастаушылардың бірі. Қозғалыстың негізгі мазмұны, демократиялық үгіт пен ғылыми идеология, феодалдық логика моральын сынау, ал ескі идеология бойынша оқыту үшін, конфуциді оқыту міндетті болған, бұл мүдде ақылға қонбайтын идеология. Кейін, жаңа мәдени қозғалыс бастаушылары кең жерді таныстырумен қатар, «4 мамыр қозғалысындағы» әдебиет өнер ағымындағы туындыларды аударды. “5-4”-дың түрлі саладағы ықпалы күшті болды, мемлекеттік тілге шынайы көмеген тигізді. 除独秀 Қытайдың мәдениеті мен өнеріне араласып, “бүгіннен басталған реалисттік бағытты идеологиялық көзқарасын” ұсынды, 李大钊-ның ойынша: “жаңа мәдениет енді туылуда, ол жаңа мәдениет үшін хабаршы керек”-деді. Бұл қоғам феодалдық мазмұндағы ескі әдебиетке, «文言» шығармасына қарсылығын білдірді. Бұдан басқа, әдебиеттің демократиялық дамуы шарасыз сипатқа ұшырады. [1,135-140б]

1917 жылы қаңтарда, 胡适 «新青年» “Жаңа жастар” баспасында "әдеби реформа толқыны" жайында өз статьясын басып шығарды. 胡适 –ның ұсынысы бойынша “сегіз іс” қозғалды, бұл: «须言之有物» “тек керекті тілді істету”, «不模仿古人» “ежелгі адамдарға еліктемеу”, «须讲求文法» “әдеби нормаға көңіл бөлу”, «不做无病之呻吟» “ауырусыз ыңқылдамау, жоқ нәрсеге байбалам салмау”, «务去滥调套语» “ізетті сөзді мағынасында қолдану”, «不用典» “ежелгі өлген сөздерді қолданбау”, «不讲对仗» “антитезисті түсіндірмеу”, «不避俗字俗语» “мәтел мен иероглифті ашып түсіндіру” қатарлы реформа ұсынады. Оның Шығармашылық мазмұны екі жақтық форманы қамтиды, бірақ әр кезде әдеби тіл формасының реформасын айқын атап көрсетеді. Сол жылы қазанда 除独秀 өзінің “әдеби реформасының теориясы” жазды, негізгі ұсынысы, әдеби реформаның үш үлкен мәнін айқындау: қашалған 阿腴-дің аристократиялық әдебиетін таратып, қол жеткізе алатын лирикалық, халықтық әдеби құрылымы ескі, аса қымбатты, классикалық әдебиетті жою, жаңа, анық, шынайы құрылысты, реалисттік әдебиетті жасау, көмескі, күрделі табиғаттық, көркемдік әдебиетті, халықтық кең тараған қоғамдық әдебиетті ұсынды. 除独秀 –дың ойынша, мазмұнымен екі жақтық ескі әдебиетке қарсы әдіс, бұдан басқа әдістерден ерекше, ол біркелкі емес әдеби реформаның басқармасы. 胡适、除独秀 –дың көтерілісі, 钱玄同、刘半农 тағы басқа адамдардың белсенді үндесуі мен әдеби революциялық негізгі мазмұны: шетел әдебиетін және шетел әдеби шығармаларының аудармасын жасау, 除独秀、李大钊、鲁迅、周作人、胡适、刘半农、沈雁冰 тағы басқа жазушылардың негізгі шығармалары айқындалды. [2,46-51б]

Ресейде туылған қазан революциясымен марксизм идеологиясы Қытайда таралған мәдениет идеологиясына аса үлкен, терең әсер етеді. 李大钊 бастапқы кезде “Франция Ресей төңкерісін салыстыруым”, “қарапайым халықтың жеңісі», “большевизмдік жеңісі”, “менің марксизмдік көзқарасым” және басып шығарған тағы басқа әдебиеттері арқылы, қазан революциясы мен марксизм идеологиясын қытайға таныстырады. 1918 жыл «Жаңа жастар» редакциясындағы 李大钊、钱玄同、刘半农、胡适、沈尹默、高一涵、周作人、鲁迅 тағы басқа жазушылар қозғалысқа қатысты. Сол жылдың мамыр айында «Жаңа жастардың» дерлік 白话-ні қолданады. Сол кезде жаңа мәдени қозғалыс «Жаңа жастар» орталығы ақырындап қалыптасты, коммунизм білімі, ұсақ

буржуазия білімі мен оның ішіндегі жан-жақты адамдар бір шептің сызығымен, мәдени революциялық қозғалыспен бірге құрылды.

Лу Шүннің «呐喊 жан айқай», «彷徨сергелдең» атты әңгімелер жинағы " сан түрлі адам өзімен бірге әртүрлі мүмкіндікті алып келеді" деген типтік әдісімен жазылған, романтикалық идеологияны реалисттік бағытта дамытады, таңбаланған идеология элементінің құрылымдық әдісі, барлық жағынан кеңеюі мен қатар, үлгі ретінде көрсетіледі. [5,16-216]

鲁迅 және тағы басқа жазушылар көптеген үздік шығармаларын басып шығарды, әр түрлі, бір-біріне ұқсамайтын ағымдарды қалыптастырды.

Әдеби зерттеу ұйымының орталықтанған негізгі сұрағы "Адам өмірі жайындағы ағым" романы. Бұл шығарма белгілі бір уақытта ағымның таралуына қатты әсер етті, сол ғасырдағы жазушылар

叶圣陶、许地山、冰心、王统照 тағы басқа жазушылардың құрғаны тек бір жүйе, "Мәдениет қоғамының құбылысын, адамдардың өміріндегі қиыншылықтармен байланыстылығын көрсету керек" , - деп есептеген.

叶圣陶 (绍钧) 1919 жылдан бастап 白话 мен романын жазды, оның «人生派» романының құрылымы, мәдени зерттеу қоғамының ерекше идеологиясын дамытады. Шығарманың көптеген бөліктері «灰色的人生» кішкентай ауылдар мен қалаларға, кішкентай елді мекен мен кішкентай білімге арнап жазылған шығарма. «潘先生在难中» " Фән мырза Нэн Жонда"

бұл екі тап тақырыбындағы романы кішіпейіл сипатта жазылған. 许地山

бүркеніш аты 落花生 бұл әдебиетті зерттеу ұйымының мүшесі, ерекше, көркем сипатта роман жазатын жазушы. 许地山 Тайванда туылған,

патриотты, интеллигентті отбасынан шыққан адам, бастапқы кезде адамдардың ізгі ниетіне ұмтылып, осы қоғамға өзін арнады. Кейін, Бирма, Малайзия тағы басқа жерлерде сабақ береді, сонымен бірге буддизмді, христиан діндерінің пайда болуына қатты қызығушылығын білдірді.

Сонымен қатар, сол уақытқа орай, романдарды басып шығарды, астарлау мен кара қоғам, ақиқатқа шабуыл жасап, адамдар арасындағы әділетсіздікті білдіретін терең сезім мен еркіндікке қол жеткізген, сол уақыттағы "Нирванаға жету" буддизм идеологиясымен әлемді тану, әлемдік фатализм көзқарасын зерттеді. Оның сол уақыттағы негізгі романы «тағдыр

құсы», «саудагер әйел» , «еңбекшіл өрмекші» тағы басқа, 王统照-дың ертедегі «爱» мен «美» романдары бойынша адамдар арасында тараған

рецепт жеткіліксіз (қате) деп есептеген, өнегелі туындылардың бірі «күлімсіреу», «ойға шому» тағы басқа. Қоғамның жасаған білімі анық

айқындала бастады, сол идеяны жүзеге асырған адамдардың бірі 王统照。

Оның «湖畔儿语»、«生与死的一行列»、 «沉船» тағы басқа шығармалары реалисттік бағытта бейнеленген, онда төменгі топтағы халықтың езгісі, бақытсыз өмірі мазмұндалады. 冰心-нің "проблематикалық" романында адамдарға көмегін тигізуге тырысады, қара түстес реализмді жартылай ғана ашады. Қара түстес реализмнің жартылай ақниеттілігін ашып көрсетеді, сол кезде жомарттық сезім пайда болады. 庐隐-нің «海滨故人» прозасы сол уақыттағы өнегелі туындының бірі. “5-4” кезеңіндегі шығармалар қоғамдағы реализмді анық бейнелейді. [4,43-51б]

Құрылған қоғамның негізгі лирикалық ағымы, бұл романтика – идеологиялық ағымның таралуына себебін тигізді. Бұл қоғамға кіретін өнегелі жазушылардың бірі郭沫若、郁达夫、张资平 тағы басқа郭沫若 оннан астам роман басып шығарды, оның ішінде жазушы өзінің «牧羊哀话» шығармасында анти-империалисттік көңіл-күйді білдірді; «漂流三部曲» тағы басқа шығармаларды жарыққа шығарды. Бұл шығармаларында жазушы жастардың жол таба алмай қиналғанын көрсетеді, олардың тұрмысы мен махаббатының қиыншылығы жайында мазмұндайды. Ол «沉沦» жинағы (1921 жылы), "Сұр түсті өлім", «南迁» үш романымен қамтылды, романдардың барлығы Жапониядағы жас шетел студенттерінің өмірлік сұрақтарына арналды, «青年忧郁病的解剖» повесті антиимпериалисттік, патриоттық идеологияны білдірді. 郁达夫 ертедегі роман құрудың идеясын көркем ерекшелеген ең үлгілі өкілдердің бірі. 郁达夫 Жапониядан отанына оралғаннан кейін, жаңа роман жаза бастады. 郁达夫 романдарының мінезі анық; «自叙传» сипаты жағынан жанры лирикаға толы, роман идеясы күрделі, қара түнектей қайғырған. 张资平 өзінің көптеген романдарында өмірдегі махаббат мәселесін оқырманға ұсынған, «她帐望着祖国的天野» әңгімесі, «梅岭之春» тағы басқа әңгімелері, төменгі топтағы әйелдер мәселесін қозғайды, қоғамдағы негізгі қозғаған сұрағы - антифеодализм тенденциясының патриоттық идеология болып табылады. 1922 жылы басылып шыққан «冲积斯化石» туындысы өзіндік салттық сипатта жазылған, қазіргі заман әдебиетіндегі бірінші роман. [3,66-71б]

«乡土文学» “Ауыл-қыстақ әдебиет” ағымы Лу Шүн(鲁迅) шығармаларына әсер еткен деуге болады. Өнегелі жазушылардың бірі 王鲁彦、许钦文、王任叔、许杰彭家煌。 Бұл жазушылар ауылдан шыққан, отанының жағдайын басқа жазушыларға қарағанда жақсы біледі, бұл 鲁迅-нің шығармаларында жақсы байқалады, онда ауыл халқының

қиыншылықтары, болашақта " Ауылдағы өмір мен өлім, туған жердің демі, қағаз бетіндегі қозғалыс " әр жердегі халықтың жағдайын суреттейтін шығарма, 鲁迅-нің «黄金»、 «菊英的出嫁» шығармалары 许钦文-ның «石言» шығармаларын жазған. 王任叔 -ның «疲惫者»,许杰-ның «惨雾», «赌徒吉顺»,、 彭家煌-ның «怂愚»、 «活鬼» тағы басқа шығармалары белгілі. Қытайдың қазіргі заманғы әдебиеті 白话тілінде шыққан, 白话романдардың бірі «狂人日记». Сонымен қатар, 1917 жылы ақпан айында 胡适 «新青年» газетінің екінші бөлімі, алтыншы нөмірінде «白话诗八首» шығармасын басып шығарылды. 胡适、沈尹默、刘半农 жазушылардың 1918 жылы баспаның төртінші бөлімі, бірінші нөмірінде, тоғызыншы жолда, 白话 өлеңдері басылып шықты. 白话өлеңінің нормасы ескі әдебиетте араңдатылып,胡适 白话өлеңін жазған жазушылардың бірі.

胡适、沈尹默、刘半农、刘大白 тағы басқа жазушылар жаңа өлең түрін жазуды бастаған. Олардың реалисттік идеологиямен құрастырған өлеңдері, кейінгі пайда болған өлең қозғалысына қатты әсер етті. 胡适-ның «尝试集» шығармасы Қытайдың қазіргі заманына сай өлең жинағы 1920 жылы наурыз айында басылып шығарылды. Өлеңдер жинағының мазмұны «5-4» заманының қажетіне сай тәуелсіздікті дамытатын белгілі бір деңгейдегі барлық формалардың жиынтығы. [4, 36-41б]

«威权»、 «一颗遭却的星»、 «乐观» тағы басқа өлеңдері феодалдық державаға қарсы, халық еркіндігі, әскери кастаны шабуылдайды, төңкеріс уақытын ашып көрсетіп, оңтайлы сарын, абсолютті жаңа әдісті қолданады; «黄克强先生哀辞» мемлекет үшін өзін құрбан еткен, белсенді топқа жататын революционер, ардақты адам. «人为车夫» жұмысшы таптың идеологиясына өз рақымшылығын білдіреді. Осы өлең жұмысшы таптың, белсенді халық идеологиясының қалпы мен ұмтылысына қарсы болғанымен, бірақ «5-4» қозғалысынан кейін, антифеодализмдік қарулар – “тәккаппарлы” деп есептейді. «尝试集» тіл формасына тиімді болуға тырысады, тек 白话-ны ғана қолданбай, табиғи буынды қолданады. Бірақ, ескі өлең жаңа, еркін өлең ізіне түседі, мысалы, 胡适 өзі айтқандай "Өткен уақыттағы қан иісі";沈尹默-ның «月夜» бірінші жолды 散文 өлеңі өнегелі, көрнекті шығарма; «三弦» шығармалары буынды, келісім мен көңіл-күйді ымдап, көптеген адамдардың мақтанышын туғызды. 刘半农жаңа өлеңінің формасы мен буыны, көптеген зерттеулерден өтеді, ол “Ескі идеологияны бұзып, жаңа идеологияны құру ”

мен “Поэтиканы күшейту” деген дәйексөздерді шығарған, бар күшімен халық әнін жинаған, 仿效江“Сазды қазан” атты жинағы халық әніне айналды. Оның алғашқы туындысы “Арадағы бір қағаз” үздік шығармасы 贫富-ның реалисттік қоғамға қарсылығын анық байқатып, басып шығарады. 刘大白-дың «田主来»、 «卖布谣» тағы басқа өлеңдерінде беделді және бай жер иеленушілердің тойымсыздығы, ашушаң және қатігездігі, халықтың қайғысы мен қасіреті жайында жазады, бейнеленген халықтың қайғысы мен мұны терең идеологияға ие. 刘大白 жаңа қарапайым халыққа арналған өлең жазуға бар күшін жұмсады. Оның көптеген өлеңдері ауыл жайында жазылған, ол өз шығармаларында анық реалисттік идеология тенденциясы бар, қарапайым халықтық форманы қолданған.

Го Мороның «女神 перизат» жыр жинағы 1921 жылы тамыз айында басып шығарылды. «女神» -ның негізгі идеологиясы ескіні құртып, жаңаны құру, бұл толығымен ескінің көзін жойды. Жоғарыда айтылған мазмұны мен қатты байланысқан «女神» патриотизм идеологиясының халықтық заңын терең айқындайды.

胡适-ның «尝试集» шығармасы жаңа рухқа толы, өлеңдері революциялық шындықтың жаңа әдісін білдіреді. [5,49-516]

1921 жылы қаңтарда 北京 қаласында 12 ақын, жазушы әдебиетті зерттеу қоғамын құрды. Жалпы 170 адам мүше болды. Қытай қоғамында жаңбырдан кейінгі жауқазындай қаптап кеткен әдеби туындылар, түрлі басылымдар жарық көрді. Қоғам ақыр аяғында буржуазиялық позицияны ұстанып, кейін олар “小说月报” атты айлық журнал ашты. Қоғамның декларациясы мен ережелері журналда басылып шығарылды. Қытайда жұмысшы таптың революциялық күресі пайда болған жағдайда, Қытай әдебиетінің мәні мен орны қандай болуы керектігін алға қойды.

1921 жылдың шілде айында ГоМоро Жапонияның Токио қаласын орталығы етіп, «Тапқырлау қоғамын» құрды. Мұнда бірге жұмыс жасаған 郁达夫, 成仿吾, т.б қатарлы ақын-жазушылар болды. Бұл қоғам шетелде оқып жатқан студенттерді қолдап, оларға шетелдік шығармаларды қытай тіліне аударуды тапсырды.

1923 жылы 徐志摩 бастаған ақындар «Жаңа ай қоғамы» әдеби қоғамын құрды. Бұл қоғамда «Жыр қанаты» деген тек ақындар жиналатын база болды. Демек, Қытай қоғамы 1919 жылдан кейін өте жақсы жұмыс жасады. Бүкіл Қытай халқын оятуға себепкер болды. Қытай қоғамында көптеген жетістіктер жеміс көрді. ҚКП құрылуымен әдебиет бүкіл халықтың көзін ашып, жаңа табыстарға қол жеткізді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. 曹万生主编, 中国人民大学出版社, 中国现代汉语文学史。2010.-756页
2. 浓乐主编, 中国现当代学 (下册) 北京: «高等教育出版社», 1986.-353页
3. 王自立主编, 中国现当代学 (下册) // 北京: «高等教育出版社», 2006.-180页
4. «Жаңа заман Қытай әдебиеті» «中国现当代文学», Н. Абдурақын. Алматы, «Қазақ университеті». 2013-217页
5. 袁行霈主编。中国文学史 // 北京: «高等教育出版社», -1988.-456页
6. 朱栋霖主编。中国现当代文学作品选, 北京: «高等教育出版社», -2004.-508页

Использование списка ссылок

1. Cao Wansheng Жэньминь университета Китая издательства китайской истории современного китайской литературы. 2010.-756
2. Концентрат редактор музыка, современный и Современные китайские исследования (книга) Пекин: «Высшее образование Пресс», 1986.-353
3. Ван Zili редактор современных китайских исследований (объем) @ Пекине: «Высшее образование Пресс», 2006-180 Page
4. «Жаңа заман Қытай әдебиеті» «Современная китайская литература», Н. Абдурақын. Алматы, «Қазақ университеті». 2013-217 Page
5. Юань Фэй линия редактор. История китайской литературы @ Пекине: «Высшее образование Пресс», -1988.-456
6. Чжу Donglin редактор. Избранные произведения современной китайской литературы, Пекин: «Высшее образование Пресс», -2004.-508

Using a list of references:

1. Cao Wansheng, Renmin University of China Publishing House, Chinese History of Modern Chinese Literature. 2010.-756
2. Concentrate music editor, Modern and Contemporary Chinese Studies (the book) Beijing: «Higher Education Press», 1986.-353
3. Wang Zili editor of Contemporary Chinese Studies (Volume) @ Beijing: «Higher Education Press», 2006-180 Page
4. «Жаңа заман Қытай әдебиеті» «Contemporary Chinese Literature», Н. Абдурақын. Алматы, «Қазақ университеті». 2013-217 Page
5. Yuan Fei line editor. History of Chinese Literature @ Beijing: «Higher Education Press», -1988.-456
6. Zhu Donglin editor. Selected Works of Contemporary Chinese Literature, Beijing: «Higher Education Press», -2004.-508

Резюме

В статье анализируется современная литература Китая в 1917-1927 гг. В этом случае, в январе 1917 года, 胡适 "新青年" "Новая Юность" издательство "литературный волна реформ" на статьях, опубликованных 胡适 по предложению в "Восемь", она заключается в следующем: "须言之有物" "запустить соответствующий язык", "不模仿古人" "Не подражать древних людей", "须讲求文法" "обратить внимание на литературной нормы", "不做无病之呻吟" "Там нет боли иñqildamaw, что не паниковать", "务去滥调套语" "уважительное отношение к смыслу слова", "不用典" "éjelgi использовать слова мертвых", "不讲对仗" "антитеза необъяснимые", "不避俗字 俗语" "и открытым толкование характера говорят "прогрессивной реформы. Творческий содержание включает в себя двустороннюю форму, но в любом случае ясно показывает, что реформы виде литературного языка. В том же году, в октябре 除独秀 "литературной теории реформы", писал он, было определить значение великого литературного предложения трех реформ.

Resume

This article analyzes the modern literature in China in 1917-1927. In this case, in January 1917, 胡适 "新青年" "New Youth" publishing house "literary wave of reform" on the articles published. 胡适 on the proposal of the "eight", it is this: "须言之有物" "run the appropriate language", "不模仿古人" "Do not imitate the ancient people", "须讲求文法" "pay attention to the literary norm", "不做无病之呻吟" "There is no pain iñqildamaw what not to panic", "务去滥调套语" "respectful of the meaning of the word", "不用典" "éjelgi to use the words of the dead", "不讲对仗" "the antithesis of unexplained", "不避俗字 俗语" "and open interpretation of the character saying "progressive reform. Creative content includes a two-sided form, but in any case clearly shows that the reform of the form of literary language. In the same year, in October 除独秀 "literary theory of the reform," he wrote, was to determine the value of the three great literary reform proposal.

ӘӨЖ:811.111:811.512.122'25

ШАРЛОТТА БРОНТЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Чажабаева Д. Д. *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистранты Шенгелбаева Н.Р. Филология ғалымдарының кандидаты, доцент*

Аңдатпа

Мақалада когнитивті метафораның түсініктемесі және Ш.Бронте «Джен Эйр» көркем шығармадағы функциональды ерекшеліктер қарастырылады. Бұл романдағы метафораларды аудару барысында метафораның сақталуы, метафора алмастырыуы және метафораның түсіп қалуы әдістері қолданылды. Аударманың адам қызметінің ең көне түрі екендігі даусыз. Аударма тілі басқа адамдардың бір – бірімен араласуына мүмкіндік

тудырып, аса маңызды элеуметтік қызмет атқарады. Аудармалардың таралуы адамдарға басқа халықтардың мәдениетімен, тұрмыс – тіршілігімен танысуына жол ашып, сол арқылы әлем әдебиеттері мен мәдениеттері араласып, баюына жағдай жасайды. Теңдесі жоқ Рудаки мен Омар Хаямның, Шекспир мен Гетенің, Эрнест Хемингуэй мен Шарлотта Бронте шығармалары аударманың арқасында ғана күллі адамзаттың игілігіне айналды.

Тірек сөздер: Метафора, ассоциативті ойлау, метафораның сақталуы, тілдік метафора, поэтикалық метафора.

Ключевые слова: Метафора, ассоциативное мышление, сохранение метафоры, языковая метафора, поэтическая метафора

Key words: Metaphor, associative thinking, preservation of a metaphor, language metaphor, poetic metaphor

Метафора адамдардың сөйлеу барысында өте маңызды рөл атқарады. Метафораны жасау немесе жасай алмау бұл ойлаушы және сөйлеуші адамды сипаттайтын критерийлердің бірі. Соның ішінде бастысы метафораның өзгеру қасиеті, яғни түпнұсқадағы метафоралардың аударма негізінде өзгеріске ұшырауы немесе сол қалпында қалу нәтижесі. Егер метафораны мағына ойыны ретінде қарастырсақ, ол (метафора) белгілі бір мағынаның көмегімен оған арналмаған басқа мағынаны жеткізеді. Бұл айтылған қасиет метафораның бір құбылыс арқылы басқа мағына білдіруі – адамның ассоциативті ойлауына негізделеді. Ассоциативті ойлау халықтың мәдени-тарихи өмірімен тығыз байланыста көрініс тауып, тілді қолданушылардың «ұжымдық есін», «мәдениет ескерткішін», «ұлт өмірінің айнасын» танытады. Сондықтан да ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы әр ұлттың өзіне ғана тән таным, ассоциативті-образды ойлау ерекшеліктерін айшықтауға бағытталған мәдени коннотацияның мәні айрықша. Метафора адамның терең ойлауының ерекшеліктеріне қатысты туындайды. Егер ойды басқалай, әдейі өзгертіп айтса, онда метафора қажет болғандықтан емес, онсыз болмайтындықтан пайда болады, ол адамның ойлау қабілеті мен тіліне тән деп айтуға болады. Ал ақындар “қажеттілікті ізгілікке” айналдыра отырып, өз шығармашылығында қолданып пайда табады [1].

Метафора суреттеп отырған затты немесе құбылысты ажарландыра түсуге, олардың өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап көрсетуге негізделген троптың түрі. Акамедик З.Ахметов метафораға былай деп анықтама берген : «Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі» [2].

Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді:

а) тілдік (сөздік) метафора;

ә) поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора [3].

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораны жалпыхалықтық сипатына қарап *дәстүрлі метафора* деп де атайды. Дәстүрлі

метафоралық тәсіл бойынша қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздер ұқсату заңына сүйеніп, шыққан.

Дәстүрлі метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Дәстүрлі метафоралар сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте дәстүрлі метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күнгірттенеді. Дәстүрлі метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады.

Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күнгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Аталым жасаудағы метафораның басқа поэтикалық, бейнелілік метафорадан негізгі ерекшелігі де осында. Күрделі атауларда метафораның жұмсалуы, сөз мағыналарының ауысуы түрлі ауыспалы мағынаның өзегі болып табылады. Күрделі атаулардағы метафораның басты ерекшелігі – мағынаның екі жақты болуында.

Поэтикалық метафора – саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады. Ал тілдік метафора – тілдің табиғатына тән, лингвистиканың түрлі салаларымен – лексикология, семасиология, аталым теориясы т.б. тәрізді түрлерімен қатынасы барлығын ескере отырып, кешенді мәселелердің байланыстыра қарастырылуы бүгінгі лингвистиканың алдына қойған басты міндеттерінің бірі деп санауға болады [4].

Көркем шығарманы немесе әдебиетті аудару кезінде аудармашы бірқатар қиыншылықтарға тап болады. Көркем шығарма мәтіні экспрессивті немесе эмоциональді, эстетикалық ақпарат беретін құрал болғандықтан, оның оқырманға немесе тыңдарманға образды-эмоциональді әсер ететін ерекшелігі бар. Сол себепті, аударманың бұл түріне және көркем аударма жасаушыға қойылатын талаптар өте ауыр. Әдеби шығарманы аударғанда, әсіресе өлең жолдарын аударуда, оның ырғағы мен мағынасын бере отырып аудару керек. Аудармашы өмір шындығын көргенде оған түпнұсқа арқылы қарайды және автордың көзімен қарайды. Аудармашының алдына қойылатын үш түрлі талап бар. Біріншіден, ол шығармада бейнеленіп отырған өмір шындығын дәл беруі керек. Екіншіден, түпнұсқаның өзін айнытпай жеткізуі тиіс. Үшіншіден, ана тілінің заңды жүйесіне ешқандай нұқсан келтірмеуі тиіс.

XIX ғасырдағы ірі жазушылардың бірі, ағылшын әдебиетінің классигі Шарлотта Бронте (әдеби лақап аты Каррер Белл, ағылшынша Currer Bell). Шарлотта Бронтенің 1847 жылы «Джен Эйр» романының жарық көруі Англияның әдеби өміріндегі ірі оқиға болды. Шарлоттаның «Джен Эйр» романында мектептің өте суық та көңілсіз, күнгірт мектеп өмірі айқын суреттелген. Пансиондағы тамақтың аздығы, кара суық, персоналдардың

балаларға деген дәрежелікке толы мейірімсіз қарым-қатынасы көрсетілген. Осы Джен Эйр көркем шығармадағы қолданылған метафоралардың ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару тәсілдеріне көңіл аударсақ.

Түпнұсқа мен аударма мазмұндарының бірдей болуы мүмкін емес болғанымен де, түпнұсқаның мазмұнын барынша толық жеткізу аудармашының басты міндеті болып саналады [5].

Комиссаров В.Н. метафораны аударудағы метафоралық құрылымның үш негізгі түрін атап өтеді. Олар:

1. метафораның сақталуы (адекватты)
2. метафораның алмастырылуы
3. метафораның түсіп қалуы

Метафораның сақталуы – басқаша сөзбен айтқанда ең жоғарғы сатыда тұратын **адекватты аударма** деп айтуға болады. Барабар аудармада түпнұсқаның ерекшеліктері мен мазмұнын, оның тілдік пішінін аударма жасалатын тілдің құрылымын, стилін, лексикасы мен грамматикасын тілдің мінсіз дұрыстығымен үйлестіре отырып ескеру арқылы дұрыс, дәл және толық беру талап етіледі. Мысалы, ағылшын және қазақ тілдерінде *snow* ("қар") сөзінің мағынасында ақтықтың белгісі бар. Сол сияқты *stone* ("тас") "қаттылықты", *a day* ("күн") – бұл бірнәрсе "ашық" деген мағынада қолданылады [6]

Ал метафора аудармасының өмірде қолданылуын біз келесі мысалдардан көре аламыз.

1. *Mrs. Reed's hands still lay on her work inactive: her eye of ice continued to dwell freezingly on mine.*

Миссис Ридтің қолдары әлі де жұмысында бос жатты: оның суық көздері маған мұздай қадалды.

2. *The forest-dell, where Lowood lay, was the cradle of fog and fog bred pestilence; which, quickening with the quickening spring, crept into the Orphan.*

Ловуд жатқан орманның алқабы ұлы тұманның және тұман ауруларының тудыруының бөбегі. Және қазір сүзек індеті басталды; ол көктем келуімен таралып өсе бастадыда, біздің жетімдер панасына да келіп жетті.

Осы мәтін үзінділерінде, бірінші мысалда «*ice*» сөзі негізгі аудармасы «мұз» деген мағынаны білдіреді. Миссис Ридтің суық көздері арқылы қарым-қатынастың суығанын және ол адамға сенбейтіндігін білдірген. Ал екінші мысалда «*cradle*» сөзі негізгі аудармасы «бөбек» деген мағынаны білдіреді. Ол індетті орман алқабынан пайда болып, жетімдер панасына жеткен ұлы құбыжықпен салыстырған.

Метафораның алмастырылуы - метафоралы қолданған сөйлемдердің аудару барысында алмастырылуы, өзгеруі. *Leg-locker (curse)* (бұғау лағнеті) күрделі сөзі *leg* – «аяқ», *lock* – «бекіткіш, құлып» негіздерінен және –ег жұрнағынан жасалған. Аудару барысында алмастыру әдісі қолданылған. Себебі алмастырмай, тікелей аударса «*аяқ бекіткіш*» деп аударылады. Ал

қазақ тілінде «аяқ бекіткіш» сөзінің мағынасы жоқ, яғни лексикамызда ондай сөз кездеспейді. Сондықтан да алмастыру әдісін пайдаландық. Сол сияқты үлкен мықты деген мағынаны әр түрлі денотатты қолдану арқылы жеткізуге болады. Мысалға, *"He was are a horse"* - *"Ол нағыз бұқа болатын"*.

Толығырақ біз мынау мысалдардан байқап көруімізге болады.

1. *"He said something in praise of your eyes, didn't he? Blind puppy!"*.

"Ол бірнәрсе мақтау айтты сенің көзіне, солай ма? Соқыр қуыршақ".

Осы сөйлемдегі «puppy-күшік» деген сөздің орнына аударған кезде «қуыршақ» деген сөзбен алмастырылған.

Метафораның түсіп қалуы - метафоралы қолданған сөйлемдердің аудару барысында түсіп қалуы. Метафораның түсіп қалуы өте сирек кездеседі. Бірақ, білікті аудармашы метафоралық сөзді аудару барысында лайықты сөз табылмаған жағдайдың өзінде метафораның алмастыру әдісін қолдану арқылы барынша мағынаны сақтағысы келеді. Ондай лайық лексикасы табылмаса, сол кезде түсіп қалу әдісін қолданады. Мысалы:

1. *Her constitution was sound as a Bell-illness never came near her.*

Оның дене бітімі мықты, және денсаулығы мықты, ол ауру дегеннің не екенін білмеді.

Метафора кейіптеу болып табылады. Аудармашы аударған кезде метафораны түсіріп, оның орнына бейнелеу сөзді қолданған. Мен өз аудармамды ұсынам: *"Оның дене бітімі мықты болғандықтан, ауру оған жақын жоламайтын"*.

2. *A lady sang, and very sweet her notes -were.*

Бір ханым өлең айтты, және өлең айтқаны көңіл аударып тыңдайтындай болды.

Көркем метафора. Аударма барысында метафора сөзді түсіріп, оның орнына бейнелеуіш сөзді қолданған.

Сонымен, қорыта келгенде осы жұмыс барысында метафора көркем шығарма жазу барысында маңызды рөл атқарып қана қоймай, оның ажырамас бөлігі екені анықталды. Шарлотта Бронтенің шығармашылығын қарастыра отырып, «Джен Эйр» шығармасынан метафораларды аудару мәселесі қарастырылды. Метафораларды аудару барысында адекватты және түсіп қалу, алмастыру сияқты аударманың әдіс-тәсілдері қолданылды.

1. Гак В.Н. Метафора универсальное и специфическое // Метафора в языке и тексте. – Москва: Наука, 1988.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996
3. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен таралуы. Фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1963.
4. Қасым Б. Сөзжасам: семантика уәждеме. – Алматы, 2003.
5. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. - М., 1983.
6. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. - М, 1973.
7. Бронте Ш. "Джен Эйр" - М., 1990.

8. Bronte Ch. Jane Eyre. - М., 1996.

Резюме

В статье рассматриваются понятия метафоры и особенностям ее функционирования в романе Ш. Бронте «Джен Эйр». На примере перевода этого произведения рассматриваются такие явления, как сохранение метафоры, замена метафоры и ее опущение.

Resume

The article considers the study of metaphor and its particular functioning in the novel "Jane Eyre" by Charlotte Bronte. In the example of translation of this text shows us such phenomena as transferring the metaphor, its substitution and its omission.

УДК811.111.25

АНАЛИЗ ПЕРЕВОДА В ПРАГМАТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ

Затонская Татьяна Михайловна

Магистрант 2 курса специальности 6М020700 «Переводческое дело»

*Научный руководитель: к.ф.н., доцент **Кемелбекова З.А.** Институт
полиязычного образования КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан*

tdeltsova@mail.ru

Аннотация

Данная статья анализирует проблемы перевода «чужих реалий», способы прагматической адаптации текста, связанные с межкультурными различиями и разницей восприятия одной и той же информации разными людьми. Современная наука исходит из того, что носитель одного языка не может понять носителя другого языка не только потому, что они говорят, но и думают по-разному. Культура, менталитет, воспитание и образование влияют на мировоззрение и восприятие человека. В этой связи переводчику для полноценного осуществления своей деятельности необходимо обладать не только языковой, но так же социокультурной и коммуникативной компетенциями, чтобы быть способным передать реалии «чужой культуры» и сделать их понятными на переводимом языке[1].

Ключевые слова: межкультурные различия, «чужие реалии», восприятие текста, прагматический потенциал, прагматическая адаптация, дополнительная информация.

Key words: cross-cultural differences, realia, culture-specific concept, the perception of the text, pragmatic potential, pragmatic adaptation, extra information.

Тірек сөздер: мәдениетаралық айырмашылықтар, мәліметті қабылдау, «бөгде реалийлер», прагматикалық бейімделу, қосымша ақпарат.

Как же преодолеть эти культурные различия? Эксплицирование или иначе - введение в перевод дополнительной информации - один из основных приемов прагматической адаптации текста, который позволяет расшифровывать смысл «чужой» реалии. Другой прием, наоборот - опустить

несущественные детали, чтобы не затруднять восприятие текста. Приемы лексической и грамматической трансформации, замены одних частей речи и целых конструкций на другие - это неполный перечень возможностей, которые используют переводчики, чтобы сделать текст более понятным и легким для восприятия его своими реципиентами. Попробуем проследить это на конкретных примерах, взятых нами из статьи Элизабет Гарроу <The secrets to staying employed>, которая была опубликована 30 марта 2015 года на сайте www.bbc.com [2]. Британская журналистка поделилась с читателями BBC Capital советами экспертов, как удержаться на рынке профессиональных услуг в условиях растущей конкуренции, оптимизации труда и быстро меняющихся технологий. Эта проблема является сегодня насущной как для англоязычной, так и для русскоязычной аудитории. Поэтому неудивительно, что 16 апреля 2015 года на сайте русской службы BBC был опубликован перевод этого материала под названием: «*Как не потерять работу – несколько простых правил*» [3].

В качестве прагматически маркированной единицы в первую очередь был выбран заголовок статьи. Его дословный перевод на русский язык оказался невозможным из-за отсутствия полноценного эквивалента. Поэтому переводчик вынужден был прибегнуть к трансформации текста и различного рода заменам. В процессе косвенного перевода (определение Ж.-П. Вине и Ж. Дарбельне) [4, с.149] простое, осложненное залоговой формой глагола утвердительное предложение: <*The secrets to staying employed*> было заменено на сложноподчиненное предложение с отрицательным инфинитивом: «*Как не потерять работу – несколько простых правил*». При этом был использован прием экплицирования – введения дополнительной информации, объясняющей реципиенту, что именно содержит данная статья - «*несколько простых правил*». Возможны ли в этом случае другие решения? Мы не смогли удержаться от соблазна и предложили свои варианты перевода. *Секреты профессиональной востребованности. Как удержаться на рынке труда. Как не остаться безработным. Секреты долгосрочной занятости.*

В следующем примере - первом абзаце статьи – нами были выделены четыре прагматически маркированных единицы: *career consultant; help on finding a secure career; Business Mentors; finds himself laughing a little.*

Таблица 1. The secrets to staying employed. Речевой отрезок 1.

Source Text	Target Text
When a client calls career consultant Al Stewart looking for some help on finding a secure career , the founder of Business Mentors finds himself laughing a little .	Когда карьерному консультанту Элу Стюарту звонит клиент и спрашивает, как обеспечить себе стабильную карьеру , основатель компании Business Mentors не может сдержать улыбки .

Сопоставляя перевод и оригинал мы выяснили, что словосочетание *career consultant* переведено дословно, прямым способом, как: *карьерный консультант*. Само выражение звучит непривычно для усредненного получателя перевода, поскольку эта профессия появилась на постсоветском пространстве относительно недавно, и реципиенты усредненного типа плохо представляют себе, чем занимаются эти люди. Как правило, они путают *карьерного консультанта со специалистом по трудоустройству*. Последний подыскивает вакансии. Обязанности же *карьерного консультанта* шире и специфичнее. В них входит не только поиск работы для клиента, но и объективная оценка его профессионализма, анализ критических ситуаций, рекомендации по составлению резюме, подготовка к интервью и мн. др. Поэтому фраза *карьерный консультант* более полно отражает содержание этой профессии и подчеркивает ее отличие от привычного советским людям *специалиста по трудоустройству*. Хотя, возможно, для широкой аудитории имеет смысл сделать ссылку на сайте, по которой можно найти дополнительную информацию, поясняющую людям, чем именно занимаются профессионалы такого плана.

Выражение *help on finding a secure career* переведено косвенным способом, с помощью лексической трансформации. Конструкция с составным глагольным сказуемым *<help on finding>* (*помочь найти*) заменена на синонимичную ей фразу: «*как обеспечить*». Прагматически маркированная единица *finds himself laughing a little* тоже не переводится на русский язык дословно, поэтому переводчик подобрал соответствующее ей по смыслу выражение: *не может сдержать улыбки* (по принципу антонимии). Такой тип прагматической адаптации ориентирован на цель перевода - адекватное понимание текста и восприятие информации, соответствующее особенностям культуры получателя перевода. Мы не видим смысла предлагать другие переводческие решения, поскольку вариант русской службы БиБиСи максимально удачный, с нашей точки зрения. А вот следующий пример можно признать спорным, если, опять же рассчитывать на усредненного получателя информации.

Таблица 2 The secrets to staying employed. Речевой отрезок 2.

Source Text	Target Text
The days of working your entire career at IBM and getting a Rolex at the end are long gone,” said Stewart, in an email. “No career is safe from constant change, re-engineering, global competition, technological obsolescence.”	"Давно прошли дни, когда можно было отработать всю жизнь в IBM и получить за труды часы Rolex, - пишет Стюарт в электронном письме BBC Capital , - не существует профессии, застрахованной от постоянных перемен, реструктуризации, глобальной конкуренции и

Как видим, прагматически маркированная единица < *the days of working your entire career at IBM and getting a Rolex at the end are long gone* > переведена косвенным путем, с помощью различных замен. Переводчик решил, что в данном контексте слову «карьера» соответствует слово «жизнь» в русскоязычной языковой системе, поскольку речь идет об одной и той же работе в течении всей жизни. А выражение *at the end* (в конце, в итоге) заменено на фразу: «за труды». Мы провели небольшой эксперимент и предложили прочесть этот перевод нескольким реципиентам, разного возраста и социального статуса, задав им вопрос, как они понимают это выражение: «Давно прошли дни, когда можно было отработать всю жизнь в IBM и получить за труды часы Rolex». Результаты были удивительными:

Оскар (58 лет - строитель): «Наверное, здесь делается намек на размер пенсий, которые такие маленькие, что может хватить только на часы».

Карина (76 лет – пенсионерка): «Прошли времена, вкалывал-вкалывал и получил только часы Rolex».

Алина (46 лет-домохозяйка): «Раньше людей поощряли, если они долго работали на одном месте. Например, давали квартиру. А сейчас этого нет».

Наташа (44 года): «Сейчас нелегко даются заработки в IBM. Это же – сетевой маркетинг? Раньше за это можно было получить часы Rolex, а теперь труд, вероятно, обесценен».

Лариса (46 лет): «Часы Rolex, очевидно, стоили как зарплата всей жизни. Получается, что труд всей жизни стоил всего лишь часы. Для меня слово Rolex не перевешивает слово жизнь».

Айгуль (21 год): «А что такое – IBM? Я не знаю такой компании. Она ассоциируется у меня с сетевым маркетингом. И какую роль здесь играют часы Rolex? Я не понимаю до конца смысла этой фразы».

Что же на самом деле хотел сказать автор, когда говорил: «Давно прошли дни, когда можно было отработать всю жизнь в IBM и получить за труды часы Rolex»? Оказывается, в Британии когда-то была традиция – дарить настенные или наручные часы всем, кто уходит на пенсию. Такой подарок символизировал время, которое теперь принадлежит пенсионеру, и он может распоряжаться им, как хочет [5, с.10]. Никким образом этот символический презент не заменял людям пенсию. Указание на бренд часов – Rolex – в рассматриваемом нами случае, скорее всего, подчеркивает его высокую стоимость и тот факт, что такие подарки могла дарить только одна компания - IBM. Следовательно, сказав: *The days of working your entire career at IBM and getting a Rolex at the end*, - автор оригинала имел в виду, что времена, когда человек мог посвятить всю свою карьеру одной крупной компании и получить за это хороший подарок, прошли. Увы, но не все из опрошенных нами получателей перевода смогли сразу уловить этот смысл. Возможно, потому, что у советских людей были другие символические

подарки за добросовестный труд, и местные люди с трудом соотносят здесь почетные грамоты, орден или звание «Ветеран труда» с часами Rolex

Компания IBM и ее презенты за выслугу лет вызывают у постсоветских людей совершенно иные ассоциации, чем у англоязычного читателя. В частности, многие пожилые русскоязычные люди не имеют представления о стоимости часов Rolex и плохо представляют себе, что это за бренд. А некоторые реципиенты в возрасте от 20 до 45 лет путают крупную американскую компанию IBM - одного из крупнейших в мире производителей и поставщиков [аппаратного](#) и [программного обеспечения](#), а также ИТ-сервисов и консалтинговых услуг - с сетевым маркетингом [6]. В итоге каждый из них понял данную фразу по-своему, в соответствии со своим возрастом, информированностью, опытом и широтой кругозора. Это значит, что получателям перевода необходимы некоторые пояснения для более ясного понимания смысла сказанного и адекватного восприятия текста. Чтобы получить равноценный оригиналу коммуникативный эффект, необходимо вводить дополнительную информацию или искать в русском языке похожие ситуации, имеющие для получателя перевода аналогичное значение. Например, одна из опрошенных нами реципиенток вспомнила квартиры, которые получали советские люди на отдельных предприятиях за выслугу лет. Следовательно, для таких, как она, смысл оригинальной фразы можно передать и другими словами: «Прошли времена, когда можно было всю жизнь проработать на хлопчатобумажной фабрике и получить за это квартиру». В других случаях «чужие реалии» могут быть вообще опущены при переводе, чтобы не затруднять восприятие текста: < *The days of working your entire career at IBM and getting a Rolex at the end are long gone* > - «Дни, когда можно было работать всю жизнь на одном и том же месте и получить за это хорошее вознаграждение, давно прошли». В данном же случае переводчик русской службы БиБиСи все-таки оставил компанию IBM и часы Rolex. Это связано с задачами сайта, который, наряду с прочим, ставит своей целью знакомить русскоязычную аудиторию с реалиями британской жизни. Кроме того, целевая аудитория русской службы, как правило, - компетентные, интеллектуальные люди, образованные и подкованные в области политики, экономики и бизнеса. Объяснять им, что такое компания IBM и часы Rolex – не нужно. В трудных случаях они могут найти интересующую их информацию самостоятельно. Данная же статья рассчитана на современных деловых людей, пытающихся строить свою карьеру и удержаться на рынке труда. Кроме того, приведенная в пример реалия является фрагментом прямой речи, цитатой карьерного консультанта, которую в переводе лучше передавать точно. И сама по себе она не является ключевой в тексте. Хотя для усредненного получателя перевода поясняющая ссылка не будет лишней.

Таким образом, сравнительный анализ оригинала и перевода позволяет прийти к следующим выводам:

- каждый текст обладает определенным прагматическим потенциалом – способностью вызывать у реципиента определенную реакцию;
 - реакции реципиента могут выходить за пределы коммуникативных ожиданий переводчика;
 - восприятие любого текста зависит от особенностей аудитории, условий коммуникации и специфики текста;
 - задача переводчика добиться определенного коммуникативного эффекта, соответствующего целям перевода и авторской интенции;
 - адекватное понимание «чужих» реалий достигается путем прагматической адаптации текста перевода, в соответствии с особенностями переводного языка, аудитории-получателя, целями и задачами перевода;
 - поиск эквивалентов и переводческих соответствий не всегда исчерпывает возможности перевода;
 - переводчик должен предоставлять своей аудитории дополнительные сведения, ссылки и пояснения, чтобы добиться от нее адекватного понимания и восприятия реалий.
 - разные прочтения людьми одного и того же текста обогащают его прагматический потенциал, расширяют границы его понимания и демонстрируют новые грани человеческого творения.
1. Юларжи А.С., Рудых А.М. Некоторые аспекты перевода. Разные картины мира. Иркутский государственный технический университет, 2014 <http://www.km.ru/referats/336217-nekotorye-aspekty-perevoda-raznye-kartiny-mira>
 2. <http://www.bbc.com/capital/story/20150327-the-secrets-to-staying-employed>
 3. http://www.bbc.co.uk/russian/business/2015/04/150416_vert_cap_staying_employed
 4. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. Нижегородский государственный лингвистический университет им. Добролюбова. “Восток-Запад”, 2006
 5. Дэвид Льюис. Управление стрессом. Как найти 10 дополнительных часов в неделю. –М., Альпина Паблишер, 2012
 6. <http://www.ibm.com/us/en/>

Резюме

Бұл мақалада мәдениетаралық айырмашылықтар мен бір мәліметті түрлі адамдардың өзгеше қабылдауымен байланысты «бөгде реалийлерді» аудару мәселесін, мәтіннің прагматикалық бейімделу әдістерін талдайды.

Resume

This article analyzes the problems of realia translation and the pragmatic adaptation methods of Target-texts related to cultural and perception differences of the same information by different people.

УДК 81`37:81`25
**МӘДЕНИ-ТАҢБАЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ**

Серикбаева Раушан Сабитовна

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және аударма ісі кафедрасының
2 курс магистранты*

Аннотация

Тіл – ұлттың мәдени менталитет көрінісі ретінде, тіл және мәдениет арасындағы байланысты көрсететін ұлттық-мәдени таңбалардан құралады. Ол лексикалық, атап айтқанда мәдени- таңбалық лексика деңгейінде соның ішінде баламасыз, коннотативті және фондық лексикада жарқын бейнесін тапқан. Мәдени-таңбалық лексика туралы білім лингвистикалық білімнің маңызды компоненті. Олар тілдік тұлғаның өз мәдениетінен тыс шығуға және әлемнің ұлттық-мәдени көрінісінің әртүрлі қасиеттерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: тіл, мәдениет, менталитет, таңба, білім, компонент.

Ключевые слова: язык, культура, менталитет, код, знание, компонент.

Key words: language, culture, mentality, code, knowledge, component.

Лингвистикалық құбылыс ретінде мәдени-таңбалық лексика баламасыз лексика категориясына жатады. Олар фондық білімнің бөлігі болып табылады және тіл мен мәдениеттің өзара әрекетін зерттеуде үлкен қызығушылық тудырады.

Мәдени-таңбалық лексика өте қызықты және ғажайып тіл лексикасының қабатын көрсетеді. Бұл сөздердің семантизациясы шетел тілін оқитындарға өте маңызды болып келеді, себебі әдетте олар түсінуде қиыншылықтар туғызыды. Мәдени-таңбалық лексика категориясы жіктелім мен аударма кезінде арнайы амал-тәсілді талап етеді.

Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров орыс тілі материалын негізге ала отырып, ұлттық-мәдени семантикасына бөлінген сөздердің жеті тобын түсіндіреді:

1) советизмдер, яғни қазан революциясынан кейін Ресейде қоғам өмірінің қайта құрылуының нәтижесінде туындаған ұғымдарды білдіретін сөздер (мысалы, жоғарғы кеңес, депутат)[4. 60б]

2) жаңа тұрмыстың сөздері советизмдерге тығыз жанасады (мәдениет саябағы, сенбілік, загс, зачетка).

3) дәстүрлі тұрмыстың заттары мен құбылыстардың аталуы (мысалы, щи, бублик, валенки, гормошка) [4.62б].

4) историзмдер, яғни тарихи дәуірлерде болған заттар мен құбылыстарды білдіретін сөздер (мысалы, сажень, фут, верста, кафан, уезд) [4.626].

5) фразеологиялық бірліктердің лексикасы (мысалы, бить челом, узнать всю подноготную) [4.636].

6) фольклордағы сөздер (мысалы, добрый молодец, суженый (-ая), чудо-юдо, жар-птица, домовой) [4.636].

7) шығу тегі орыс тілі емес сөздер, яғни тюркизмдер, монголизмдер, украинизмдер және т.б. (мысалы, тайга, базар, аркан, халат, изюм, плов және т.б.) [4.646]

Әртүрлі зерттеушілер мәдени-таңбалық лексиканы аударудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Ең көп таралған тәсілдері бұл транслитерация, транскрипция, калькалау, баяндама аударма, мағынасы жақындатылған аударма және трансформационды аударма.

1) **Транслитерация** кезінде аударма тілінің тәсілдері арқылы сөздердің графикалық формасы, ал транскрипция арқылы оның дыбысталу формасы жеткізіледі.

2) **Калькалау**- шет тілдің мәдени-таңбалық лексикаларын оның құрамдас бөліктері- морфемаларды ауыстыру арқылы жеткізу.

3) **Баяндама аударма**. Бұл тәсіл ашық сөз тіркестері көмегімен бастапқы тілдің лексикалық бірліктерінің мәнін ашады. Бұл тәсіл өте үлкен және үнемсіз болып есептеледі. Сондықтан оны әрдайым мәтінді аудару кезінде қолдануға келмейді.

4) **Мағынасы жақындатылған аударма** бастапқы тілдегі лексикалық бірліктерге мағынасы жақын үйлесімділікті аударма тілінде іздеуден тұрады. Осындай лексикалық бірліктердің шамалас баламаларын “аналогтар” деп атауға болады.

5) **Трансформационды аударма**. Кейбір жағдайларда аудармашыға сөйлемнің синтаксистік құрылымын қайта құруына, алғашқы сөз мағынасын өзгертіп, яғни лексико-грамматикалық аудармашылық трансформациясына жүгінуге тура келеді.

В. С. Виноградов және А.В. Федоров тағы да бір гипонимикалық тәсілді белгілейтінін атап өткен. (ағылшын сөзінен шыққан, грек тамырларынан құрастырылған “hуpопyту”). Мысалы, нопаль (кактус түрі) -кактус, кебраго (ағаш түрі) - ағаш [5.566].

И. Есенберлиннің “Көшпенділер” тарихи трилогиясына сүйене отырып жиналған этнографиялық және географиялық, сонымен қатар саяси-қоғамдық және әскери жүйе ерекшеліктерін бейнелейтін 200 қазақ ұлттық мәдени-таңбалық лексикалар 4 топқа бөлінеді. Аталған әр топ өз кезегінде топтарға бөлінеді.

Этнографиялық топ-қазақ халқының тұрмысы мен еңбегіне, рухани мәдениетіне, салт-дәстүрге, дініне және сөйлеу әдебі ережелеріне қатысты ұлттық мәдени-таңбалық лексика кіретін үлкен топ болып табылады.

Берілген шығармада қолданылған **саяси-қоғамдық мәдени-таңбалық лексикалар** қазақ халқының өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін ұлттық боялған лексиканың максималды концентрациясының негізгі ортасы болып табылады. Берілген топқа барлық үш жүздің тайпаларын жатқызамыз.

Әскери мәдени-таңбалық лексика- бұл белгілі бір ғылымға, әскерге, қару маркасына, әскери техникаға, әскери лауазымға, тарихи оқиғалармен, соғыс батырларымен байланысты тарихи фактілерге тән атақтар.

Географиялық топқа географиялық объектілерді (қалалар, өзендер, таулар), өсімдіктер мен жануарларды бейнелейтін қазақтың мәдени-таңбалық лексикаларын жатқызамыз.

И. Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясында 200 қазақ ұлттық мәдени-таңбалық лексикаларының пәндік жіктелімінің талдау нәтижесі этнографиялық топбірліктерінің саяси-қоғамдық, әскери және географиялық топ мәдени-таңбалық лексикаларына қарағанда сан алуан екенін көрсетті. “Көшпенділер” трилогиясының ағылшын тіліне аудармасы орыс тілі арқылы жасалғандықтан, ағылшын тіліндегі транслитерацияланған мәдени-таңбалық лексикалар графикалық және фонетикалық жағынан түпнұсқа бірліктеріне емес, орыс тілінің мәдени-таңбалық лексикасына жақын келетінін көрсетті.

Этнографиялық мәдени-таңбалық лексикаларын ағылшын тіліне аударудың негізгі тәсілі мағынасына ұқсас сөз табу – 49% құрайды. 45 **саяси-қоғамдық** мәдени-таңбалық лексиканы аударуда ағылшын тілінде транслитерация тәсілі -82% пайдаланылды. 30 **әскери** мәдени-таңбалық лексиканы ағылшын тіліне аудару кезінде мағынасына ұқсас сөздер табу – 66% құрайды. 20 **географиялық** мәдени-таңбалық лексиканы аудару нәтижесі транслитерация -75% құрайтынын көрсетті.

Аударманы мәдениетаралық қатынастың ерекше түрі ретінде қарастырып, оның тіл сияқты адамдар арасындағы қарым-қатынастың ең әмбебап тәсілі екенін растаймыз. Аударма ең алдымен оқырманның ой-өрісін кеңейту, басқа ұлттың өзіндік салт-дәстүрлері болатынын, басқа мәдениетті біліп, құрметтеу керек екенін түсінуге мүмкіндік беру мақсатымен өзге мәдениетке тән ұлттық мәдениеттің көріністерін, тарихын, этнографиясын, географиясын көрсетуді ұйғарады.

Қазақ ұлттық мәдени-таңбалық лексикалардың лингвомәдени ерекшеліктерін қарастыра отырып, олардың аударма процесі кезінде арнайы тәсілдерді қажет ететінін және оларды лингвомәдени ұстаным бойынша қарастыру керек екенін мойындаймыз.

Қазақ ұлттық мәдени-таңбалық лексикаларын шетел тіліне жеткізу мәселесі оларды әйгелі аударма тәсілдері көмегімен жеткізу ғана емес, атап айтқанда олардың мәдени коннотациясын жеткізуден тұрады. Бұл әр тілде басқа шетел тілдерінде болмайтын белгілі мәдени нормалардың болуымен байланысты. Берілген ерекшеліктерді елемей түсініспеушілікке, сонымен қатар аударма процесі кезінде қателіктерге алып келеді.

Сөйтіп, аударманың күрделі мәселелерінің бірі кірме емес мәдени-таңбалық лексикалардың мазмұнын шетел тіліне жеткізу болып табылатынын атап өткен жөн. Аудармашы сөздің пәндік мағынасымен қатар, оның ұлттық бояуын жеткізу керек. Сондықтан аудармашы саяси жүйе, экономика, ғылым бойынша ғана емес, сонымен қатар түпнұсқа және аударма тілінің мемлекеттерінің мәдениеті бойынша да жақсы білімді қажет етеді. Алайда, бұл әр аудармашының қолынан келмейді. Осының салдарынан келешек зерттеулердің мақсатын анықтайтын мәдени-таңбалық лексикаларын шетел тіліне аударуды үйрету әдістемесін дамыту қажеттігі туындайды.

- 1 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. М.:Русский язык, 1983,269б
2. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. М.: Издательство Московского университета, 1978,172б
3. Ермағамбетова А.С. Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода. Алматы, 1972, 171б
4. Есенберлин И. “Көшпенділер” тарихи трилогия// Алматы: “Жазушы”, 1989, 672б
5. Джайлибаева А.Т. Диссертация: Лингвокультурологические особенности передачи казахских национальных реалий на иностранный язык. Алматы., 2004, 81.07.

Резюме

Язык, являясь отражением культурной ментальности нации, содержит национально-культурный код, в котором может быть выделена особая часть, отражающая связь языка и культуры. Наиболее ярко она представлена на лексическом уровне, в частности, на уровне национально- маркированной лексики, среди которой выделяют безэквивалентную, коннотативную и фоновую. Знания национально-маркированной лексики необходимый компонент лингвистических знаний. Они позволяют языковой личности выйти за пределы собственной культуры и приобрести качества отмеченные различиями национально-культурных картин

Resume

Language, as a reflection of the cultural mentality of the nation, contains national cultural code, which can be allocated to a special part reflecting the connection between language and culture. It most clearly sets out on the lexical level, particularly at the level of national-marked words, among which are non-equivalent, connotative and background. Knowledge of national marked vocabulary necessary component of linguistic knowledge. They allow linguistic personality to go beyond their own culture and to acquire quality marked national and cultural differences paintings

ӘОЖ 82.0.:002.84(110)15.06.17

**САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘТІНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ МӘДЕНИ
КОМПОНЕНТ МӘСЕЛЕСІ**

*Желдібаева Райгүл Серікқызы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
магистранты, Алматы*
posyacash_92@mail.ru

Аңдатпа

Қазақстан мен өзге шет елдер арасындағы саяси қарым-қатынастың дамуы ағылшын және қазақ тілдерін прагматикалық тұстан зерделеу қажеттілігін туғызып отыр. Бұл фактор, тіл- аудиторияға ықпал етудің бірден-бір құралы екенін дәлелдейді. Берілген жұмыстың мақсаты- саяси-әлеуметтік мәтіндерді қазақ тілінен ағылшын тіліне(және керісінше) аударудағы ең тиімді тәсілдерді қарастыру. Аталмыш ғылыми-зерттеу жұмысы саяси-әлеуметтік мәтіндерді аудару ерекшеліктерін, экстралингвистикалық аударма мәселелерін және саяси-әлеуметтік мәтіндерді аударудағы мәдени компонент мәселесін зерттеуге бағытталған.

Тірек сөздер:Прагматикалық компонент, баламалықтың нөлдік көрсеткіші,мәдени конфликт.

Ключевые слова: Прагматический компонент, нулевая эквивалентность, конфликт культур.

Key words:Pragmatical component, zero equivalency, conflict of cultures.

Қазақстанның әлемдік саяси аренаға енуі және интернет, компьютер технологияларының әлем бойынша және мемлекет ішінде күрт өсуі-еліміздің шет мемлекеттермен саяси,экономикалық және әлеуметтік байланыстарының нығайуы саяси-әлеуметтік мәтіндерді халықаралық ағылшын тілінен мемлекеттік қазақ тіліне және керісінше қазақ тілінен ағылшын тіліне сапалы түрде аударуды талап етеді.Еліміздің әлемдік нарық пен демократиялық қоғамға сәтті енуі үшін және шет мемлекеттер мен біздің ел арасындағы келіссөздер ұтымды өтуі үшін аударма барысында аудармашыдан тек лингвистикалық дағдылар ғана емес сонымен қатар өзге мемлекеттің әлеуметтік-мәдени құрылымын түсіну, мәтіннің астарлы прагматикасын қабылдаушыға жеткізу дағдылары талап етіледі.

Қазақстанның өзге дамыған шет мемлекеттермен бырлық деңгейде тығыз серіктестігі және Еуропа саяси аренасына қадам басуы еліміздегі аударма мәселесін өзекті етеді.

Аударма- сөйлеу фрагменті(сөйлем, абзац, мәтін) мазмұнының бір тілден екінші тілге трансформациялау үдерісін құрайтыны бәріне мәлім. Аудармаға деген ең басты талап- барабарлық, нақтылайтын болсақ,

түпнұсқаның құрылысы мен мазмұнын теңбе-тең әдістер арқылы нақты жеткізу. Барабар аударма ақпаратты қабылдаушыда ақпарат жіберушінің коммуникативті нұсқауына сәйкес реакция тудырады.

Аударма барысында мазмұнның денотативті және коннотативті құрамдас бөлшектерінен басқа, айтылым мен коммуникацияға қатысушылардың (ақпарат жіберуші мен ақпарат қабылдаушы) байланысына жауапты, прагматикалық компонент те ескерілуі шарт. Аударма барысында түпнұсқа мәтіннің прагматикалық бейімделу үдерісі жүзеге асады(түпнұсқа және аударма мәтінін қабылдаушылардың арасындағы мәдени-элеуметтік, психологиялық айырмашылықтарына байланысты, аударма мәтініне кейбір түзетулер енгізу). Аударма барысында қос тілдің тілдік жүйесін салыстыру үдерісі мәдени өзгешеліктерді салыстырумен қатар жүреді.

Француз аудармашысы және аударма теоретигі Э. Кари аудармаға берілген анықтамалардағы алуантүрлілікті келесідей түсіндіреді: “Аударма ұғымы, шындап келгенде, өте күрделі ұғым. Бұл аударманың біздің заманымызда кездесетін түрлерінің көптігінен ғана туындап отырған жоқ. Ол аударманың ғасырлар бойы әрдайым өзгеріп отыруына да байланысты құбылыс. Мүмкін, нақ осы жағдай өзінікінен бұрын берілген анықтамалармен не келісіп, не оны жоққа шығарып отырған ғалымдардың өз ойларын тұжырымдауын қиындататын да болар” [1, 5 б.].

Ғылыми терминнің ұтымдылығы оның бірмағыналығы, бірізділігінде болса, онда, ең алдымен, аударма сөзінің ондай талапқа сай еместігін, яғни көпмағыналы екендігін айта кеткен жөн. Ол, ең аз дегенде, екі ұғымға қатысты: аударма – мәдени-интеллектуалды әрекет, яғни процес ретінде алынған аударма және аударма – сол әрекеттің, сол процестің нәтижесі, әрекет өнімі ретінде алынған аударма, басқаша айтқанда, аудармашы жасаған сөз туындысы ретінде алынған аударма. Аударма жасау нәтижесінде пайда болған жаңа туындыны ғалымдар өзара “транслат” деп те атайды.

Соңғы жылдары елімізде аударма мәселесімен қатар саяси-элеуметтік мәтіндерді зерттеуге деген қызығушылық артуда. Түрлі саяси айтылымдарды аудару маңыздылығына байланысты саясатты зерттейтін тіл білімін де қарастыруға болады. Саяси тіл ұлттық тілдің дәнекері, ол саяси коммуникацияға бағытталған: түрлі идеялардың пропагандасы, қауымға эмоционалды әсер беру, оларды қандай да бір саяси әрекеттерге итермелеу, элеуметтік консенсусты дамыту, саяси және элеуметтік шешімдерді қабылдау.

Түрлі тақырыпта, түрлі авторлар жазған әр саяси мақалада өзіндік идеясы болады және автор өзінің аргументтерін дәлелдеу үшін түрлі лексикалық және риторикалық әдістер қолданады. Сонымен, саяси мақалаларда өзіндік сөздік қор болады(клише, лозунг), сонымен қатар, авторлар мақаланы жазу барысында, белгілі стилистикалық және риторикалық құрылымды ұстанады.

Біздің зерттеп отырған мәдениеттанулық ғылым аясындағы аударма мәселесі туралы сөз болғанда, ең алдымен, аударманың – қоғамдық-мәдени құбылыс екендігін айта кету керек. Яғни аударма тек қана абстрактілі ойлау қабілеті бар, өзін қоршаған орта туралы көзқарастарын шартты белгілерге айналдыра алатын, сөйтіп, сол белгілердің мән-мағынасы туралы келісімге келе алатын жеке адамдар өмір сүретін қоғамда, сол қоғам туындататын мәдениетте орын алады.

Осы жоғарыда айтылған аударма түсінігінде “аудару дегеніміз түсіну” деген тезиске де өзіндік орын табылады. Сөз бұл жерде бөтен тілден өз тіліңе аударып түсінуде ғана емес, яғни “өзімдікі/өзгенікі” арақатынасында ғана емес, сөз бұл жерде “өзіңдікін өзіңнің түсінуінде” де болуы мүмкін. Басқаша айтар болсақ, мәселе “ішкі аудармада” деген сөз. Өз тілінде жазылған мәтінді түсіну процесінің өзі өзге тілден өз тіліңе аудару процесіне пара-пар күшті қажет ететін күрделі процесс. Немесе, бір тілдің өзінің ескі түрінен, не болмаса, диалектісінен сол тілдің қазіргі әдеби күйіне аудару мәселесі де жоғарыдағылар қатарына жатады.

Аудармаға коммуникациялық теория тұрғысынан берілген анықтама Р.К. Миньяр-Белоручевке тиесілі: “Аударма туралы ғылымның нысанасы – екі тілді қолдану арқылы жүзеге асатын жай ғана коммуникация емес, түпнұсқаның аудармашы мен қабылдаушының өзара әрекеттесуін корреляциялайтын қызметтен құралатын коммуникация. Бұл коммуникацияның орталық буыны аудармашының қызметіне барып тіреледі, немесе сөздік әрекеттің ең күрделі түрлерінің бірі болып табылатын аударма осы сөздің толық мағынасындағы аударма болып есептеледі” [2, 25 б.].

Демек, аударма нәтижесінде екі сөз туындысы мен екі қабылдаушы қалыптасады. Аударма қандай да болсын коммуникация компоненттерін қосарландыра түседі. Аударма теориясын ұқсастық туралы, шынайы әлем заттарының ұқсастығы туралы, шынайы әлемнің адам санасында көрініс табуының ұқсастығы мен адамзат тілдерінің ерекше көркем мүмкіндіктерінің ұқсастығы туралы іргелі білім деуге болады.

Біз тілдердің шындықты түрліше бөлшектеп, бірдей құбылыстар мен заттарды олардың алуан түрлі белгілеріне назар аударып отырып, түрліше түзіп, түрліше “дауыс беріп”, өмірді түрлі бояуларда көрсететіндігін білеміз. Алайда, түрлі мәдениет пен алуан түрлі тілдік сана иегерлері мұндай айырмашылықты түсіне білуге де қабілетті. Сондықтан, егер аударманы бір шындықты басқа тілдің көмегімен бейнелеудің құралы ретінде қарастырсақ, онда “аударылмайтын ұғымдар” мәселесі мүлдем туындамай, аударма проблемасы оңай шешілетін болады.

Аударма – құндылықты қайта таныту. Егер кез келген сөз туындысы шындықтың фрагментінің индивид санасы арқылы бейнеленуі болса, онда аударма бейненің бейнесі, көріністің көрінісі болып табылады. Аударма шындықтың тікелей тура өзінің емес, оның басқаның санасымен сарапталған көрінісі болады, өйткені біз фактінің бейнеленуін емес, факт туралы басқа

біреудің ойын аударамыз. Аударма Басқаның ойын қаншалықты анық жеткізе алады және ол қаншалықты қажет, аудармашылық “адалдықтың” шекарасы қайда? Осындай сұрақтар легі аудармамен айналысатын әрбір адам алдында толассыз туындап отырады сөзсіз[3,28].

Осы ізденіс жұмысында аударманы мәдениеттанулық мәселе етіп жаңа бір қырынан қарастыруды көздеп отырғанымыз белгілі. Бірақ сол ізденіс барысында аударманы арнайы зерттеу пәні қылатын аударматанудан біржола қара үзіп кетуге де болмайды, өйткені ол ғылым саласының аудармаға енді ғана пәнаралық аймақ ретінде “ауыз сала бастаған” мәдениеттанудан гөрі жинақтаған мағлұматтары да, әдіс-тәсілдемелері де жетерлік. Жалпы, аударманы, оны арнайы зерттейтін ғылыми пәндерге қатысты жазған авторлардың анықтамаларын тұжырымдай келе, аударманың мәдениеттанулық мәселе екендігін мойындауға, сөйтіп, аудармаға жаңа бір мәдениеттанулық анықтама беруге әбден болатын сияқты. Осы орайда, біз, мәдени айырмашылық салдарынан туындайтын кейбір мәселелерді қарастырдық:

➤ **Сөз мағынасының конфликтісі.**

Түпнұсқа тіліндегі мәдени мәні бар сөздің аударма тілінде нақты аналогы болмауы ықтимал. Яғни, берілген сөздердің денотациясы бір болғанымен, коннотациясы айрықша, тіпті бір-біріне қайшы болуы мүмкін. Сөз мағынасының конфликтісі деп осы құбылысты айтуға болады. Мұндай сөздер ауқымы сөздік қорда көптеп кездеспеуі мүмкін. Алайда, аударма барысында мұндай сөздерді назардан тыс қалдыруға болмайды. Аудармашының мұндай сөздерге деген аздаған салғырттығы үлкен мәселе туындатуы әбден мүмкін. Біздің назарымыз батыс газет мәтіндерінде кеңінен қолдатылатын және АҚШ БАҚ-дарында едәуір орын алатын «Сұлтан» сөзіне ауды. Бұдан басқа, берілген сөз «Султаннизм» терминімен қатар қолданылады. Аталмыш сөзге қазақ түсіндірме сөздігі келесі анықтама берген:

СҰЛТАН: 1. Шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазымы. 2. Ауысп. Ең жақсы, ең тәуір.

Бұл анықтамадан біз еш оқыс мағына байқамаймыз. Шын мәнінде де, «Сұлтан» сөзі қазақ халқының түсінігінде күш, даналық, батылдық ұғымдарымен үйлеседі және тек позитивті коннотацияларға ие, бұған дәлел ретінде кеңінен таралған, дәуірлер бойы үлкен сұранысқа ие «Сұлтан» есімін келтіруге болады. Қазақ жұрты нәрестелері адал, шыншыл, батыл болып өседі деген үмітпен осы есіммен атаған.

Дегенмен, АҚШ және кей батыс елдері үшін «Сұлтан» , әсіресе, «Султаннизм» сөздері теріс мағынаға ие. «Oxford Paper Back» сөздігі «Сұлтан» сөзіне келесі анықтама береді:

Сұлтан-Мұсылман елінің басшысы.

Алайда, ағылшын түсіндірмелі сөздіктерінде «Султанизм» феноменіне нақты анықтама берілмеген, бұл жайт аталмыш терминнің біршама жаңа екенінен болуы мүмкін. Дегенмен, біз атап өткендей, «Султанизм» термині батыс және американдық БАҚ-дарында кері коннотацияда қолданылуда.

Демократиялық емес режимдерді саралау барысында «Султанизм» моделін жиі қолданатын Хуан Линтсу мен Альфред Стипен сынды саяси ғалымдар бұл модельдің басты белгілері ретінде « қоғам өмірі және мемлекеттік басқару саласына құзіреті жоғары адамның үздіксіз, деспотикалық қол сұғуы» деп көрсетеді. (Әрине, мұндай адамның «Сұлтан» деп атануы шарт емес, бұл Осман империясымен байланысты жалғыз ишара). [4]

Түрлі энциклопедиялар мен мақаласына байланысты жазылған авторлардың келесі анықтамаларын ұсынамыз:

- Султанизм- Патримониализмнің бір түрі. Саяси күш мұра арқылы беріледі, және билеуші патриархтық дәстүрге мүлдем бағынбайды. Бұл үдеріс көбіне күйреуге әкеліп соқтырады. [4]
- Султанизм- деспотизмнің басқа атауы, авторитарлық билік белгісі, яғни, билеуші басқарудың әр саласын қамтиды.
- Султанизм термині «Сұлтан» сөзінен шыққан, бұл Мұсылман елдеріндегі толыққанды, тәуелсіз монарх деген лауазымды білдіреді. [5]

Сонымен, мәдени конфликтісі немесе коннотативті мағынасы бар сөзді немесе айтылымды аудару барысында сілтеме жасау немесе түсіндірме әдісін қолдану аудармадағы мәдени компонентті сәтті жеткізу мақсатында пайдаланған жөн.

➤ Балама сөздің нөлдік көрсеткіші

Бұл аударма тілінде балама сөздің болмауын білдіреді. Ағылшын тілі сөздік қорында қазақ тілі сөздік қорында мүлде кездеспейтін лексикалық бірліктер жетерлік, және керісінше, қазақ тілі сөздік қорында кездесетін лексикалық бірліктер ағылшын тілі лексиконында орын алмауы ықтимал. Бұл дегеніміз, «баламалықтың нөлдік көрсеткіші», алайда, берілген қиындықтар түрлі тәсілдер арқылы шешіледі:

1) Транслитерация мен транскрипция тәсілдері

Транслитерация тәсілі түпнұсқа тілден аударма тілге сөздің графикалық формасын, яғни алфавиттік құрылымын жеткізу арқылы беріледі.

Baltimore-Балтимор
Washington Post- ВашингтонПост

Транслитерация әдісі арқылы берілетін сөздер түпнұсқа сөздің айтылу заңдылығына бағынбайды, тек жазылу үлгісін сақтайды. Жоғарыда келтірілген сөздер ағылшын тілінде келесі түрде айтылады: [Балтимор];[Уошингтон Поуст]. Транскрипция әдісінің мақсаты түпнұсқа сөздің әрібі мен сөздік құрылысын емес, дыбыстық жүйесін нақты жеткізу болып табылады:

«know how»-«ноу-хау»

«General Motors»- «Дженералмоторс»

2) Калькалау

Түпнұсқа тіліндегі баламасыз лексиканың әр бөлігін тура аударма(сөзбе-сөз) аударма арқылы аудару.

White House- Ақ үй

Head of the government- үкімет басшысы

3) Түсіндірме әдісі

Аударманың бұл әдісі түпнұсқа тіліндегі сөз немесе айтылымның түсіндірмесіне(анықтамасына) тиесілі. Берілген үдеріс келесі жағдайларда орын алады:

а) аударма тілінде белгілі бір ұғымның жоқтығына байланысты:

maverich- азамат(өзге адамдардан дәрежесі бөлек адам)

б) екі тілдің грамматикалық құрылысы мүлде өзгеше болуына байланысты:

The general was maneuvered out of the presidency in 1974.

Қарсыластарының іс-әрекеттерінің нәтижесінде генерал 1974 жылы президенттік орнынан кетуге мәжбүр болды.

Берілген аудармадағы егжей-тегжей нақтылау мен аударма мәтінге қосалқы «мәжбүр болды» тіркесінің жалғануы мәліметті қабылдаушыға «was maneuvered out of the presidency» айтылымының түсініксіз болу есебінен жасалған.

Дегенмен, қазақ тілі саяси мәтіндерді аудару барысында, біз эквиваленттілігі нөлдік дәрежедегі сөздерді аударманың екі тәсілін де (транслитерация және түсіндірме әдістері) қолдану сәтті аударма кепілі екендігін аңғардық.

Мысал келтіретін болсақ, қазақтың «Мәжіліс» сөзі ағылшын тілдес мемлекеттерде кездеспейді, бұл жайт берілген сөздің ағылшын тілінде баламасы жоқтығын әлелдейді.

Алайда, бұл сөзді аудару барысында тек транслитерация әдісін қолдану жеткіліксіз, себебі ақпаратты қабылдаушы бұл сөздің мағынасын мүлде түсінбеуі мүмкін, бұған себеп екі елдің саяси жүйесінің өзгешелігі. Сондықтан, аудармашы түсіндірме әдісін қолдана отырып, берілген сөзге қосалқы анықтама беруі жөн.

- Мәжіліс- Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы. (Majilis is the lower house of the bicameral parliament of Kazakhstan)

➤ Ұлттық психологияның өзгешелігі

Ұлттық психология мемлекеттің психологиялық ұстанымдары мен функцияларын құрайды, оған көңіл-күй, мінез-құлық, діни көзқарас және түрлі құндылықтар жатады. Ұлттардың мәдени ерекшеліктері, әрине, ұлттық психологияның өзгешеліктерін тудырады. Бұл өзгешелік адам баласының сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы, тіпті ой-өрісіне де септігін тигізеді. Нәтижесінде, мәдениетаралық коммуникация мен мәдениетаралық аударма қиындықтары туындайды.

Ағылшын қоғамы Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында соғысқұмар болғаны бәріне мәлім. Бұл жайт аталмыш халықтың сөздік қорына да тікелей әсер еткен. Келесі сөздер мен сөз тіркестері бұған дәлел бола алады: *warlike, warring, militant, battle, clash, combat, revolt, riot*, т.б. Сонымен қатар, *trigger-happy* (политик-авантюраға құмар адам, политикалық авантюрист) сынды сөз тіркестері кеңінен қолданылған.

Келесі сөз тіркес *finger on the button* (қаруды басуға дайын болу) - бұл сөз тіркесіне балама ретінде *соғысқа деген толық қанды дайындық* айтылымын алуға болады.

Ендігі қарастыратынымыз - *gap* сөздік бірлігі. Берілген сөздің қазақ тіліндегі коннотациясы «*мәселе*». Осыған орай, біз *сенімділік дағдарысы* сөз тіркесін *crisis of trust* нұсқасында аударудан гөрі *credibility gap* деп аударғанымыз жөн. Себебі, *crisis of trust* тіркесі көне болып табылады, ал *credibility gap* тіркесі саяси мәтіндерге белгілі рең қосу мақсатында қолданылатын заманауи клише.

Аударма үдерісін мәдени тұрғыдан зерттеу, аударматануды зерттеу әдістерінің тек бірі болып табылады. Ол аударманы зерттеу аясындағы мәселелердің барлығын шеше алмайды. Берілген әдіс аударма ісін зерттеудегі басқа да әдістермен тығыз байланысты. Іргелес әдістердің дамуы мәдениетаралық аударманың дамуына үлес қосады. Қорыта келгенде, аударманы мәдени құрамы жағынан зерделеу басқа аударма тәсілдеріне қайшы емес қосалқы болып табылады.

1. Эмерсон, К. «Переводимость» Текст. / К.Эмерсон И Бахтинский сборник /, 2004. -Вып.5.-.186-192.
2. Миньяр-Белоручев Р. К. Общая теория перевода и устный перевод. — М.: Воениздат, 1980. — 237 .
3. Смирнов, Л.Н. Отражение взаимодействия культур в художественном переводе Текст. / Л.Н.Смирнов // Встречи этнических культур в зеркале языка (в сопоставительном лингвокультурном аспекте). М. :Наука, 2002. - С.378-394.

4. Х.Е.Чехаби, Дж.Юан.Султанский режим .Лондон:Издательство университета Джона Хопкинса,2010.
5. <http://en.wikipedia.org/wiki/Sultanism>

Резюме

Данная статья посвящена проблеме культурных компонентов при переводе социально-политических текстах. Рассмотрены проблемы коннотативных и денотативных значений слов, а именно произведен анализ терминов «султан» и «султанизм» в восточном и западном понятии, даны различные определения к концепту «султанизм».

Resume

This article is devoted to the cultural components issues of the translation of social and political texts. The problems of connotative and denotative meanings of words are considered, namely the analysis of the terms "Sultan" and "sultanism" in the eastern and western concept is made, and different definitions to the concept of "sultanism" are given.

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА COGNITIVE LINGUISTICS

ӘОЖ: 811.581.111

“黑” – “ҚАРА” ТҮСТІҢ ҚЫТАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ТАБИҒАТЫ МЕН ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Айтқазы Сажидә.- PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Аңдатпа

Бұл мақалада қытайдың Иін Яң бес түпкі элемент іліміне негізделіп, ежелгі дәуірдегі қытайлардың бес негізгі түсінің бірі, қытай дәстүрлі мәдениетінде айрықша символдық мәнге ие қара түске тіл және мәдениет тұрғысынан талдау жасалды. Сондай-ақ, “黑” (қара) түстің қытай тіліндегі символикалық қолданыстары мен ерекшеліктерінің семантикалық өрісі айқындалды.

Тірек сөздер: символ, қара, түс, қытай мәдениеті;

Key words: symbolic, black, color, Chinese culture;

Ключевые слова: символ, черный, цвет, культура.

Қытай тілінде “黑” heі “қара” десе, қытайлардың ойына бірден қара түске қатысты жағымсыз мәнді сөздер оралуы мүмкін, алайда қара түс қытай мәдениетінде ежелден бері тек жағымсыз мәнде қалыптасқан емес. Қытайлардың ертедегі кітабы «Тәпсірде»: “Қытай тіліндегі “黑” heі “қара” күйенің түсі, қытайлардың шашының сондай-ақ түнгі аспанның түсі” (《说文解字》 Shuo wen jie zi) деп жазылған. Қытай тіліндегі “黑” heі “қара”

сөзімен синонимдік қатар құрайтын сөздер “玄” xuan, “乌” wu, “皂” zao, “缁” zi, “墨” mo, “黔” qian, “黯” an (昏黑 hun hei) т.б.

Ежелгі қытай мәдениетінде “қара” байыпты да қатал түс. Ежелгі қытай тілінде: “黑” hei “қара” адалдық, турашылдық, қайсарлық, байыптылық, әділдіктің символы. мысалы, қытай аңыздарындағы “қара маскалы” (“黑脸” hei lian) Бау Гоң мен дәстүрлі Пекин операсындағы Жаң Фей адалдықтың жаршысы. Сонымен қатар, қара түс кертартпа, зұлымдықтың символы болып, жағымсыз мәнге де ие.

Ежелгі дәуірдегі қытайлар “бес түрлі түс” символикасы мен ғаламның горизонталь модаліндегі “бес жақ”ты (шығыс, оңтүстік, орта, батыс, солтүстік) өзара байланыстырады. “Бес жақтың” әр қайсысының өз тәңірісі (құдайы) бар деп қарап, оны “五帝” wu di “бес құдай” деп атаған. Олар: 青帝 qing di – шығыстың жасыл құдайы; 赤帝 chi di – оңтүстіктің қызыл құдайы; 黄帝 huang di – орталықтың сары құдайы; 白帝 bai di – батыстың ақ құдайы; 黑帝 hei di – терістіктің қара құдайы. Қытайлар ежелгі “бес түрлі түс” символикасы мен “бес құдайын” да өзара сәйкестіреді. Қытайлардың ежелгі “бес түрлі түс” символикасы жылдың “төрт мезгілі” (көктем, жаз, күз, қыс) мен де өзара сәйкеседі[1].

Қытайдың ежелгі Ийн Яң бес түпкі элемент ілімінде (The theory of yin-yang and five elements), “黑” hei “қара” судың символы. Ғаламның горизонталь модаліндегі бес жақтың ішінде солтүстіктің символы. Сонымен бірге, “黑” hei “қара” жылдың төрт маусымының “қыс” мезгіліне тән делінген. Ежелгі дәуірдегі қытайлар судың салқын, ылғалдандырғыш қасиетіне негізделіп, судың символы болған “黑” hei “қара” түсті құрметтеген. Мысалы, арғы заман Шия дәуірінде (б.з.д.21- 16 ғасырларда) қара түс қытайларда ерекше құрметтелген. Чин Шы хуаң патша Чин патшалығы “суға” яғни “судың қасиетіне” тән деп, қара түсті, қара киімді құрметтеп ардақтаған [1]. Сондықтан, Чин дәуіріндегі сарай мәнсаптыларының орда киімі қара түсті болған, алайда кейін Хан У ди патша сары түсті “император түсі” деп қабыдаған, содан бастап қара түсті киімнің құрметі бәсеңдеген[2].

Ежелгі дәуірдегі қытай мәдениетінде, қара түс кедейлікті білдірген[1]. «Мың цы·Лияң Хүй уаң тарауында» (《孟子·梁惠王上》) “黎民不饥不寒” (li min bu ji bu han) деп жазылған. Аудармасы: “қара халық аш-жалаңаш емес”. Жу Ши бұл сөйлемдегі: “黎 li: қара, 黎民 li min: қара шашты адам, Чин дәуірінде айтылған қара бастылар мағынасында” деп түсіндірген[1]. Чин дәуірінде қарапайым халық бастарына қара мата байлайтын салт болған, ертеде бұл “黔首” qian shou (сөзбе-сөз: қара бас) “қарапайым халық” деп аталып, “黔” qian “қара” түс мағынасын білдірген. «Тарихнама·Чин Шы хуаң тарауында» (《史记·秦始皇本纪》) Чин Шы хуаң қытайды бірлікке келтірген

соң, “Халықтың атын ‘қара бастылар’ деп өзгерткен ” (“更名民曰 ‘黔首’” geng ming min yue qian shou) деп жазылған[1]. “黔首” qian shou (сөзбе-сөз: қара бас), “黎民” li min (сөзбе-сөз: қара шашты адам) сөздері ежелгі дәуірде кедей халықтың лақап аты болған, яғни бұл сөз “қара халық” деген мағынада. Будда діні қытайға таралғаннан кейін, буддизм мүриттері (монақтары) қара түсті сопы тонын киген, осыдан ертеде қытайлардың қара түсті құрметтеп, “黑” hei “қара” түсті байыптылық пен қаталдықтың символы деп танығанын көруімізге болады[2].

Қытай тілінде, “黑” hei “қара” түс жағымсыз мағынада да қолданылады. Ерте заманда қытайларда жазаның бес ауыр қинау түрі болған, соның ішінде бір түрлі қинау жазасы “墨刑” mo xing (сөзбе-сөз: бояу жазасы) яғни, “бетіне қара таңба салу жазасы” деп аталып, қылмыскердің маңдайына не бетіне инемен сурет немесе әріп шегіп, сонан кейін қылмыскердің бетіне қара бояу жағады, жазаның бұл ауыр түрі қылмыскердің бетіне намыстың таңбасын салып қоймай, сонымен бірге қылмыскердің жүрегіне де мәңгілік өшпейтін қорлықтың таңбасын қоса салады[2]. Сондықтан, қазіргі қытай тіліндегі көп қолданылатын “抹黑” mo hei (сөзбе-сөз: қара жағу, күйе жағу) “жала жабу, масқаралау” сөзінің құрамындағы, “黑” hei “қара” сөзінде осындай, масқаралаудың, абыройсыздықтың үстеме мәні бар.

“Қара” күнгірт түс, “ақ” ашық түс, ақ пен қара өзара контрасты түс, сондықтан адамдар “қара” түс арқылы үнемі қателікті, жауыздықты бейнелесе, “ақ” түс арқылы дұрыстық пен пәктікті бейнелеген. “黑” hei “қара” сұрқиялықтың, “ақ” ізгіліктің символы. «Мо цы·Тәңір шежіресінде» (《墨子·天志》):

“将以度量天下王公大人公卿大夫之仁与不仁，譬之犹分黑白也。” (Jiang yi du liang tian xia wang gong da ren gong qing da fu zhi ren yu bu ren, pi zhi you fen hei bai ye) деп жазылған. Аудармасы: “Әлемдегі мәртебелі билермен бектердің, орда мәнсәптыларының пейілінің рахымы-рахымсыздығы бейне ақ пен қараны айырғанмен бірдей”. Бұл сөйлемдегі “黑” hei “қара” – рахымсыздықты, “白” bai “ақ” – мейрімділікті білдіреді. «Тарихнама·Чин Шы хуаң тарауы» (《史记·秦始皇本纪》): “丞相李斯曰:

Когнитивтік бағыт метафора мәселесіне мүлде өзге қырынан келуді алға тартып отыр. Метафораның когнитивтік тұрғыда қарастырылуы адамның қоршаған әлемді қабылдауымен байланысты. Адамның ойлау әрекеттері тәжірибе арқылы жинақталған білім қорына әртүрлі операциялар жүргізумен іске асырылады. Жинақталған білім таңбалар арқылы белгіленеді. Метафора өзге тәсілдер сияқты тілдің дамуына қызмет етеді. Когнитивтік метафора теориясы метафораны ұғымдардың когнитивтік операциясы ретінде қарастырады және оны концептуализация құралы деп таниды. Ол басқа салаларда алынған тәжірибе негізінде қалыптасқан ұғымдық құрылым терминдерімен ақиқат дүниені түсінуге мүмкіндік береді. Когнитивтік метафора теориясы бойынша «ауысу» жекелеген атау емес, бүтін концептуалдық құрылым (схема, фрейм, модель, сценарий), тілді тасымалдаушының санасында белгілі бір сөзбен актуалданады.

Метафоралар жазушының дүниеге деген көзқарасын когнитивті танымын, рухани дүниесі мен мәдениетінен хабар бере отырып, әлем, дүние туралы түсініктерінің ескі элементтерін жаңғыртуға жәрдемдеседі, ғаламның біртұтас тілдік келбетін жасауға қатысады.

Когнитивтік талдау сөздің танымдық табиғатын таныту барысында «семантикалық талдау», «компоненттік талдау» әдістерімен өзара ғылыми әдістемелік байланысқа түседі. Осы орайда компоненттік талдаудың лингвистикалық түсіндірмесіне тоқтала кетсек. Компоненттік талдау әдісі-мағыналы тіл бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі. Оның мақсаты мағынаның ең кіші семантикалық бөлшектерін ажырату. Компоненттік талдау әдісі алғашында лексиканы зерттеуде әр түрлі тілдердегі лексикалық бірліктердің шағын тобын сипаттау үшін пайдаланылған. Ол әрбір тіл бірлігінің мағынасы семантикалық белгілерден тұратыны, тілдің сөздік құрамы шағын семантикалық белгілердің көмегімен анықталуы мүмкін деген ғылыми болжамға негізделген. Компоненттік талдау әдісі тіл туралы жүйелі-

парадигмалық түсініктермен, мәселен, өріс теориясымен тығыз байланысты. Болжам бойынша, жалпы категориялық семантикалық белгілер универсалдық сипатта болып, көптеген тілдерде кездесуі мүмкін. Когнитивтік талдауда ақиқат пен жалғандық мәселелеріне қатысты тілдегі қарапайым көзқарасты қайта қарап, конкретті ғылымдарда алынатын практикалық деңгейдегі көңілге қонымды нәтижелер алуға болады.

Мысалы: *The family nest* – отбасы ұясы. *The Soamses in their nest* – Сомсов отбасы өз ұясында. Автор бір отбасылық үйді білдіру үшін осы метафораны қолданған. Когнитивтік метафораның айқын мысалы, зат - предикат қызметіндегі етістік арқылы жүзеге асып тұр. Бұл жақта автор адамдар тұратын «house-үй» сөзінің қолдану орнына, құстар тұратын «nest – ұя» сөзімен ауыстыру арқылы түсіндірген. Бұл мысалда негізгі фрейм «ұя» мақсат-фрейм «үй» сөзіне ауысты. *Branch of the family* – отбасы бұтағы. Бұл жақта «branch» сөзі ағылшын тілді мағынада «part – бөлік» ретінде қолданылып тұр. Бұл мысалда негізгі фрейм «бұтақ» мақсат-фрейм «бөлік» сөзіне ауысты. Немесе тағы да бір мысал алып қарасақ, *a gathering of this family – no branch of which had a liking for the other* – осы отбасының жиыны – олардың бірде біреуі екіншісіне деген сүйіспеншілігі болмады. Метафоралық ауысу предикат қызметіндегі зат есімді қолдану арқылы жүзеге асып тұр. Бұл сөйлемде «жанұя» тура мағынадығы зат есім ретінде, ал «бұтақ» - метафоралық ауыспалы мағынада беріліп тұр. *The round of the family* – отбасы шеңберінде. Когнитивтік метафораның предикат қызметіндегі етістік арқылы жүзеге асып тұр. «Round – шеңбер, дөңгелек» мағынасы метафоралық ауыспалы мағынада қолданылып, «үй ішінде, яғни отбасы ішінде» деген мағына береді. Бұл мысалды алып қарасақ негізгі фрейм «шеңбер, дөңгелек» мақсат-фрейм «ішінде» сөзіне ауысты. *She poured out the whole story* – ол бүкіл әңгімені жайып салды. Метафора предикат қызметіндегі етістікті қолдануға негізделген. Мұндағы «to pour out – сұйықтықты құю» деген мағынаны білдіреді, бірақ ол сөзді етістікпен «to tell - айту» ауыстыруға болады. Автор айтылған әңгіменің кенеттен болғаны туралы айту үшін осы форманы қолданған. Негіз- фрейм «сұйықтықты құю» жаңа мағынада қолданылып, «айту» мақсат-фреймге ауысып, ұғымды вербалдайды. *The letter was like a boy* – бұл хат балаға қатты ұқсайды. Бұл кезде когнитивті метафора салыстырмалы құрылым түрінде көрсетіліп, зат «boy – бала» жаңа қоршауда қоладанылған. Бұл жерде, яғни сол хат сол бала жаза алатындай хат болып тұр. Сол себептен, зат – адам ретінде қолданылып тұр. *The heat danced over the corn* – бидайдың үстінде ыстық ойнады. Автор ауа-райының қаншалықты ыстық екенін көрсету үшін осы метафораны қолданған. Зат - физикалық әлем бағытында жүргізілген метафоралық ауысу үлгісі предикат қызметіндегі етістік арқылы жүзеге асып тұр. Негіз- фрейм «to dance - билеу» жаңа мағынада қолданылып, табиғат құбылысы «heat - ыстық» мақсат-фреймге ауысады. Сондықтан біз бұл метафораны «the corn died from the heat – бидай ыстықтан өлді» метафорасына ауыстыра аламыз. Келесі мысал ретінде, *Heart*

of London – Лондон жүрегі. Когнитивтік метафора затты атауға негізделген. Зат-физикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу. Мұндағы зат есім «heart - жүрек» жаңа мағынада қолданылып «орталық» деген мағына жасап тұр. Негіз-фрейм- «жүрек» мақсат-фрейм «орталық» сөзіне ауысты. *Soames is a brick* – Сомсов отбасы – ол кірпіш. Когнитивті метафора заттарды атау негізінде, ауыспалы мағынада беріліп тұр. Осы кезде, «brick – кірпіш» ауыспалы мағынада отбасы тұрғысынан қарастырғанда, ол «берік, қатты, мықты» деген мағынада қолданылған. Сол себептен негізгі фрейм «brick-кірпіш» мақсат-фрейм «strong - мықты» сөзімен алмастыруға болады. *He married a good deal of money* – ол көп ақшаға үйленді. Бұл жерде когнитивті метафора сөз тіркесі арқылы берілген. Бұл жерде автор қыздың қаржы жағдайын ерекше айту арқылы, қыздың ауқатты болғандығын және ұлдың тек оған ақша үшін қарағанын білдірткісі келген. Сондықтан біз бұл метафораны «he married a very rich woman—ол өте ауқатты әйелге үйленді» деп мағынасын аудару аламыз. *Bright minutes* – жарқын минуттар. Бұл когнитивтік метафорадағы метафоралық ауысу сын есім арқылы жасалып тұр. Негізгі фрейм «жарқын» мақсат-фрейм «бақытты, есте қаларлық» мағынасына ие болады. «Bright» сын есімі «happy, remembered» ұғымын вербалдайды.

Summer seemed to reign over – жаз мәңгі патшалық ететіндей. Метафора жаз мезгілін сипаттау үшін қолданылып тұр. Когнитивтік метафора, зат-физикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу предикат қызметіндегі етістік арқылы жасалып тұр. Автор «to reign – патшалық ету, үстемдік құру» етістігін осы құбылысқа аудару үшін қолданған. «to reign» негіз-фреймі жаңа мағынада қолданылып, «to be – болу, орналасу» мақсат-фрейміне ауысып, ұғымды вербалдайды. Сол себептен бұл сөз тіркесінің орнына «it was summer here»-ны қолдануға болады. *Cold grey eyes* – суық сұр көздер. Метафора ұғымдар ұйқасына негізделген. Зат-физикалық әлем бағытында жүргізілген метафоралық ауысу үлгісі «cold - суық» сын есімін қолдану арқылы жүзеге асып тұр. «Cold grey eyes» метафорасы адамның сырт келбетін суреттеуде әсерді күшейтеді. «Cold -суық» сын есімін «wicked - зұлым» сын есімдермен ауыстыруға болады. Себебі, «cold - суық» сын есімінде «жылы шырайсыз, қатал, парықсыз» реңктері бар [4].

Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де метафоралық ойға негізделген мақалдарды көптеп кездестіруге болады: піл көтермегенді тіл көтереді; тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады; ашу - ақылдың дұшпаны; actions speak louder than words ; don't teach a fish to swim; love laughs at locksmiths Бір көңіл аударатын жайт, бір сөз әр тілде әр түрлі метафоралық мағына беруі мүмкін. Бәріміз білетініміздей, «ит – адамның досы». Бұған ешкімнің дауы жоқ. Бірақ біреуді «Нағыз ит екенсің!» деп атаса, сол адам туралы өзгелерде жағымсыз әсер қалады, яғни «ит» сөзі адамға қатысты қолданылса сөзге негативті бағалауыштық реңк береді. Орыстіліндедеосындайжағдай (мысалға «Вот, собака!»).«Жылан» сөзіде

қазақ-орыс тілдерінде адамның жағымсыздығын көрсету үшін қолданылады. Көбінесе кейбір нәзік жандыларға қатысты айтылады: «Ол – сұржыланныңөзі!», «Змеяподколотная!». Алағылшын тілінде, бір қызығы, dog, serpent сөздері адамға қатысты теріс әсер беруші сөздер ретінде қолданылмайды[5]. Тілдерде метафоралық қолданыстағы бірдей сөздердің әр түрлі мағына беруі, біздің ойымызша, халықтың тарихымен, өмірлік тәжірбиесімен, таным-түсінігімен байланысты.

Сонымен, метафораның танымдық қызметі тілдің барлық құрылымынан айқын байқалады. Метафоралардың жасалуына адамның ұқсата білу және ассоциациялы ойлай білу қабілеті себепші болады. Адамның әлемді тануы оның тікелей қатысуымен жүзеге асады. Қоршаған әлем адамның өз бақылауы, бағалауы, сезінуі, қабылдауы арқылы танылады. Когнитивтік тұрғыда атауға зәру нысанды таңбалауда кеңінен қолданылатын метафора әртүрлі ұқсастықтарға негізделетіні анықталды. Бірліктердің жасалуы адам ойлау жүйесінің құрылымдық сипатына байланысты фреймдер арқылы түсіндіріледі. Нақты заттарды таңбалауына байланысты жасалған метафоралар заттар мен құбылыстардың сыртқы пішін, қасиеттердің ұқсастығына және қызметтерінің ұқсастығына байланысты негіз-фреймдегі ақпараттардың мақсат-фреймге ауысады. Когнитивтік метафоралар-дерексіз ұғымдарды қалыптастырушы және атаушы метафоралар.

1. Аристотель. Поэтика. Риторика. СПб: «Азбука-классика», 2010 г.
2. Ричардс А. Философия риторики// Теория метафоры. М., 1990.
3. Арутюнова Н.Д. Метафора // Лингвистический энциклопедический словарь. - М.,1990.
4. John Galsworthy. The Man of Property.- Volume 1, of The Forsyte Saga-2014
5. Касимова И.Н. Метафора – тілдің лексикалық қабатын дамытушы құрал.//ҚазҰУ хабаршысы. Алматы, 2005.

Резюме

В статье рассматривается когнитивная метафора как феномен взаимодействия языка, мышления и культуры. Исследуется перевод когнитивная метафоры с английского на казахский язык. Рассматриваются различные примеры когнитивной метафоры.

Resume

The article considers cognitive metaphor as a phenomenon of interaction of language, thinking and culture. The translation of cognitive metaphor from English into Kazakh languages is discussed. This article describes different samples of cognitive metaphor.

УДК 378.18:16.36.20(38.019)

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС
АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ:
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Набидуллин А.- «Аударма ісі» мамандығы 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекші: Шенгелбаева Н.Р. Абай атындағы ҚазҰПУ

Аңдатпа

Мақалада аударма тарихындағы негізгі мәселелерге қысқаша шолу жасалады. Аударма саласындағы әлемдік және қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың аударматанудың дамуына қатысты пікірлері жүйелене келе, ғылымдағы сәйкестік, сәйкестік түрлері, балама ұғымдарына байланысты сәйкестіктер талданады. Соңғы кезде тіл білімінің құрылымды парадигмасының антропоцентристік парадигмаға өтуі нәтижесінде интегралды сипаттағы пәндердің пайда болуы байқалады.

Тірек сөздер: аударматану, сәйкестік, сәйкестік түрлері

Ключевые слова: переводоведение, соответствия, типы соответствия

Key words: translation, equivalence, types of equivalence

Лингвистика философия, психология, әлеуметтік және мәдениет ғылымдары аспектілері негізінде, ең бастысы – тілдік құбылыстар адаммен, оның ойлауымен және практикалық қызметімен ұштастыра зерттеле бастады.

Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі.

Когнитивті лингвистиканы танымдық тіл білімі немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентристік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі зерттеу нысандары – таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой [1, 4].

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі ретінде танымдық лингвистиканың басты ұғымы болып табылады. Ол зерттеудің түрлі қырларына қарай лингвомәдениеттану, психолингвистика және когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастырылуда.

Әлемдік лингвистикада, яғни шетел ғалымдары мен орыс тілші-ғалымдарының зерттеулерінде когнитивтік талдаудың негізгі әдіс-тәсілдері, қазіргі бағыттары, жалпы алғанда, концепт дегеніміз не, оны қалай танып білуге болады дегендер туралы жалпы бағыттар мен көзқарастар Н. Хомский, А. Вежбицкая, Н. Арутюнова, Дж. Лакофф, Г. Филлмор, Ю. Апресян, В. Маслова, Ю. Караулов және т.б ғалымдардың еңбектерінде аталған. Ал орыс тіл білімінде концепт жөнінде алғаш рет ғылыми тұжырым

айтқан С.А. Аскольдов деп аталынды, көптеген зерттеушілер оның көзқарастарын арқау етеді.

Қазақ ғылымына келетін болсақ, бізге дейін бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар жалпы, қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдіргендер деп А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Копыленко, Э. Сүлейменова, Ж. Манкеева, А. Ислам, Қ. Жаманбаева сияқты ғалымдар көрсетіледі, өйткені аталған ғалымдар этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы да пікірлер айтқан. Сондай-ақ бір топ жас зерттеушілер (М. Күштаева, Н. Аитова, А. Сыбанбаева, Ж. Жампейісова, А. Смайлов) де еңбектері бар, олар тікелей осы мәселеге арналған[2, 45].

Дәстүрлі философияда және логикада «концепт» термині (латын тіліндегі «conceptus» - «мән», «ұғым» сөзінің калькасы) лингвистиканың шекарасына еніп, өзіне баса назар аудартып жүргені белгілі. Әрі терминологиялық жүйеде жаңа тың мағыналарға да ие болуда.

«Қазіргі лингвистикаға «концепт» терминінің енуі – дейді Ш.Жарқынбекова, - бірнеше мағынаға ие «ұғым» терминінің шеңберін тарылтуды мақсат етеді. Жалпы ғылымда «ұғымды» көлем (бір ұғыммен берілетін заттардың жиынтығы) мен мазмұннан (бір немесе бірнеше зат белгілерінің жиынтығы) ажыратса, концепт соңғысы – ұғым мазмұнына сәйкес келеді [3, 36]. Маслованың «концепт – эмоциональді, экспрессивті және бағалауыштық сәулелермен көмкерілген» [4, 47] деген пікіріне келіспеске болмайды.

Концепт лингвокогнитивті құбылыс ретінде – бұл «біздің санамыз бен сол ақпараттық құрылымдардың менталды және психикалық ресурсы болып табылатын бірлік. Онда білім мен адамның жинаған өмірлік тәжірибесі көрінеді, адамның психикасында көрініс табатын жадының мазмұнды бірлігі, бүкіл әлемнің бейнесі, менталды лексикон мен концептуалды жүйе» [5, 90].

Е.С.Кубрякова тілдік құрылымдар арқылы айқындалатын концептілер тізбегін екі түрлі бағытта қарастырауға болатындығын айтады:

1. Дүние туралы мағлұматтарды ұстану, көрсету бағытында;

2. Адам санасында белгілі бір мазмұнға сәйкес және әр түрлі жағдайларға қатысты деректерді жинақтау бағытында (біз жұмысымызда аталған екінші бағытты қолданамыз).

Р.М. Фрумкинаның көрсетуінше концепт терминіне неғұрлым сәтті анықтаманы ұсынған А.Вежбицка болды: «объекты из мира «Идеальное», имеющего имя и отражающего определенные представления человека о мире «Действительности». Яғни концепт бізге ойлау үдерісінде беріледі, ол тікелей берілмейді, тіл арқылы беріледі. Сондай-ақ бір сөз әр адамның психикасында әртүрлі менталдылыққа сәйкес келуі мүмкін. Бұлай «әртүрлі концептуалдану» әртүрлі тілдерде ғана емес, бір тілде сөйлейтін бірнеше адамда бір сөз түрліше концепт ретінде қабылдануы мүмкін. Бұлай әртүрлі «концептуалдау» әртүрлі тілдерде ғана емес, бір тілде сөйлейтін бірнеше адамда бір сөз бірнеше концепт ретінде тұратын жағдайлар да болады [3, 37].

В.Н. Телияның тұжырымы бойынша, «концепт – «Шындық» әлеміндегі нысандар туралы білімнің «Оңды» әлемдегі білімге ауысуы» [6, 97], яғни біз білетін нысанның барлық қыры (экстенсиясы). Ғалымның тұжырымы бойынша, концепт – бұл адам ойының ізгі құбылысы болғандықтан, ол тек тілге ғана емес, адам санасына да тиесілі. Концепт – бұл құрылым, ол тілдік білдірулер және тілдік емес білімдер арқылы пайда болмайды, олар арқылы тек реконструкцияланады.

Концептік талдаудың басты мақсаты – ғалам туралы білім моделін құру және ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру.

Демек, когнитивтік ғылым базасында, терең зерттеулердің нәтижесінде концептінің санада ойлау әрекеті арқылы қалыптасып, психикалық ментальді қабілеттері негізінде танылатыны айқындалды. Кең ұғымда концепт – санадағы менталды бірліктер мен психикалық ресурстар қызметі арқылы индивидтің тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық құрылым.

Түрлі халықтардың әлемнің тілдік бейнесі тұрғысындағы таным-түсініктеріндегі, философиялық ой-толғамындағы, психологиясындағы, менталитетіндегі ерекшеліктерді салыстырып, салғастырып анықтауда түр-түс атауларының ерекше орын алатынын көреміз.

Түр-түс атауларын этнолингвистика аясында зерттеудің өзектілігі туралы ғалым М.М. Копыленко былай деп жазады: «Отметим еще добротные этнолингвистические труды, пионерские по своей сути, которые призваны возбудить интерес к анализу отражения в языке тех или иных сфер духовной культуры. Таковые исследования, посвященные семантике цветообозначений и символике цветовой гаммы» [7, 28]. Осылай дей келіп, ғалым түр-түс атауларының түркологияда талдануындағы «пионер» еңбектер ретінде А.Н. Кононовтың, А.Т. Қайдаровтың, Г.И. Арнольдтің, Л.Л. Ғабышеваның еңбектерін атайды.

Қазақ ғылымында түр-түстің толық сипаттамасы жасалған алғашқы еңбек – «Сырға толы түр мен түс» деп аталады [8]. Бұл жұмыс, түс атауларына қатысты тұңғыш еңбек деп санауымызға көптеген негіздер бар; олардың бастылары мыналар:

- түстердің зерттелу тарихынан толық мәлімет алуға болады, яғни жұмыста түр-түс тану ғылымының бұдан 150 жылдай бұрын басталғанын, бұны Ньютон, Ломоносов, Вернер, Риджвей, Саккардо, Рихтер және т.б ғалымдардың қарастырғаны туралы дерек берілген;

- түстердің негізгі физиологиялық қасиеттері талданған; авторлар «өмірде кездесетін заттардың түр-түсі ахроматты және хроматты болып екіге бөлінеді. Ақ пен қара түстердің барлық реңдері ахроматты болады, ал сары, жасыл, көк, қызыл, күлгін және басқа түстердің түрлі реңктері хроматты түр-түске жарады. Ахроматты термин қазақша «түссіз» деген ұғымды білдіреді» деп жазады [8, 18 б.].

- түр-түс атауларының ұлттық ерекшеліктері талданады;

- әрбір халықтың тіліндегі түр-түс атауларының саны туралы дерек беріледі [9]. Авторлар Р. Фрумкинаның айтқанын негізге ала отырып, орыс тілінде тек бір сөзбен берілетін түр-түс атауларының жалпы саны 150-ден аспайтындығын, осылардың 80-90 пайызы тілдік табиғаты айқын, заттық негізі белгілі атаулар екендігін жазады [10, 49 б.];

- ал қазақ тілінде түбір сөздерден тұратын түс атауларымен қатар, туынды түбір, біріккен сөз түрінде, сөз тіркестері түрінде берілетін атаулар саны өте мол; бұны авторлар дәл көрсеткен;

- түр-түс атауларының жасалу жолдары, олардың қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдер талданады.

Осындай еңбектердің негізінде біз де әрбір халықтың тіліндегі түр-түс атаулары маңызды категория деп танымыз. Олардың аудару үдерісінде қалай жеткізілетіні де маңызды болып табылады. Өйткені түр-түс атаулары әр халықтың символикасын, ұлттық ерекшелігін, қоршаған ортаны қалай қабылдап, қалай бейнелейтіндігін көрсететін тілдік бірліктер тобы болып саналады. Осы тұрғыдан келсек, тіл-тілдердегі түр-түс атауларын бір жағынан идиоэтникалық айырмашылықтары бар, екінші жағынан универсалды болып саналатын концептілер деп бағалаймыз. Енді осы ретте біз, алдымен, жалпы әлемдік лингвистикадағы «концепт» мәселесінің анықталу жағдайына кеңірек тоқталамыз. Өйткені бұның түр-түс атауларына сондай-ақ олардың аударылуына тікелей қатысы бар.

Тіл таным құралы болып, қоршаған ортаны тілдік таңбалар арқылы танытқанның өзінде, сол танымның өзі ең алдымен номинациялық атау, одан әрі қоршаған әлемнің фрагменттерін образды тіркестер, метафора, метонимия арқылы жүзеге асырылады. Семантикалық сипаттамалар арқылы танымның қандай дәрежеде екендігін білуге болады. Мысал келтірелік.

Қазақ тіліндегі «сары» деген түс атауына байланысты мынадай пікірлер бар:

- бұл біріншіден, концепт, оның ішінде қазақ ұлтының дүниетанымын танытатын концепт;

- бұл сөзде геосимволика бар; өйткені «сары» сөзі негіз болған жер-су атаулары (Сарыжал, Сарыбел, Сарысу, Сарышаған, Сарыарқа) қазақ ұлтының географиялық объектілерді көзбен қалай қабылдағанын білдіреді [11, 112] .

- сары дала, сары жайлау, сары бел деген тіркестер (ұлан-ғайыр кең дала» дегенді білдіреді);

- жалпы, «сары» деген сөздің өзінің семантикасында «биік қырат, кең даланың жоталы жоны» деген мағынасы бар [12, 87] .

Осындай қорытындылар жасауға ғалымдар сөздің семантикасы, ол арқылы жасалатын тіркестердің мағынасына талдау арқылы қол жеткізіп тұр. Өйткені осы лексеманың номинациясы мен семантикасына метафоралық және метонимиялық атауларға келетін болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» толық дерек бере алады: сөздікте негізгі мағынадан басқа 50 ауыспалы мағына көрсетілген [13]. Осы көлемнің ішінде бірақ Ә. Қайдаров,

Б. Өмірбеков, З. Ахтамбердиев, Н. Күлшарипова және Ш. Жарқынбекова сияқты ғалымдар басқа да семантикалардың бар екендігін көрсетпейді. Түсіндірме сөздікте сондай-ақ жоғарыда аталғандай «биік қырат, кең даланың жоталы жоны» деген мағыналар ұсынылмайды. Ғалым Р. Садықова сөздіктегі «сары» сөзінің мағыналарын былайша топтастырады:

- түстің бір түрі
- адамдар жиынтығы (*сары бала; самсаған сары қол*);
- жас, жетілмеген (*сары ауыз балапан, сары езу, сары балақ егін*);
- ұзақтық (*сары жамбас болу; сары жел; сары сүйек, ұзын сары шақ*);
- қайғы-қасіретке түсу (*сары уайым*);
- ұлғайған жас (*сары қарын бәйбіше*) және т.б

Сондай-ақ қазақ әдеби тілінің қазіргі қолданысында *сары бидай* (әдемілік; әннің аты), *сары басылым* (төмен сапалы деген мағынада; бұл ағылшын тіліндегі *yellow* «сары» - «қорқақ» деген мағынадан шығып, «*желтая пресса*» - *сары басылым* болып, калька жолымен жасалған) деген актуалды тіркестер де бар [2, 89].

Енді ағылшын тіліндегі «сары» деген түс атауына байланысты таным-түсініктерге шолу жасайтын болсақ, мынандай деректерге тап боламыз:

Сары түс – *yellow* ағылшын тілінде негізгі мағынасымен қоса, қорқақтықты білдіреді. Америкалық ағылшын тілінде *yellow streak, yellow dog* – қорқақтық. Сондай-ақ қазақ тілі мен ағылшын тілін сары түспен байланысты салғастырудағы ұқсастық екі тілде де сары аурумен байланысты. Ағылшын тіліндегі *yellow fever, yellow jack* – қазақ тіліндегі *сары ауру* дегенді білдіреді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі *сары* түсінің семантикалық құрылымдық талдауларын салғастыра келгенде, генеалогиялық жағынан туыс емес тілдер болып саналатын аталған екі тілде сары түске байланысты біркелкі танымның болуымен қатар, ерекшеліктер де байқалды.

Өзге тілдерге қатысты материалдарды қарастыратын болсақ, ғалым А. Залевскаяның талдауы бойынша төмендегілерді атап көрсетеміз: *сары түс* – неміс халқында жек көрушілік, қызғаныш, жалғандық, сатқындық, америкалықтарда – *қорқақтық, қауіп төнетіндей жағдай*, француздарда – *сатқындық*; орыс ұлты үшін – *күзгі жапырақ* деген ассоциацияларды тудырады [61, 129].

Демек «сары» сөзінің қазақ және ағылшын тілдеріндегі когнитивтік семантикасы арқылы оның ұлттық мәдени концепті ретіндегі сипатының да маңызды екенін көрсету болып табылады.

«Ақ» - бұл халықаралық және ұлттық, сондай-ақ геосимволикаға ие түс атауы. Өйткені «ақ» барлық халықтардың тілінде де бар. Негізгі атауды жалпы түсінік аясында, қоршаған ортадағы кейбір объектілерге (олардың түсі *ақ* болса немесе қарама-қарсы оппозицияда болса) байланыстыра қарау; негізгі сөзден сөз тіркестерін жасау; негізгі сөздің символдық ауыспалы

мағынада болуын байқау арқылы «ақ» сөзінің универсалды және идиоэтникалық сипаты қаншалықты екендігін қорыта аламыз.

Қазақ тілінде «Ақ» түс – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» т.б мағыналарды аңғартады», - дейді Ә. Қайдаров [14, 65].

Концептілерді зерттеушілердің бір тобы концептіні анықтау үшін тілдік бірліктің этимологиясын, қайдан, қалай пайда болғанын анықтау керек деп санайды. Бұл тұрғыда жүргізілген зерттеулер түр-түс атауларының концептілік мазмұнына да қатысты орын алғанын аңғарамыз.

Ш. Жарқынбекова қазақ тіліндегі «ақ» сөзі араб-парсы тіліндегі «хақ» сөзінен бастау алған деп есептеп, әрі Ж. Каракузованың, М. Хасановтың пікірлеріне қосылып, бұл «басталу, дүниеге келу, жаңару» деген түйін жасайды, үлкен негіз – концепт деп санайды [11, 115].

Ағылшын тілінде *ақ* түсіне байланысты талдау барасында ағылшын тілінде *қара* түсті жағымсыз, ал *ақ* түсті жағымды нәрселермен байланыстыру дәстүрі сақталғандығына көз жеткіздік. Сондықтан да *қара* сын есіммен келетін номинативтік атаулар жағымсыз коннотацияда, сәйкесінше *ақ* сын есіммен келген атаулар жағымды коннотацияға ие. Айталық, *black sheep* (қара қой), *black market* (қара базар), *black mail* (бопса (сөзбе-сөз аударғанда қара пошта), *black soul* (қара рух) – осы аталғандардың барлығында да *қара* қаталдықпен ассоциацияланады, оның үстіне *қара* түсі ағылшын тілінде қара жамылудың, өлімнің түсі болып саналады: *black dress* (қара көйлек), *black armband* (қара қол бауы). Керісінше, *ақ* түс – әлемнің түсі (*white dove* – ақ көгершін – бейбітшіліктің түсі), қалыңдық көйлегінің түсі, барлық жақсылықтың, тазалықтың түсі.

Тіпті ағылшын тілінде жағымсыз мағынада берілетін *white* сөзімен келген тіркестің құрамында *ақ* түс жағымсыздықтың күшін азайтады, жұмсартады, айталық, *white lie* – құтылу үшін айтылған өтірік, адамгершілік тұрғыдан ақталатын өтірік.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі аударма үдерісінде дәнеркер тіл қызметін атқаратын орыс тіліндегі *ақ* және *қара* түстерімен берілетін метафоралық мағыналар көбінесе ағылшын тілімен сәйкес келеді: *черная душа*, *черная весть*, *черный день*, *черный глаз*, *черный враг*. Әрине бұлардың ішінде қазақ тіліндегі метаморфалық тіркестермен сәйкес келетіндері де бар: *қаралы күн*, *қаралы хабар*. Орыстар әдетте өмірлік маңызы бар нәрселерді қаралы күнге сақтаса, ағылшындар жаңбырлы күнге сақтайды: *against a rainy day*.

Ағылшын тіліндегі *white man* және *black man* тіркестері қазіргі күні кездейсоқ үлкен мәнге ие болып отыр. «Политическая социология английского языка» атты еңбектің авторы Али Мазури «Расистік көзқарастың кесірінен дағымсыз, Али Мазури бұл дәстүрді жынды қара түспен, періштелерді ақ түспен бейнелейтін христиан дінінің таралуымен байланыстырады [16].

Демек, ағылшын тілінде ежелден қалыптасқан ақ түстің нышандық мағынасы – жақсылық, қуаныш, тазалық, пәктік, адалдық. Осымен байланысты манадай тіркестер ағылшын тілінде қолданысқа ие:

white hot– таңқалдырарлық, толқытарлық;

to mark with a white stone– қандай да бір күнді ерекше бақытты күн ретінде атап өту;

white hope – перспективалы адам;

white lie – жақсылық үшін айтылған өтірік;

white-haired / white-headed boy– сүйікті;

to be whiter than white– әділ, адамгерішілікті болу;

lily-white reputation – таза абырой;

white hands – адалдық, таза абырой;

white light– объективті түрде жарықтандыру .

Ақ түстің ағылшын тілінде жағымсыз мағынасы да бар: ауру, қорқу, қорқыныш, жалғыздық, толқыныс:

to be / look white as sheet (ghost, death) – қатты бозарып кету (әдетте қорқыныштан немесе толқудан);

white-knuckle – қауіпті болғандықтан қатты толқу шақыратын оқиға немесе сапар.

Ағылшын тілінде ақ түс қорқақтық дегенді де білдіреді: *white feather / liver* – қорқақ.

Жоғарыда келтірілген бұл деректер *ақ* түс атауының қазақ және ағылшын тілдеріндегі когнитивтік семантикалық мазмұнының ұқсастығын көрсетеді. Әсіресе *ақ* түстің жақсылық, қуаныш, тазалық, пәктік, адалдықпен ассоциациялануы екі халықтың осы түске байланысты таным-түсінігінің ортақтығын білдіреді.

Шындығында да, жоғарыда айтылғандарды қорытып келгенде, «ақ» универсал концептілердің қатарына жатады. Сонымен қатар біз «ақ» деген түс атауын ұлттық-мәдени концепт; оның концептілік сипатын өзге тілдерге аудару барысында ескеру қажет деп санаймыз. Ұлттық, идиоэтникалық ерекшеліктері бар. Концепт деп санауымыз үшін төмендегілерді негіз етіп алып отырамыз (біз бұл арада лексикографиялық еңбектердің материалдарына және көркем әдебиеттен алынған фактілерге сүйенеміз):

– «ақ» шындығында да «адал, таза, күнәсіз» деген мағыналарды береді;

–қазақ мәдениетінде бұл өмірдің бастауы, өмірдің негізі «әйел-ана» ұғымымен байланысты; мысалы, *ақжаулық, ақорамал (келін түскенде ақ орамал салады); ақшапты ана; бұнда «ақ» сөзінің негізгі мағынасы (түс атауы екендігі сақталып отырады);*

– «ақ» - әдеміліктің, сұлулықтың белгісі; мысалы, *ақшарбы бұлт ақша бұлт, ақшаңқан, ақжүзді, аққұба, аққайың, аққу, ақшағала.*

–тазалықты, пәктікті, адалдықты танытады; мысалы, *ақкөңіл, ақжүрек, ақпейіл, ақниет, ақ бота, ақ жол тілеу, ақтілек;*

– Қазақ халқының өзінің менталдық ерекшеліктеріне сай болып келіп, геосимволикада, ономосимволикада кеңінен қолданылады; мысалы, *Ақбота, Ақнұр, Ақжелең, Ақсәуле, Аққұсым (ән-күй атаулары), Ақадыр, Ақтөбе*;

– қоғамдық өзгерістерге сай жаңа универсал номинацияларды жасауға қатысады. Мысалы, *Ақ үй, Ақорда, ақ алтын, ақ маржан (күріш)*.

Ал ағылшын тілінде «ақ» түстің концепт болуына төмендегілерді негіз етеміз:

- «ақ» – жақсылық, қуаныш, тазалық, пәктік, адалдықтың белгісі;
- «ақ» – ауру, қорқу, қорқыныш, жалғыздық, толқыныс;
- «ақ» – қорқақтық.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикалары тұрғысындағы жоғарыда анықталған ұқсастықтар жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының ағылшын тіліне аударылуы барысына оң әсерін тигізсе, ал қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикалары тұрғысындағы жоғарыда анықталған айырмашылықтар трансформация кезінде кейбір түс атауларының түсірілуіне немесе сипаттамалық, түсіндірме әдістер арқылы берілуіне ықпал еткендігіне көз жеткіздік.

Классикалық көркем әдебиетте мәдени кодтың барлық үлгісі көрініс табады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ ұлттық мәдениетінің тұтас бір дәуірін көрсететін, оны әлемге танытқан туынды болса, шығарма авторы – Мұхтар Әуезов осы эпопеяда қазақ тілінің барша байлығын шебер пайдаланумен қатар, әрбір лексеманың қандай мәдени кодта жұмсалатынын, қандай концептіні беретінін асқан ойшылдықпен қамтыған. Түр-түс атауларының тілдегі ұлттық бояуы турасында Ш.Жарқынбекова төмендегі пікірді айтады: «... наибольшая степень национальной специфики развития цветоконцептов проявляется в пространственном, временном, антропоморфном кодах в силу различий в системах цветовых символов, сложившихся в рамках культур двух неродственных языков продуктивность пространственного и временного кодов в концептах казахской лингвокультуры обусловлена особенностями кочевого образа жизни, сформировавшего специфику мировосприятия казахского социума» [11, 32].

Жалпы алғанда, «Абай жолында» түр-түс атаулары кеңістікті білдіру, табиғатқа байланысты мақсаттарда әр түрлі лексикалық-семантикалық өрісте қолданылған.

1. Әбікенова Г. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. – Семей: М.О.Әуезов атындағы Семей университеті. 2008. – 118 бет.

2. Садықова Р.К. Түр мен түс атауларының аудармада берілуі («Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аудармасы негізінде). // Фил.ғ.канд. дисс. – А., 2010. – 147 б.

3. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

4. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. Москва: «Наследие», 1997. – с. 206.
5. Кубрякова Е.С. Концепт \ Кубрякова Е.С., Демьянков В.З. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1996. – с 90-97.
6. Телия В.Н. Русская фразеология. – М., : Школа «Языки русской культуры»; 1996. – 288 с.
7. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы: Ақыл кітабы, 1997. – 178 с.
8. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.
9. Фрумкина Р. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука, 1984. – 105с.
10. Алдашева А. Аудармадағы баламалылықтың түрлері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2006. – №4. – 125 б.
11. Жарқынбекова Ш Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках: дисс. ...доктора филол. наук. – Алматы, 2004. – 265 с.
12. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 105 б.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – 8-том. – Алматы: Ғылым, 1985. – 591 б.
14. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 105 б.
15. Залевская А.А. Слово в лексиконе человека // Психолингвистическое исследование.–Воронеж: Изд.Воронежского университета, 1990.–205с.
16. Цвета на английском языке. - <http://englishon-line.ru/leksika-spravochnik6.html>

Резюме

В статье рассматриваются и анализируются выводы, касающиеся понятия эквивалентности в переводе.

Resume

The article discusses and analyzes the findings concerning the notion of equivalence in translation.

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ
ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА
LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS

ӘОЖ 812761

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕРІЛУ
ЖОЛДАРЫ

Беркінбаева Г.О.- оқытушы, *Көптілді білім беру институты, Абай*
атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
[G u l n a z k e n@mail.ru](mailto:Gulnazken@mail.ru)

Аңдатпа

Берілген мақалада қазіргі техногендікөркениеттің дамуы барысында үлкен маңыздылыққа ие болған тіл біліміндегі бейнелеуіш құралдардың бірі –идиома, оның ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару жолдарының ерекшеліктері қарастырылып, идиома аудармаларына байланысты мәселелерді шешудің әр түрлі амал-тәсілдері ұсынылады.

Тірек сөздер: Идиома, аударма, әлемнің тілдік бейнесі, тұрақты сөз тіркестері, фраза, түпнұсқа мәтін, ертегі.

Ключевые слова: Идиомы, перевод, картина мира, фразеологические устойчивые словосочетания, фраза, оригинал текст, сказка.

Keywords: Idioms, translation, picture of the world, phraseological set phrases, phrase, the original text, a fairy tale.

Идиома –әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі болып табылады. Олар субъектіге қатысты, яғни әлемді суреттеп қана қоймай, оны түсіндіруге, бағалауға, талдауға септігін тигізеді. Идиомалардың атауыштық бірліктерден айырым белгісі осында.Идиомдарды аудару жайында түрлі-түрлі пікір тараған. Бірі аударуға болады десе, екіншісі, керісінше, аударуға болмайды дейді. Мұндай кереғар пікірлердің туу себебі мынада. Біріншіден, идиомдардың ерекшеліктеріне байланысты. Екіншіден, идиом сөздердің аударылу тәжірибесін қорытып зерттеген нақты еңбектің күні бүгінге дейін болмауында. Үшіншіден, бұл мәселе жайында пәлендей бір ереже жасау қиын-ақ. Сондықтан әрбір нақты іс, тәжірибе үстінде аудармашы өзінің білімі, таланты, шеберлігінің шама-шарқына орай бұл мәселені өзінше шешуі тиіс[1].

Идиомалар, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі проблеманың бірі. Аударма тәжірибесінде идиомаларды екінші тілге берудің неше түрлі қиындықтары кездесіп, теориялық тұжырым жасауға итермелейді. Өйткені әр тілдегі идиомалардың мағыналық және стилистикалық қызметі алуан-алуан болады. Оның құрамына кірген сөздердің байланысы да әр тілде әр қилы.

Міне осыларды аудару кезінде әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді. Ал идиомаларды бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аса қажет, әрі барынша қиын проблема екенін сол еңбектерден және көркем әдебиетте қолданылып жүрген идиомалардың табиғатынан-ақ тануға болады. Ғылым да идиома мәселесі сөз бола бастаған уақыттан-ақ оны екінші тілге аудару жайы қарастырылып келеді. Идиомалардың аудармасы жөнінде әдебиетші ғалымдар да, тіл білімпаздары да, жазушы-журналистер де бірде арнайы тоқтап, енді бірде белгілі бір проблемаларға байланысты пікірлерін айтқан. Тілші ғалымдардан бұл салада ой толғағандардың бірі - І. Кеңесбаевтың мына бір тұжырымын алдымен еске алған жөн. «Аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс деп ойлаймыз».

Академик ғалым «Қазақ тілінің идиомдары туралы» деген зерттеуінде аудару техникасына да байланысты өз топшылауларын айтқан. Ол идиома, мақал, фразалардың өзара айырмашылықтарын талдайды да, оларды басқа тілдерге аударудың жолдарын қарастырады. Бұларды аударуға бола ма, болмай ма деген сұрақтарға жауапты ғалым мақал, фраза, идиомдардың өз қасиеттерінен түзейді. Әрбір жеке тілдің өзіне ғана тән және анағұрлым көнеленген идиомдар сияқты категорияларды «калька» ретімен алмасқа лаж жоқ дейді. Мақал, фраза, идиомдардың лексикалық өзгешеліктерін егжей-тегжейлі талдайды да, олардың сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін түяді. Бірақ І. Кеңесбаев бұларды бір тілден екінші тілге мүлде беруге болмайды деп үзілді-кесілді пікір айтпайды. Оларды аударудың әртүрлі жолдарын «ізденіп мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін жұртқа түсінікті етуді қарастыруымыз керек», - деп түсінеді[2].

М.Балакаев, Е.Жанпейсов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар «Қазақ тілінің стилистикасында» идиомалардың аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, идиомаларды аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер:

Біріншіден, «идиомаларды аударуда оның жалпы мағынасы беріледі».

Екіншіден, «идиомаларды аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін» айтады. Тіл-тілдегі идиомалардың өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз.

Үшіншіден, «көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады». Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомдарды бөліп алады [3].

Идиомларды аудару керек пе немесе эквивалентін табу керек пе деген мәселе айналасында да талай пікір тараған. Жоғарыда ескерткеніміздей, кейбір әдебиетші ғалымдар егер идиомаларды аударсақ түпнұсқадағы мағына мүлде жоғалады, бастапқы әсерден жұрдай болады дегенді айтады. Ал басқа зерттеушілер, әсіресе К.Чуковский барлық жерде бірдей идиомаларды ана

тіліндегі баламасын іздей бермей, қайта мүмкіндігінше аударуға тырысу керек дейді... «ибо народные идиомы тем-то дороги, что в них самобытная живопись. Национальные приемы мышления».

Мұндағы аудармалар – әр тілдің идиомалардың қорын байытатын көз. Осымен бірге сөзбе-сөз аударманың өрескел категе апарып соқтыратын сәтсіз мысалдарын да әртүрлі саяси көркем әдебиеттен алып көрсетеді.

Идиомалар аударуға болатынын көрдік. Оның бірнеше жолы бар. Әрине, мұның бәрі аударма сияқты азабы мен қызығы мол істе дөп келе бермеуі мүмкін. Қалай дегенде де аудармада түпнұсқадағы кестелі сөздерді келісімді етіп беруге әбден болады.

Осы мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі идиомалардың мағыналық (семантикалық) жүйелерін салыстырып, оларды бір-бірімен салғастыра қарастырдым.

Астана қаласы, “Фолиант” баспасында шығарылған М.Әкімжановтың қазақ тіліне аударған “Аладдин және оның сықырлы шамы” ертегісінде аудармашы идиомалық тіркестерді жиі қолданады [4].

Бұл ертегінің ағылшын тіліндегі «The Blue Fairy Book. London: Longmans, Green & Co.» атты баспасында мынадай үзіндімен келтірген. [5].

Мысалы,

1) Aladdin, I think you were born with a silver spoon in your mouth... . A month has hardly passed, and everything seems to be coming your way. - Аладдин, меніңше сенің жолың болғыш. ... Ай өтпей жатып, барлығы сенің жағыңда болып жатқандай.

«born with a silver spoon in his mouth» (с.с.аудармасы: аузында күміс қасығымен туылу) // «жолы болғыш» деген идимада ертеде христиандықтар рәсімі бойынша Апостол (христиан дінін уағыздаушы адам) жас нәрестені өз дінін ұстаушы қатарына қабылдап, шоқындырған. Сондай-ақ бұл рәсім бойынша, нәрестенің дүниеге келген сәтін күткен әрбір ата-ана баласының ақыл парасатты болатынына кәміл сенген.

2)What have I done to him? He gave me the cold shoulder the whole evening at the party- Мен оған не істеп қойдым, ойын-сауық кеші бойынша салқын қабақ танытатындай?

Ағылшын тіліндегі идиомамен көрсетсек, to give somebody the cold shoulder (с.с.ауд.: салқын тәсіл беру) //салқынжүздік көрсету. Ағылшындықтар да келген қонақтың асты-үстіне түсіп күтетін әдеті бар. Бірақ бұрын үй иесінің қаламаған қонағы кенеттен келсе, ас-ауқаттың соңында салқын ет тарту әдеті болған. Бұл үй иесінің келген қонаққа көңіл хошын білдіртпегендіктің белгісі болған

3)Aladdin realized that in order to feather his nest he have to talk to djin. Аладдин байлыққа қол жеткізу үшін джинмен сөйлесу керек екенін түсінді.

To feather one's nest (с.с.ауд.: ұяны қауырсынмен безендіру). «Қалтаны толтырып алу, баю» мағынасындағы бұл тіркес құстар ұяларының жұмсақ әрі

жайлы болуы үшін оны қауырсын жүндерімен көмкеріп жиектеу негізінде қалыптасқан. Ағылшындықтар құстардын әр қимылын-қозғалысын байыппен қараған.

4) She made a bona fide deal to help him.- Ол шын ниетімен оған көмектесуге келісті.

Bona fide тіркесінің уәжі көмескі түрінде көрінеді. Латын тіліндегі «адал, адал ниетпен» деген мағынаны білдіретін тіркес келісім шарт жасауда сенім қағаздарын көрсету негізінде қалыптасқан.

5) «Do stop playing the goat», said the king plaintively. «You don't know how serious this is» . - «Ақымақ болуды тоқтатыңыз», - деді хан наразылықпен. «Сіз мұның қаншалықты маңызды екенін білмейсіз.

To play the goat (с.с.а.: текедей ойнақшу). «Ақымақтану» мағынасын беретін бұл тіркес текенін секіректен ойнақшыған жеңіл мінезінің негізінде қалыптасқан.

Қорыта айтқанда, қай халықтың болмасын идиомалар - тілді жаңа қырынан, ерекше бір көркем бейнелермен толықтырып отыратын арнасы мол таусылмас қазына. Халықтың төл туындысы болып табылатын идиомалар атадан балаға беріліп келе жатқан, өн бойы халық тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін сипатқа толы асыл мұра. Олар тіл иесі халықтың күллі дүние-ғалам жайлы ұғым түсініктердің, өзін қоршаған шындық болмысты тұтастай қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жеткізілуі.

- 1) Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. -194б.
- 2) Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы // Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Ғылым, 1997.-712 б.
- 3) Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Дәуір, 2005. -256 б.
- 4) Қазақстан Республикасы Мәдениет Министрлігінің Тіл Комитеті “Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту” бағдарламасы бойынша шығарылған. Аладдин және оның сиқырлы шамы. – 2012. – 20 б.
- 5) The Blue Fairy Book. London: Longmans, Green & Co. 2000. –100 p.

Резюме

В ходе процесса развития современной техногенной цивилизации идиомы и их особенности перевода с английского языка на казахский язык приобрели колоссальную важность в области языкознания. В данной статье рассматриваются специфичность перевода идиом с английского на казахский языкии предлагаются различные пути решения данных переводческих проблем.

Resume

In the process of technogenic civilization development idioms and their features of translation have gained colossal importance in the sphere of linguistics. This given article considers specific characteristics of the idioms' translation from English into Kazakh and suggests various ways of solving such kind of translating issues.

СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЗИЦИЯ КОРЕННОГО ГЛАГОЛА В КАЗАХСКОМ И АРАБСКОМ ЯЗЫКАХ

Абдрахманова К.Х.- канд.филол.наук, проф. Каз НПУ имени Абая
agulsum@mail.ru

Аннотация

В статье подчеркивается, что категория глагола в каком бы ни было языке одна из самых трудных, что глагол – самая сложная часть речи заметно из его лексико-семантических особенностей, из непроизводных глаголов и добавленных на него наслоений грамматических форм, из системы образования новых слов, области применения, из выполняемых им в слове синтаксических функций и также из других лексико-грамматических свойств. В статье, путем сравнительного метода, исследованы различные непроизводные глаголы в арабском и казахском языках, обстоятельно излагаются особенности структуры. Приведены примеры из трудов многих ученых – востоковедов, исследовавших непроизводные глаголы. Определяются схожесть и различия непроизводных глаголов арабского и казахского языков.

Ключевые слова: словообразование, общее словообразование, система словообразования, непроизводные глаголы, синтаксические функции, глаголы казахского и арабского языков, лексико-грамматические особенности, структура глагола.

Key words: derivation, general derivation, system of derivation, non-derivative verbs, syntactic function, verbs in Arabic and Kazakh languages, lexical-semantic features, structure of the verb.

Тірек сөздер. түбір етістіктер, морфемалық, туынды түбірлер.

Под словообразованием понимается создание новых слов путем комбинации существующих в языке лексических и грамматических элементов. Предметом рассмотрения в словообразовании являются исключительно производные слова. Под производностью слова понимается мотивированная связь между двумя словами с единым корнем, подчиненная системе сложившихся в языке словообразовательных отношений. Таким образом, производными словами называются те, которые образованы от других слов, безотносительно к морфологическому строению своих основ, ибо в этом случае безразлично, является ли данная производная основа простой или расширенной.

Какая бы не была сфера языка, на его развитие и качество влияют наружные и внутренние причины. Поэтому изменения в языке, его развитие, дополнения, причины развития состава предложений подчиняются процессу словообразования.

Производные слова являются главным фактором исследования словообразовательной среды. В арабском языке термин

«словообразование» называется *al-ištiqāq*. Этот термин используется в двух значениях. Сначала этот термин использовался для определения корня слова, его главного лексического значения, этимологии и генетической связи. Другое более позднее применение этого термина прямо связано с образованием новых слов с новыми лексическими значениями и обозначало «образование слова от другого слова с сохранением связи между производным и производящим по форме и значению». По словам В.М.Белкина, словообразование это - образование новых слов, путём смешивания лексических и грамматических элементов в языке.

Арабские лингвисты дали корневым глаголам название «породы», которые повлияли на производные корни. Для количества и места букв, что добавляются к глаголу и влияющие на лексическое значение были использованы в качестве образца. Подобный образец стали отмечать буквами *فعل*. В арабском языке насчитывается 15 глагольных пород, чаще всего из них используются - 10. Корневой глагол первой породы, состоящий из трёх согласных звуков стал владельцем трех главных составных частей: *[fa'ala]*, *فَعْلٌ [fa'ula]*, *فَعِلٌ [fa'ila]*. Остальные породы образуются с помощью добавления разных аффиксов (инфикс, трансфикс, префикс).

Первые знания о словообразовании в арабском языке появились в среднем веке. Образование новых производных слов с помощью старых примеров называется аналогией образования слова. Об аналогии образования слова можно узнать из трудов, написанных учеными среднего века, таких как Халил ибн Ахмад, Абуусман аль – Мазини, Абуали аль- Фариси, ибн Жинни. Ибн Жинни в арабском языке придаёт большое значение термину словообразование в своей работе под названием «Аль хасаис» [1:99]. Он разделил словообразование на четыре вида. Первый вид был назван *al-ištiqāq aṣ-ṣagīr* (الاشتقاق) или *al-ištiqāq al- 'āmm* (الاشتقاق العام) «общее словообразование». Здесь понималось как образование одного слова от другого с изменением формы и связью слов по значению с сохранением тождества корневых согласных и порядка их следования. Ибн Жинни дал простому словообразованию четыре основных признака, это:

- 1) корень должен состоять из согласных звуков (س، ل، م);
- 2) должен сохраняться порядок слов согласных звуков в предложении, если порядок не будет сохраняться, то и основа словообразования изменится;
- 3) в каждом словообразовательном гнезде должно быть свое значение;
- 4) в каждой основе должна быть своя языковая особенность.

Второй тип – большое словопроизводство [*al-ištiqāq al- kabīr*] -)

(الاشتقاق الكبير), иначе называемое лексической субституцией [al- 'ibdāl al-lugawiyū] (الاشتقاق اللغوي). К этому типу относятся слова, образованные от других слов с заменой одного из согласных корневой основы тождеством неизменных согласных, с сохранением порядка следования корневых и совпадением значений этих слов. Например, hatara – hatala «обманывать», sariba – zariba «уходить».

Третий тип – большое словопроизводство [al-ištiqāq al- kubar], иначе называемое также лексической метатезой (القلب اللغوي) al-qalb al-lugawiyū, толкуется как образование одного слова от другого с изменением порядка следования согласных корневой основы, сохранением порядка следования согласных корневой основы, сохранением тождества букв и значений слов:

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Шығыста ұлт-азаттық қозғалыстар үлкен қарқынмен жүріп өтеді. Шығыс елдері өз тәуелсіздігін алғаннан кейін туған негізгі сұрақтар бүкіл қоғаммен бірге әдебиеттің де өзгеруін талап етеді. Жаңа прогресшіл шығыс әдебиетіндегі тығыз қарым-қатынастар Батыстан Шығысқа қана емес, Шығыстан Батысқа да қарқынды жүрген. Шығыс халықтарының мәдени мұрасы мен жаңа шығармалары кең оқырман аудиториясына ие болды.

Мысыр жазушылары Нагиб Махфуз, Закарийа Тамер, Дрис Шрайби, М.Фераун және тағы басқалары жаңа өмірдің негативті жақтарын аша отырып, адамның өзгерген қоғамдағы мағынасына көп көңіл бөледі. 1952-жылғы революция Египеттің әдебиеті үшін жаңа өзгерісті кезеңі болып келді. Бұл кезең күрделі тарихи процесстермен бірте-бірте жетілді. 1952-жылы күзде жас жазушылар тобы египеттік баспада жаңа араб әдебиетінің классиктеріне (Таха Хусейн, ал-Аккад т.б.) қарсы қырғын қақпайласуды бастайды. Олар классиктерді идеясыздық және антидемократиялық идеялары үшін айыптаған еді. Кейбір жас сыншылар 20-30 жылдардағы әдебиетті романтикалық деп атаған. Олардың айтуы бойынша, нағыз реалистік әдебиеттің басталуы тек қазір ғана болды. Осылайша, «жаңа реализм» мектебі пайда болды. Ол барлық прогрессивті Египет жазушыларын біріктірген еді. Олардың көзқарастары қаттылықпен және жүйелілікпен ерекшеленген. Олар революцияны, республиканы, мемлекеттегі әлеуметтік өзгерістерді қошаметтейді, әрі Египеттің жаппай ұлттық азаттық күрестеріне қатысады. Бұл мектептің әлеуметтік құрамы өзге еді. Мысалы, «египеттік модернистердің» негізгі өкілдері аристократия және ұлттық буржуазиядан болса, енді әдебиетке, жұмысшылар, феллахтар т.б. келеді. Олардың айтуынша, оларға Горький шығармашылығы үлкен ықпал еткен еді. Бірте-бірте мектеп жаңа есімдермен толыға бастайды. Сол кездегі экзистенциализм ықпалы маңызды болып, жанданған пікір-сайыстар туғызды. Египеттегі осы оқудың теоретигі – Абд ар-Рахман әл-Бәдәуи саналады. Ол экзистенциализм мен сопылық ілімдерін байланыстырып, XIX-ғасырдың басындағы араб ағартушыларының ұсынған гуманизм тұжырымдамасын дамытады, араб сыншыларының айтуынша экзистенциализм әдебиеттегі романтикалық бағытқа ықпал көрсетті. Осылайша, Амин Йусуф Ғураб, Ибраһим әл-

Уарданидің шығармашылығында махаббат тақырыбы қоғамдық мәселелерден тыс, барлық дау-дамайлар субъективті әсерленушіліктердің әлеміне апарылып, адамның шарасыз жалғыздығы сипатталады.

Әлем әдебиеттері үшін жиырмасыншы ғасыр іс жүзінде «роман дәуірі» болып табылады. Роман жанры араб әдебиетіне еуропа әдебиетінен еніп, өзінің тамырларын тереңге жайды. Оған 1988 жылы египеттік романистиканың патриархы болып саналатын Нагиб Махфуздың әдебиет саласында еткен еңбегі үшін алған Нобель сыйлығы дәлел болады. Махфуз алғашқы болып, египет әдебиетіне халық түсінігін әлеуметтік организм ретінде енгізіп, тарих қозғалысындағы халықтың ролін жаңаша бағалайды. «Қазіргі араб әдебиеті» деп аталатын әдеби үрдістің көшбасшысы ретінде заңды түрде Египет және Сирия (Ливан, Палестина, Иордания) әдебиеті саналады. Бүгінгі күні жиырма екі араб мемлекетінің территориясында өмір сүріп, дамып отырған әдебиеттің қалыптасуына, өркендеуіне негізінен Египет және Сирия Араб Республикаларының әдебиеті айтарлықтай ықпал етті. Аталған екі елдің әдебиеті қазірге дейін осы әдеби үрдісті бастап келеді. Бұл ең алдымен Египет пен Сирияның XIX-ғасырдың басынан Еуропамен жақын, әрі тығыз қарым-қатынаста болуынан туған ерекшелік.

30-шы жылдардың соңынан бастап египет прозасының дамуының жаңа кезеңі байқалады. Қазіргі кездегі әлеуметтік романның проблематикасы египет прозасына тарихи роман арқылы енді. Ол роман жанрын жасаушы Нагиб Махфуздың алғашқы кітаптарында көрініс табады. Махфузға дейінгі египеттік «жоғарғы» проза суреттеудің жаңа жүйесі мен стилистикалық әдістерін жасай отырып, негізінен еуропалық әдебиет тәжірибесін пайдаланды, ал ортағасырлық араб дәстүрінен классикалық поэзия мен прозаның стилистикалық және поэтикалық әдістерін (Құраннан цитаталар, хадистер, риторикалық фигуралар, астарлы теңеулер т.б.) қолдануын жалғастырады, бірақ «төменгі» халық әдебиетінің дәстүріне мүлде үңілмейді. Махфуз алғашқы болып египет әдебиетіне халық түсінігін әлеуметтік организм ретінде енгізіп, тарих қозғалысындағы халықтың ролін жаңаша бағалайды. Махфуздың египет әдебиетінің дамуына үлкен серпіліс берген бірден-бір еңбегі - «Біздің көшенің балалары» шығармасы.

Араб әлеміндегі Нобель сыйлығының ең алғашқы лауреаты, қазіргі заманғы араб әдебиетінің көрнекті өкілі – Нагиб Махфуз тек Египет қана емес, бүкіл араб әдебиетінің дамуына ауқымды үлес қосты. Ол араб әдебиетіндегі роман жанрының эстетикалық негізін қалау үшін көп күш жұмсады. Оның еңбектері француз әдебиетіндегі О.Бальзак пен Эмиль Золяның дәрежесімен теңбе-тең тұра алады.

Әлемдік әдебиеттану ғылымын өркендетуде салыстырмалы әдебиеттанудың өзіндік ролі мен маңызы бар. Әдеби байланыстың дамуы мен таралу идеясы ұлттардың бірін-бірі түсіну үшін, ұлтаралық қарым-қатынастың орнығуы үшін ерекше мәнді. Қазақ-араб әдеби байланысының басталуы мәңгілік махаббат тақырыбын жырлаған поэтикалық шығармалардың назирашылдық

бағытымен тікелей байланысты. Орта ғасырдағы араб мәдениетінің қазақ даласына келуімен бірге ұлттық әдебиетте, өнерде, білімде жаңаша бағыт пайда болды. Бұл, ең алдымен, ислам дінімен астасып жататын, орта ғасырдағы ғылым мен білімді, дүниені танудың мұсылмандық жолын ұсынған бағыт еді. Сонымен бірге, классикалық араб әдебиетінің үлгілері қазақ әдебиетіне ауызша және жазбаша түрде ене бастады. Қазақ-араб әдебиетінің байланысы екі әдебиеттің де көркемдік-идеялық жағынан баюына ықпал етті.

Қазақ және араб халықтарының тілдік-көркемдік өрнектерінің түп негізінде олардың ұлттық әдеби-тілдік дәстүрлеріндегі ортақтық, яғни астарлы сөздің байыбына терең мән беріп, сөздің құдіретін ұғынған, нақышын келтіріп сөз саптауды этникалық мәдениеттерінің құрамдас бөлігі ретінде дамытқан шешендік өнер жатады.

Ортағасырларда туған прозалық шығармалар қатарына әлем әдебиетінің классикасына айналған «Мың бір түн» атты әңгіме, ертегі, новеллалардан тұратын жинақ кіреді. «Мың бір түн» - араб, үнді, парсы халықтарының әр ғасырда туған ертегілерінің жиынтығы. Дегенмен, батыс ориенталистерінің бірі Сильвестер де саяси араб филологиясының өзекті мәселелеріне арналған зерттеулерінде «Мың бір түнді» белгілі бір автор жазған деген ой айта отырып, ертегілерде кездесетін парсы, үнді элементтерін жоққа шығаруға тырысса, Барье де Мейнар керісінше жинақ ертегілеріне негіз болған деп парсы, үнді тілдерінен араб тіліне аударылған ертегілер мен тарихи жылнамаларды атаған. Неміс шығыстанушысы Август Мюллер «Мың бір түнді» Бағдадта және Мысырда туған ертегілер деп екіге бөліп қараған [4, 876].

«Мың бір түн» ертегілерінің бірқатарының оқиғасы Мысыр жерінде өтеді.

Араб ауыз әдебиетінің күні бүгінге дейін өмір сүріп, ғасырдан ғасырға шеру тартып келе жатқан күрделі де келелі салалардың бірі – халық риуайаттары, қисса, аңыз, әңгімелері. Бұлардың бірқатары қазақ фольклорындағы секілді халықтың Отанды сүйу, басқыншы жаудан ел қорғау идеясынан туған. Ал осы аңыздарды елге жеткізген жыршыларды маддаhtar (мақтаушылар) деп атаған. Солардың қатарына қызықты, бүкіл Шығыс елдеріне кең тараған рауайат Отырар өңірінің ұланы Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс туралы. Оның есімі қазақ арасында ертеден таныс. Бір кездері тұтқынға түсіп, Мысыр сұлтанына сатылған бала Бейбарыс есейгенде сұлтан болып, машриқ елдерін жаулап, Мысырға ұмтылған монғолдардың тас-талқанын шығарады, әскер ішінде темірдей тәртіп орнатады. Ол билеген тұста ел экономикасы гүлденеді. Ол талантты әскербасы болып, крест жорықшыларын талқандайды. Көп ұзамай-ақ, оның есімі де халифа Харон ар-Рашид секілді аңызға айналады. Араб халқы шығарған Бейбарыс жайлы әңгімелер, аңыздар, қиссалар бірнеше ғасырлардың жемісі. И.М.Фильштинский Бейбарыс жайлы халық романдарының бірінші тарихшы ибн Йиас (XVI-ғ) еңбектерінде аталғанын айтады [5,47]. Ол Бейбарыс жайлы

деректерді өзіне дейін өмір сүрген жылнамашы, тарихшы, биографтар аз-Захир, әл-Макризи, ибн Тагрибердилер қалдырған мағлұматтардан алған. Ағылшын шығыстанушысы Лэн осы ғасырға дейін халық аузынан түспей жүрген ең үлкен хикаяның да осы Бейбарыс туралы екенін айтқан. Сондай-ақ, Египеттің осы заманғы тамаша ғалымы, жазушысы Таха Хусеин де өзінің «Күндер» деп аталатын мемуарында бала кезінде өзінің көп естіген риуайаты осы Бейбарыс батыр туралы еді деп еске алады. Бейбарыс заманында өмір сүрген тарихшы Вильгельм Трипольский де оған: «Бейбарыс жауынгер ретінде Юлий Цезарьмен терезесі тең тұра алады» деген [5,90б].

XX-ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланысын зерттеу барысында екі елдің әдеби қарым-қатынасы тамырының тереңде жатқандығы ғылыми тұрғыда пайымдалды. Қазақ халқының мұсылман әлемімен байланысу нысандары жан-жақты әрі әртүрлі. Атап айтқанда, екі ел ғалымдары мен қаламгерлерінің мәдени қарым-қатынасы, діні бір, тағдырлас елдердің таңдамалы шығармаларының Қазақстанда да, араб елдерінде де тәржімеленіп, өзара ықпалдастықта өркендеп дамуына үлкен үлес қосты. Араб халқының дүние жүзіне тараған «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн», «Қалила мен Димна» т.б. әдеби жәдігерлерінің сарындарының қазақ әдебиетіне де еніп, оның даму процесіндегі көкжиегін кеңейтуге ықпал етті және қисса, мысал жанрларының қалыптасуына негіз болды.

XX-ғасырдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын араб әдебиетімен салыстыра зерделей отырып, аталған әдеби ескерткіштердің қазақ халқының рухани өміріне әсер етуі ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізде қалыптасқан бай тәжірибе мен дәстүрге де байланысты екені пайымдалды. Оны «Мың бір түн», «Қалила мен Димна» жинақтарындағы әңгімелер мен мысалдардың қазақ ауыз әдебиетінде көрініс беруінен, сол классикалық үлгілердің сюжетіне құрылған ертегі, мысалдардан көруге болады. Көне араб жәдігерлері ерте замандарда – ақ қазақ фольклорына енгендіктен, онымен біте қайнасып, мазмұны мен мәні, идеясы мен рухы жағынан үйлесіп ажырамастай болып кеткен. XX-ғасыр басында қазақ ақындарының Ислам дінінің кең таралған уақытында дүниеге келген араб жырлары мен «Мың бір түнге», «Қалила мен Димнаға» жаппай ден қоюынан да байқауға болады. Мұндай құбылыстың ерекше қарқын алуының әр түрлі себебі болды. Ең алдымен, халықтардың рухани болмысқа көзқарасы мен дүниетаным түсінігінің ортақтығы көркем әдеби байланыстардың негізі болған. Имандылықты мұрат тұтатын халық әралуан көркем образдар арқылы болашақ ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге ұмтылыс жасайды.

Қазақ-араб әдеби байланысының негізін құрайтын тақырып – имандылық. Машһүр Жүсіп Көпеев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының рухани үндестігі олардың негізгі идеяларының исламның қасиетті кітабы Құран Кәріммен астасып, астарласып жатуымен байланысты. Абай ойшылдығын үлгі тұтқан Шәкәрімнің жас кезінен бастап-ақ, араб әдебиетіндегі рубай, бәйіт, ғазал жанрларының нәрінен сусындап, оларды өз

туындыларына арқау етеді және Ислам дініне қатысты «нәпсі» мотиві ақын шығармаларынан үлкен орын алады. Олар араб әдебиетіндегі имандылыққа үндеу идеясын; рухани дүниеге деген көзқарасты, Алланың қасиеттерін халық арасына насихаттауға көп көңіл бөлген. XX-ғасыр басындағы осындай ақындар шығармаларының негізгі лейтмотиві қазақ халқына имандылық жолын таныту деп түсінсек, түптеп келгенде, мұның өзі Құран Кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың қасиетті хадистерінің негізінде шыққанын, сондағы нығыметтік мәні бар мәселелерді зерделеп, пайымдағанын, қазақ халқының таным-түсінігіне сәйкес келетіндей етіп түсіндіргенін, қазақ ұғымына тән эпикалық сипатқа көшіріп бере алғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, бұл кезеңдегі ақындардың ақиқат жолындағы таным-түсініктерінің негізінде жатқан ортақ тағылымды екі әдебиет арасындағы сабақтастық, байланыс деп түсінеміз.

Машһур Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, молда Мұса, Сабит Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қазақ ағартушы демократтарының шығармаларындағы негізгі қазақ-араб байланысын көрсететін фактордың бірі – мысал жанрының негізі араб әдебиетіндегі классикалық үлгілермен тығыз байланысты. Ортақ образдар, ортақ сарындар, ортақ тақырыптар – қазақ және араб әдебиеті байланысының негізгі бір бөлігін құрайды. Қазақ ақындарының араб әдебиетін терең білгені, жақсы меңгергені анық, өйткені сол кезеңдегі саяси-мәдени жағдайларға байланысты аталған ақын-жазушылардың барлығы негізгі білімді орысша емес, арабша алып, араб мәдениетінің қайнар бұлағынан нәр алған.

Қазақ және араб әдебиеті байланыстарының негізгі көздерінің бірі, қайнар бұлағы – көркем аудармалар. Қазақ әдебиетіндегі аударма жасаудың өзіндік тарихы мен ерекшелігі бар. Алғашқы жарияланған аудармаларды зерделей қарағанда, тәржіманың түпнұсқадағы стильдік ерекшеліктерді сақтауға тырысқанын байқадық. Аударылған ертегілер, көбінесе, адамдардың дүниетанымы мен мінез-құлқын, тыныс-тіршілігін, олардың қоршаған ортамен және жануарлар әлемімен қарым-қатынасын көрсетуге бағытталады. Қазақ пен араб халқының әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігінің, өмір сүрген ортасының, табиғатының айырмашылығына қарамастан, екі елдің қоғамдық даму жағдайында және олардың әдебиеттеріндегі кейіпкерлердің образын сомдауда ортақ ұқсастықтар мол. Сонымен, қазақ-араб әдебиеттері арасындағы тікелей байланыс анықталып, екі әдебиет арасындағы өзара ықпалдастық нақты шығармалардағы деректер арқылы дәлелденді.

Қазақ салыстырмалы әдебиеттану ғылымының алдында әлі де көптеген келелі жұмыстар тұр. Қазақ әдебиетіне араб әдебиетінің тигізген әсерімен қоса, қазақ әдебиетінің де араб әдебиетіне тигізген әсері де мол. Бірақ, қазақша шығармалар орыс тілі арқылы аударылған.

Шығыстану ғылымындағы «қазіргі араб әдебиеті» ұғымы академик И.Ю.Крачковский есімімен тығыз байланысты. Оның ғылыми мұрасы кеңестік дәуірдегі және қазіргі уақытта ТМД елдері шығыстанушы

ғалымдары үшін бұл саладағы жетекші, әрі басты зерттеулер болып саналады. Ғалымның араб әдебиетінің даму кезеңдерін топтастыру үшін жасаған классификациясы шығыстанушы ғалымдар басшылыққа алатын бірден-бір негізгі классификация болып отыр. Академик ғалым араб әдебиетінің жаңа дәуірі басталғанын нақты атап, оның ғылыми бағасын берудің мезгілі жеткенін көрсетті. И.Ю.Крачковскийдің еңбектерін Араб Шығысының өзінде жаңа дәуір әдебиетін зерттеу, зерделеудің бұл кезеңде әлі негізі қалана қоймағандықтан, жалпы араб әдебиетінің тарихындағы үлкен бетбұрыс болды деп бағалау дұрыс.

Араб әдебиетінің жаңа кезеңін зерттеу саласында академик И.Ю.Крачковскийдің жетекшілігімен кеңестік және қазіргі заманғы шығыстанушы ғалымдар Е.Э.Бертельс, А.Е.Крымский, А.А.Долинина, В.Н.Кирпиченко, В.Н.Прожогина және т.б. бұрынғы одақтас республикалар мен қазіргі ТМД елдерінің сандаған ғалым-зерттеушілері тарапынан зор еңбек атқарылды және зерттеу еңбектері әлі де жалғасуда.

- 1.М..Салқынбаев. Қазақ-араб әдеби байланыстары. Астана. 2009ж.
- 2.С.Қасқабасов. Истоки духовной культуры. Изб.исследования.Т.1.Астана. 2000г.
- 3.Ш.С.Қалиева. XIX-ғасырдағы араб әдебиеті.Алматы. 2006ж.
- 4.Э.Ж. Қансейітова. Араб әдебиетінен лекциялар курсы. Алматы. 2011ж.
- 5.И.М.Фильштинский. История арабской литературы. М.1985г.

Резюме

В статье рассматривается вопрос казахско-арабских литературных связей в течение многих веков и ее роль в развитии литературы казахского народа. У истоков становления и формирования казахской литературы, как самостоятельной дисциплины стоит тюркское мировоззрение –плеяда замечательных ученых-энтузиастов, представителей ориенталистической науки всех крупных государств мира. Особую роль в развитии казахской литературы занимает восточная литература, особенно влияние средневековой арабской литературы и культуры, вошедшая вместе с исламом в казахскую степь, оставило свою отпечатку в современной национальной литературе. Корни казахско-арабской литературной связи уходят в глубь истории.

Resume

The article discusses the Kazakh and Arabic literary relations during the centuries and their role in the development of literature of the Kazakh people.

УДК 811.581`342

ҚЫТАЙ ЖАЗУЫН ҮЙРЕНУДЕ КЕЗДЕСЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛЫ

Алмабекова А.М. аға оқытушы шығыс тілдері кафедрасы, Абай атындағы Қаз ҰПУ

Аңдатпа

Қазіргі таңда заман ағымына қарай қытай тілін оқып үйренуге көп көңіл бөлінген. Заманауи жазу түрлерінің ішінде қытай жазуы ерекше болып табылады. Өзінің графикалық пішіні,сонымен қатар, лингвистикалық бірліктерінің белгілену

принциптеріменен басқа да жазулардың ішінде ерекше көзге түсетін қытай жазуы қытай мәдениетіне ғана тән. Қытай иероглиф жазуын тарихи, теориялық және тәжірибелік жағынан оқып үйрену қытай мәдениетіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі. Қытай жазуы арқылы тілді танып, қолдана алуға жеткізеді. Қытай тіліндегі шығармаларды оқи білу, қытай жазуын сауатты қолдана білу, ол қытай тілін үйренушілердің тілін дамытып, жетік меңгеруге көмектеседі. Бұл мақалада қытай иероглифтерін жазуда үйренушілерде кездесетін қателіктерге талдау жасаған. Сондай ақ, қытай тілін үйренушілерден иероглифті жазу барысында кездесетін мәселелер жайлы анкета алып, іс жүзінде зерттелуін көрсетіп кеткен, қытай жазуында туындайтын қателіктердің себептерін ашқан. Үйрету мен үйренуші жақтарынан ашып көрсеткен. Сонымен қатар оларды шешу жолдарын айқындаған, иероглифтерді үйретуде сатылай үйрету әдіспен оқыту, заманауи интерактивті технологияларды қолдану арқылы шешуін көрсетіп өткен.

Тірек сөздер: қытай жазуы, қазіргі қытай тілін оқыту әдістемесі

Ключевые слова: китайская письменность, обучение китайскому языку

Key words : foreign Chinese teaching, non chinese characters culture circle, learning Chinese characters in the begining stage

对外汉字教学的现状及问题分析

摘要本文从对外汉字的理论基础、教学时机、教材及教学对象等几方面出发，对其中存在的一些问题进行探讨，以求对对外汉字教学的现状做出相应的分析。

关键词：对外汉字教学非汉字文化圈汉字学习

对外汉字教学现状及存在的问题

(1) 语文并进还是语文分进的问题，即汉字课与综合课程的分合问题。有学者认为应该重视汉字知识的系统性和完整性，从而把汉字课完全独立出来，根据汉字自身的规律编写教学内容和实施教学。也有学者认为应使汉字课服务于综合主干课，以综合课字词为教学材料展开汉字课教学。相对应的，此种分歧也体现在教学实践上。特别是在教学设计上，语和文的分合问题也是由来已久，一直有争议。现阶段，对外汉语教学界十分重视教学模式的研究，正争取逐步完善汉语课程的设置，同时，也在寻求教学模式的创新。在具体的课程设置上，不同大学的汉语教学和培训部门也各不相同。针对零起点汉语留学生的课程设置大致分为两种：一种是传统的综合+单项技能训练的教學模式，一般包括三门基本课，即综合课+口语课+听力课的课程设置方式，现在国内大部分汉语教学机构所采用的都是这种模式，例如笔者所提供的云南大学留学生院；另一种则是创新的文+语+汉字的模式，其特点是

将汉字单独成课，即读写+听说+写字的课程设置方式。国内也有一部分学校采取此种模式，例如复旦大学国际文化交流学院，前一种课程设置形式上，留学生往往只能在综合课程中零散的汉字知识，并且这在很大程度上取决于授课汉语教师个人的教学计划与内容。可以说是这种模式很有可能会造成留学生汉字知识学习的不充分甚至是空白。而针对零起点汉语留学生主观和客观上的学习需求，第二种课程设置应该更适用于零起点留学生(1,39-45)。但是要大范围，大规模改变大部分教学机构的课程设置并非易事，也不太切合实际。

(2) 汉字基础知识教学的时机问题。现阶段，随着对外汉语教学的不断发展，对于汉字课开不开的问题争议已经不大，但是对于汉字课何时开的问题还依然存在一些不同意见。一些学者认为应该在学生已经掌握一定数量的汉字后，即在初级的第二阶段或者中级阶段再来系统地讲解汉字知识，因为这个阶段的学生对汉语和汉字已经有了基本了解，所以这时进行教学无论是从汉字文化教学的角度还是从汉字自身规律的归纳、类推角度来说，都较为容易，学习效果也比较好。但是，随着对外汉字教学的开展和深化，将汉字教学放在教学高级阶段的弊端逐渐暴露出来，很多留学生并没有在学习的最初阶段接触汉字系统知识，这造成了他们后续学习的困难，还导致了很多错误的汉字书写习惯，例如笔画和笔顺的不规范等。并且由于欠缺对汉字内部构成理据的了解，不能形成对汉字本身规律的认识，只一味地机械重复记忆，甚至将汉字当成图画来强记，造成汉字记忆困难，“边学边忘”，最终导致厌学情绪。

(3) 教材问题。汉字教材的问题主要体现在两个方面，一方面，教材的独立系统性与否的问题。即，是将汉字系统基础知识加进综合课教材中，还是将其独立成专门教材的问题。在综合课本中加入汉字基础知识内容，是一种循序渐进的教授模式，但是部分专家认为该种方式可能会受到综合课本教学内容的限制，汉字教学选定将不得不选取与课文同步的生字，从而破坏汉字自身的规律性与系统性，如独体字与合体字教授的先后顺序问题等；而将汉字教学内容独立成书，可以很好地保持汉字基础知识教授的完整性、系统性

与规律性，但是部分学者认为，这样的教学模式会使得汉字教学和综合课教学相互脱离，两种教材分别教授不同的生字将大大增加学生，尤其是零起点学生的学习困难。另一方面，现有汉字教材的稀缺性和适用性问题。基于对现在普遍使用的集中入门级汉语综合教材的调查，可以发现，其中或基本没有关于汉字基础知识的内容，例如《汉语教程》、《博雅汉语》等教材；而独立成书的汉字类教材在整个对外汉语教材中只占很小的部分，与之相关的研究及研究成果也是凤毛麟角。因此，对于在“综合课+口语课+听力课”模式下接受对外汉语教育的留学生便很难从课本内得到充分的汉字基础知识。而学生自学汉字基础知识的可能性也因教材稀缺的问题十分受限。(2,17)通过对基本留学生可用于自学的汉字教材的调查来看，首先，针对零起点留学生的汉字入门教材很少；其次，由于各种客观条件的限制，这些现有的汉字教材在结构和内容上，不能符合大多数留学生的自学能力与习惯，仅依靠自学，学生很难再短期内对汉字基础知识有一个全面的认识。

2

汉字的难学性对于来自不同地域的留学生是有梯度变化的。这是因为一些国家和地区，如日本、韩国、朝鲜、东亚及东南亚部分地区，在漫长的历史进程中受到汉文化的影响，逐渐开始并延续汉字作为其书写语言，它们往往成为“汉字文化圈”区域。(3,78)因此，顾名思义，“非汉字文化圈”则是指在除上述地区以外的区域。近年来，随着中国的对外开放，留学学生生源国也在发生着变化，越来越多的留学生来自“非汉字文化圈”区域，相比较而言，他们学习汉字的难度烟大大高于来自日本和韩国的留学生，因为他们往往使用拼音文字，而汉字作为汉语中最特殊的一部分，与他们的语言的书写记录系统是完全不同的。汉字对于他们来说是完全陌生的一种符号，与他们的语言认知和逻辑思维习惯都是相去甚远的，因此难免产生汉字像“天书”的心理障碍。

非汉字文化圈零起点留学生是对汉字最为敏感的一个群体，也是遇到最多问题的群体。首先，对所有的非汉字文化圈留学生而言，在汉字学习中，他们都会遇到相同的难点——

汉字书写。以没有经过专门的汉字知识学习的中高级留学生为例，他们的汉

字基础非常差，不仅常常写错字，汉字书写笔顺更是大问题，但这时再要求他们进行系统的汉字知识补习以及改变他们固有的书写习惯都有很大的难度。因此，就出现了非汉字文化圈零起点留学生对汉字及基础知识学习的客观要求。其次，从学生学习的主观要求上来说，很多非汉字文化圈的零起点留学生在刚开始接触汉语时，都对“汉字”表现出较多的关注，一方面，他们对汉字表现出浓厚的兴趣；另一方面，他们又最容易对汉字产生畏难厌学的情绪。对于它们的学习兴趣和困难，教学机构和教师都应该给予正确的引导和关注。由于汉字与学习者母语文字的巨大差距，一些非汉字文化圈的留学生甚至直接忽略汉字，只注重口语表达和听力理解，即只要求能听能说，而完全忽略了读和写，成为了“洋文盲”。所以如果没有专门的汉字教学环节，没有合适的教学策略，汉字学习将成为他们汉语学习的最大障碍。然而现阶段，留学生学习汉字的现实是，在传统的“综合+单项技能训练”课程设置的前提下，汉字学习要么是教师的零星式补充，只占综合课极小的一部分；要么是学生的自主学习，但是他们很难找到适合的教材与可应用的网络资源，也就是说，学生的汉字的学习要求并没有得到很好的满足。

综上所述，对外汉字教学领域的研究与教学实践在近20年的发展及成果十分显著的，但落实到教学实际当中又是存在这很多遗缺的。

参考文献

[1]孙德金.对外汉字教学研究[M].商务印书馆，2006.

[2]张朋朋.语文分开、语文分进的教学模式[J].汉语文教学，2007

[3]程朝辉.汉字的学与教[J].世界汉语教学，1997（3）.

Resume

The article analysis of foreign chinese teaching and learning ,in this article ,from the education theory basis of foreign Chinese teaching,teaching time ,teaching material and teaching objects and so on. Discuss some problems among them ,in order to the current situation of foreign Chinese teaching and learning is to make corresponding analysis.

Резюме

В статье рассматривается проблемы изучения китайской письменности и пути их решения.

ДИСКУРС И ЕГО ТИПОЛОГИЯ **DISCOURSE AND ITS TYPOLOGY**

УДК 81367.622373.237

К ИЗУЧЕНИЮ СВЕТСКОГО ГАЗЕТНОГО ДИСКУРСА И КРЕАТИВНОЙ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

САБИТОВА Ш.А.- доктор филологических наук, ассоц. профессор КазНПУ
им. Абая

Аннотация

Наша статья посвящена проблеме изучения языковых особенностей газетного дискурса (текста) суверенного Казахстана.

С обретением независимости Республики Казахстан улучшилась интенсивность развития средств массовой информации, поэтому изучение газетного текста является актуальным в лингвистике.

Фрагменты мирозерцания, запечатленные в казахстанском светском газетном дискурсе, носят универсальный характер и актуализируют значимость статуса граждан, населяющих Республику Казахстан, как единого народа Казахстана.

Ключевые слова: Республика Казахстан, СМИ, дискурс, газетный текст

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасы, БАҚ, дискурс, газет мәтіні.

Keywords: Republic of Kazakhstan, MASS-MEDIA, discourse, newspaper text

Язык является эффективным средством внедрения в когнитивную систему человека, выступая как социальная сила, как средство формирования взглядов; и в этом отношении газетный язык, а значит, и газетные тексты, представляют собой мощное средство управления поведением и сознанием людей. В то же время язык отражает нашу жизнь, нашу деятельность, те социальные процессы, которые происходят в Казахстане. В этом контексте можно говорить о новой языковой ситуации в Республике Казахстан, центром которой стал новый журналист и новый читатель. Появилась новая газета и современный газетный текст. В связи с этим возникает проблема исследования изменений языка газетного текста, изучения креативной языковой личности, которой является автор газетного текста, а также анализ самого процесса общения во время обмена текстами светского содержания в интервью.

Светский газетный дискурс, согласно собранному фактическому материалу, реализуется по большей части в интервью, представляющем собой особый газетный жанр. Интервью «имеет форму диалога, написанного, однако, одним лицом» [1, с. 24]. Анализируя мини-тексты в едином текстовом пространстве, мы склоняемся с точки зрения Л.М. Майдановой, полагающей, что тексты, написанные в соавторстве, также относятся к индивидуальным, поскольку они направлены на один объект и приводят к

единому результату [1, с. 24-25]. Иными словами, автора и соавтора текста можно рассматривать как единого субъекта речи.

Определяя дискурс как проблемный текст, предполагающий позицию в дискурсном поле, французский исследователь П. Серио соотносит его с субъектом текста, его порождающим [2, с. 183]. Согласно ученому, субъект высказывания «представляет собой категорию дискурса». При этом значимым для характеристики субъекта высказывания, по П. Серио, является то, что он не является абсолютным хозяином смысла высказывания, поскольку последнее определяется историей его рождения и компонентом бессознательного [2, с. 16]. В светском газетном дискурсе говорящим субъектом оказывается автор статьи или интервьюируемый, особо актуализируемый ученым применительно к дискурсу, поскольку «слова могут изменять значения в соответствии с позициями, занимаемыми теми, кто их употребляет» [2, с. 52].

Интервью как жанр газетного текста представляет собой текст беседы с некоторой знаменитой личностью или обычным человеком о повседневной жизни, в котором содержится изложение восприятия им явлений, событий и фактов действительности. Благодаря изложенной информации передается эмоциональное состояние и формируется определенный имидж человека.

В наши дни интервью – многоликое явление: его можно рассматривать как беседу журналиста с каким-либо лицом или группой лиц; содержание и предмет беседы должны представлять какой-либо общественный интерес и предназначаться для обнародования в средствах массовой информации (печать, радио, телевидение). Главной, доминантной особенностью интервью является наличие «двойного адресата» [3, с. 89]: наряду с непосредственными коммуникантами (интервьюер и интервьюируемый) существует некий «внесценический персонаж», невидимый участник этой беседы, ради которого, собственно, и ведется диалог, – это читатель, слушатель, зритель. Ориентированность на широкую аудиторию, массового читателя, зрителя предполагает и определенный выбор языковых средств и организации всего текста. Как известно, для жанра интервью характерна вопросно-ответная структура. Несмотря на диалогическое построение текста интервью, взаимосвязь реплик собеседников создает сложную целостную систему, диалогическое единство, основанное на общности, «переключке» лексических средств, особенностей стиля, синтаксической структуры, смысловой составляющей. По определению Н.Ю. Шведовой, диалогическое единство представляет собой «обмен двумя высказываниями, из которых второе зависит от первого, порождено им и в своей языковой форме отражает эту зависимость» [4, с.115]. Назначение этого диалогического текста заключается в получении интересных и актуальных для широкой публики сведений о каком-либо значимом общественном факте, известном человеке, незаурядном событии, а также публикация данных сведений в средствах массовой информации. На структуру и словесно-речевые характеристики

интервью оказывают влияние такие факторы, как цель и тема интервью; социальный статус, культурный уровень, языковая компетентность собеседника; вид средств массовой информации, где предлагается обнародовать содержание беседы. На основе предлагаемых вопросов представляется возможным ввести в модель мира героя статьи потенциального читателя, способствовать позитивному или негативному восприятию этой модели.

Основным субъектом речевого общения в современных СМИ является говорящий, представляющий собой креативную языковую личность. В связи с этим расширяется понятие языковой личности, включающей языковую способность человека, под которой, согласно А.М. Шахнаровичу, понимается «способ» хранения языка в сознании и способ реализации отраженных сознанием элементов системы языка. В структуру языковой способности входит семантический компонент – подсистема правил выбора адекватного значения [5]. Следует подчеркнуть, что различается языковая и коммуникативная способности. По Н. Хомскому, «языковая способность – это способность говорящего-слушающего порождать грамматически правильные предложения... Очевидно, что для речевого общения недостаточно владеть только правилами порождения грамматически правильных предложений, необходимо, кроме того, адекватно задачам общения строить свое воздействие на собеседника и в соответствии с этим, то есть уместно, употреблять речевые высказывания. Способность коммуникантов адекватно задачам общения организовать свое неречевое и речевое поведение и получило название коммуникативной способности... Проблема коммуникативной способности не только охватывает наиболее важные аспекты речевого общения, но и, что существеннее, связывает общение с процессом становления личности человека и с его деятельностью» [6, с. 15]. Для реализации коммуникативной способности значимой оказывается языковая компетенция.

Интерпретация проблемы языковой компетенции находит отражение в исследованиях Н.Д. Арутюновой. Ученый рассматривает данную проблему в терминах предметных и признаковых имен. По мнению автора, природа языковой компетенции применительно к именам, обращенным к миру, и словам, обращенным к мышлению человека, к системе его понятий, принципиально различна. Для того, чтобы оперировать именами, ведущими адресата к предметам действительности, нужно разбираться в природе мира; для того, чтобы оперировать семантическими предикатами (признаковыми словами), нужно разбираться в способах мышления о мире. В первом случае необходимо знать предметную соотношенность слова, во втором – понимать его смысл. Употребление конкретных имен предопределено онтологией мира, а употребление семантических предикатов – гносеологией [7]. Языковая компетенция представляет собой составляющую коммуникативной компетенции как один из уровней языковой личности.

Каждая языковая личность наделена коммуникативными, социальными и психологическими ролями, о чем говорится, в частности, в работах И.П. Тарасовой. Исследователь подчеркивает: «Смысл предложения-высказывания связан с личностью коммуниканта. Личность коммуниканта, являясь целостным образованием, в то же время содержит в себе ряд ипостасей (Я физическое, Я социальное, Я интеллектуальное, Я психологическое и Я речемыслительное), которые соотносятся с социальными и психологическими ролями, «исполняемыми» коммуникантами при продуцировании предложения-высказывания. Соотносясь с личностью человека, смысл слова отражает в себе ту или иную связь с отдельным смыслом *человек*. Эта связь важна как для адресанта, кодирующего сообщение, так и для адресата, интерпретирующего сообщение, и является, следовательно, прагматической» [8, с. 7]. Обозначенные роли создают варианты речевого поведения, воплощающиеся в бесконечном разнообразии высказываний и текстов.

В русле когнитивного подхода рассматривается проблема тезаурусной организации языковой личности, которая имеет дело не с семантикой слов и выражений, а со знаниями о мире.

Среди исследований тезаурусной организации языковой личности большой интерес, на наш взгляд, представляет работа И.И. Халеевой, которая изучает модель будущего переводчика. Развивая теорию Ю.Н. Караулова об устройстве языковой личности, И.И. Халеева условно делит тезаурусную сферу на два взаимосвязанных и автономных конструкта: тезаурус I, формирующий языковую картину мира; и тезаурус II, формирующий систему пресуппозиций и импликаций, представляющую сумму условий, предпосылаемых собственно речевому высказыванию. Согласно ученому, текст является одним из способов «отражения (субъективированной) языковой картины мира, равно как и обобщенным (хотя и неизбежно фрагментарным) носителем энциклопедического знания о мире, в котором объективируются как тезаурус-словарь, так и энциклопедическое знание о мире, присущее языковой личности» [9, с. 77]. Данное положение созвучно выводам авторов концепции, изучающих роль человеческого фактора в языке, что подтверждает его справедливость. В частности, Б.А. Серебренников указывает на существование двух картин мира: концептуальной и языковой. Картина мира служит универсальным ориентиром человеческой деятельности, посредником при общении. При этом языковая картина мира рассматривается как часть общей концептуальной модели мира в голове человека, то есть совокупности представлений и знаний человека о мире. Концептуальная картина мира, согласно ученому, богаче языковой, так как в ее создании участвуют разные типы мышления, в том числе и невербальные. Превалирующая роль концептуальной картины мира по сравнению с языковой отмечается в исследованиях Э.Д. Сулейменовой, Л.Т. Килевой. Различия между

концептуальной и языковой картинами мира справедливо рассматривается Ю.Н. Карауловым как противопоставление категорий понятие – значение [10].

Образ автора светского газетного дискурса как креативная языковая личность моделируется нами на основе разработанной Ю.Н. Карауловым теории языковой личности [10] и концепции языкового портретирования, представленной в исследованиях Л.К. Жаналиной [12]. При этом нами учитываются следующие способности журналиста:

1) способность излагать информацию с учетом осознания представляемого факта или события. Данную способность мы определяем как фактологичность в структуре креативной языковой личности. Ведь без навыка владения потенциалом языковых средств, свойственных газетной речи, текст не может быть изложен с учетом реализации информативной функции;

2) способность репрезентировать ценностные сущности в рамках мировосприятия и миропонимания адресата. В данном случае значимость получает знание журналистом аксиологического потенциала своего народа и умение преподнести этот потенциал на страницах газеты. Данная способность обозначена нами как тезаурусность;

3) способность воздействовать на потенциального читателя с целью получения заданного эффекта. Данная способность обозначается нами как манипулятивность.

Следует отметить, что предполагаемая модель креативной языковой личности построена с учетом модели языковой личности, предлагаемой Ю.Н. Карауловым, выделяющим три уровня: нулевой – вербально-семантический, первый – тезаурусный и второй – прагматический. Кроме того, при разработке обозначенной модели учитывалась и структура речевого акта, поскольку уровень текстуальности соответствует локутивной составляющей, свойство тезаурусности – иллюкутивной, а манипулятивности – его перлокутивной функции. Представленная модель на 1-м (вербально-семантическом) уровне реализуется в каждом конкретном случае при создании текста. Говорящий создает своей речью соответствующее впечатление. Исследователи определяют это впечатление понятием «языковой паспорт говорящего». И.А. Стернин подчеркивает, что «по речи человека можно определить его пол, возраст, профессию, место рождения, место жительства, национальность, степень образованности» [11, с. 59]. В данном контексте ученый вводит понятие ‘языковой паспорт оратора’.

Итак, языковой паспорт оратора как составляющий компонент креативной языковой личности является, на наш взгляд, ведущим звеном в моделировании языкового портрета журналиста. Последний, в отличие от языкового оратора, включает когнитивный и прагматический компоненты креативной языковой личности и, вследствие этого, трактуется нами, вслед за Л.К. Жаналиной, как конструкт языкового портрета [12, с. 89].

- 1 Майданова Л.М. Структура и композиция газетного текста. Средства выразительного письма. – Красноярск: Изд-во Красноярского ун-та, 1987.– 180 с.
- 2 Квадратура смысла: Французская школа анализа дискурса / общ. ред. и вступ. статья П. Серио; Предисл. Ю.С. Степанова.– М.: Прогресс, 1999. – 416 с.
- 3 Винокур Т.Г. Говорящий и слушающий. Варианты речевого поведения. – М.: Наука, 1993. – 172 с.
- 4 Шведова Н.Ю. Очерки по синтаксису русской разговорной речи. – М., 1958. – С.115.
- 5 Шахнарович А.М. Психолингвистика. – М.: МГПИИЯ им. Тореца, 1987. – 53 с.
- 6 Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Общение. Текст. Высказывание. – М.: Наука, 1989. – 172 с.
- 7 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – 2-ое изд., испр. – М.: Языки русской культуры, 1999. – Вып. I-XV. – 896 с.
- 8 Тарасова И.П. Смысл предложения – высказывания и коммуникация: автореф. ... докт. филол. наук. – М., 1993. – 44 с.
- 9 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи. – М.: Высшая школа, 1989. – 236 с.
- 10 Гайнуллина Н.И. Языковая личность Петра Великого (Опыт диахронического описания). – Алматы: Казак университеті, 2002. – 141с.
- 11 Стернин И.А. Практическая риторика. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 273 с.
- 12 Жаналина Л.К., Килевая Л.Т., Касымова Р.Т., Маймакова А.Д., Абаева М.К. Язык современной науки: Языковые портреты. Учимся искусству научной речи: Учебное пособие / под ред. Л.К. Жаналиной. – Алматы, 2010. – 344 с.

Түйін сөз

Біздің мақала егемен Қазақстанның газет дискурсының (мәтін) тіл ерекшеліктерін зерттеу мәселелеріне арналған.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері бұқаралық апарат құралдарының даму барысы жақсарды, сондықтан газеттік мәтіндерді зерттеу лингвистикада маңызды болып табылады.

Қазақстандық зайырлы газет дискурсында бейнеленген дүниені түйсіну көріністері әмбебап сипатқа ие және Қазақстан Республикасын мекендейтін азаматтардың біртұтас халқы ретіндегі мәртебесін өзектендіреді.

Resume

Our article is devoted to the problem of study of linguistic peculiarities in newspaper discourse (text) of the sovereign Kazakhstan.

After Republic of Kazakhstan gained independence intensivity of mass media development increased, therefore, study of the newspaper text is actual in linguistics.

The fragments of worldview imprinted in Kazakh refined newspaper discourse have the universal character and actualize the significance of the status of the citizens inhabiting the Republic of Kazakhstan as the united nation of Kazakhstan.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ MULTILINGUAL EDUCATION

УДК 8125

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ- АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Жумабекова А.К., филология ғылымдарының докторы, Абай ат. ҚазҰПУ
профессоры**

Аңдатпа

Мақалада бакалавриат пен магистратурада көптілді маманның мәдениетаралық және аудармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған лингводидактикалық үдерістің моделі сипатталады. Зерттеу нәтижесі автор дайындаған екі оқу құралында берілген ЖОО-ның көптілді топтарына арналған біріккен курсы түріндегі моделдің пәндік мазмұны болып табылады.

Тірек сөздер: көптілді маман дайындау, мәдениетаралық-коммуникативті аудармашылық құзыреттілік, лингводидактикалық үдеріс үлгісі.

Ключевые слова: лингводидактический процесс, межкультурная и переводческая компетенция, подготовка полиязычных специалистов.

Key words: training the multilingual specialist, intercultural communication, translation competence, linguo-didactic model of the process.

Қазіргі мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының қарқынды даму кезеңінде түрлі мәдениеттердің өзара әсер үдерісі айқын көрініс табады. Қазақстанда жүзден аса ұлт тұратындықтан, еліміздің өмірінде көпмәдениеттіліктің орын алуы заңды.

XXI ғасырда Қазақстанның басқа елдермен халықаралық байланыстары күрт өсті, сондықтан да еліміздің көпмәдениеттік кеңістігі де өз ауқымын кеңейтті.

Көптілділіктің ғылыми-әдіснамалық негізі тілдік білім беруді концептілік универсализациялау, әдіснамалық ұстанымдарды, мазмұндық-технологиялық негіздерді анықтаумен пәндік мазмұнды дәрежелеуден

үштілділікті қалыптастырудың әмбебап деңгейлік құрылымына дейінгі барлық компоненттерді қамтиды.

Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы көптілділікке келесі сипаттамалардың жиынтығы тән:

- көптілділік бұқаралық құбылыс болып табылады, өйткені елдегі халықтың көпшілігі жоғары дәрежелі қазақ және орыс тілдік құзыреттіліктерге ие, ал жас буынның (әсіресе, мектеп оқушылар мен студенттердің) ағылшынша тілдік құзыреттіліктері жақсы дамыған;

- көптілділік гетерогенді, себебі, оны қалыптастыруда әр түрлі генетикалық семья мен типологиялық класқа жататын тілдер қатысады;

- көптілділікке күрделілік тән, ол елдің тілдік жағдаятында болатын белсенді инновациялық үдерістердің әсерімен қалыптасады;

- көптілділікке тілдік құзыреттіліктің жылжымалылық сипаты тән, өйткені оған тілдік жоспарлау әсер етеді;

- көпшіліктің көптілділік туралы көзқарасында келесі екіжақты тәуелділік көрініс табады: көпұлтты қоғам міндетті түрде көптілді болады, керісінше, қоғамның көптілділігі оның көпұлттылығына байланысты. Сондықтан барлық ұлттардың тілдері елдің көптілділігін қалыптастыруға бірдей атсалысады деген ой туады. Бірақ, барлық 126 тілдің коммуникативті дәрежесі тең емес: коммуникативті мүмкіндіктері мен тілдік құзыреттілік дәрежесі бойынша қазақ және орыс тілдері алға шығады. Көптілділікті құру барысында халықаралық қатынас тілі ретінде ағылшын тілі ерекше орын алады.

Кейбір тілшілер, атап айтсақ, А.Е.Карлинскийдің [1], *ұлттаралық(этносаралық) қарым-қатынас (межэтническая коммуникация)* терминін пайдалану қажеттігі туралы айтуы орынды. Қазақстан туралы сөз болғанда, бізде (және де посткеңестік кеңістіктің кейбір елдерінде) мәдениетаралық айырмашылық, жойылмайтын мәдени кедергілер жоқ десе де болады. Келесі қырынан алсақ, шет тілін және аударматануды оқыту туралы сөз болғанда (бұл жерде «алыс» шетел тілдері назарға алынады – мысалы, ағылшын, француз, араб, жапон және т.б.) мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері деп түсіну қажет.

Қоғамдағы келелі әлеуметтік мәселелер коммуникативті кедергілерден де туып отырады. Сондықтан да, олардың себептерін анықтау, коммуникативті мінез-құлық стратегияларын меңгеру мұндай құбылыстардың алдын алар еді.

Қазақстандағы тілдік зерттеулердің кең тараған үрдісі – оларды мәдениетаралық парадигмада қарау. Десек те, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының базалық терминдері, олардың әдіснамасы мен даму бағыты түсініктері әр түрлі.

Мәдениетаралық қарым-қатынасты анықтаудың екі бағыты бар:

- лингвистикалық (мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісін табиғаты бойынша сөйлеу әрекетіне жатқызады);

- мәдени-антропологиялық (көптеген ғылым нәтижелеріне сүйенеді).

Лингвистикалық бағыт бойынша мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісіндегі тілдің бастапқы мәніне көңіл бөлінеді. Мәдени-антропологиялық бағыттың категориялық аппараты мәдени-антропологиялық, философиялық және психологиялық білімді, сондай-ақ, қарым-қатынас теориясын негізге алып дайындалған.

Осыған орай, бүгінгі таңда мәдениетаралық қарым-қатынастың келесі негізгі оқыту міндеттерін айқындауға болады: шет тілін оқыту және мәдениетаралық коммуникативті өзара әсерді меңгерту. Сәйкесінше, ұлтаралық қатынаста екінші (өзге) тілді және ұлтаралық коммуникативті өзара әсерді үйрету маңызды.

Аталған бағыттар мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы пәні бойынша болашақ аудармашы–филологтар, шет тілі оқытушылары және тағы басқаларға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының құрылымы мен мазмұнын анықтауды көздейді. Бұл жағдайда жаңа пәннің негізгі ережелері шет тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі, аударманы оқытудың теориясы мен әдістемесі мәліметтері, сондай-ақ, интегративті ғылымдардың (лингвомәдениеттану, саяси лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, паралингвистика және т.б.) зерттеу нәтижелері тұрғысынан қарастырылуы қажет.

Мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісін меңгертуде филологтар үшін сөйлесім әрекеті бағыты ұтымды болса, басқа гуманитарлық бағыт өкілдері үшін (психологтар, туризм саласының мамандары, PR-менеджерлері және т.б.) коммуникативті өзара әсердің қолданбалы сипаты әдіснамалық тұрғыдан маңызды болмақ. Көптілді топтар үйренушілері үшін екі аспекті де маңызды.

Көптілді білім беру тіл мен мәдениетті бірлікте оқытуға бағытталады. Мұнда тіл әлеуметтік-мәдени ерекшеліктің трансляторы ретінде түсініледі. Ол жаһандану жағдайында әр түрлі мәдени қоғамдастық өкілдерінің өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа жетуіне ықпал етеді.

Көптілділікке оқытудың жүйелі құзыреттілік тәсілі жалпы сипатта «ҚР-да тілдік білім беру тұжырымдамасында» берілген. С.С.Құнанбаева алға қойған мәдени–когнитивтік әдіснама көптілді тұлғаның қалыптасу заңдылығын анықтауға мүмкіндік берді. Тілдерді меңгеру жүзеге асырылатын жағдайлар белгіленді: әлеуметтік мәдени орта, тілдік мәдени негіз, тілдік таным пішіні, қалыптасу объектісі. Құзыреттілік түрлері нақтыланды: ана тілін меңгеру барысында тілдік-кәсіби коммуникативті құзыреттілік сөз болса, екінші тілді үйрену кезінде – тілдік қатынас құзыреттілігі, шетел тілін үйрену кезінде – мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігі сөз болады [2, 9-10].

Біздің ойымызша, Қазақстанның ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында көптілді білім беру перспективасы көрсетілген

құзыреттіліктердің белгілерін анықтауды талап етеді. Бұл міндетке шет тілді оқытудың теориясы мен практикасы, мәдениетаралық және ұлтаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы, әлеуметтік лингвистика, психология, аударматану және тағы басқа ғылымдардың жетістіктерін қамтитын интегративті тәсіл арқылы жетуге болады.

2014 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының грантымен орындалған «Көптілді білім беруде мәдениетаралық-аудармашылық құзыреттіліктерді үлгілеу» атты жоба шеңберінде біз ЖОО-ның көптілді топтарына арналған мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы және аударматану негіздерінен тұратын біріккен курсты дайындадық. Оның мазмұны үш тілді, (қазақ, орыс және ағылшын тілдерін) қатар қолдану көзделетін екі оқу құралында берілді[3-4]:

1) «Мәдениетаралық қарым-қатынас және аударма негіздері(үштілділік жағдайында)», 1-ші бөлім. Бакалавриат;

2) «Кәсіби мәдениетаралық қарым-қатынас және ғылыми-техникалық аударма негіздері (үштілділік жағдайында)», 2-ші бөлім. Магистратура.

Курс міндеті ҚР-дағы үштілділік жағдайында мәдениетаралық-аудармашылық құзыреттілік қалыптастыру болды. Ол еліміздің жоғары оқу орындарындағы жағдайларға сай келеді. Бірнеше жыл бұрын ҚР БЖҒМ бұйрығымен бакалавриат пен магистратураның барлық мамандықтарында көптілді топтар ашылған болатын. Бұл авторлық курс тіл үйрету сабақтарды (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) студенттердің мамандандырылған пәндерімен сабақтастыратын көпір болу мақсатында қарастырылған. Сондықтан да, аталған оқу құралдарында теориялық білім мен практикалық сабақтардың берілу ұстанымдары көптілді мамандардың кәсіби қажеттіліктерін өз елімізде және шетелде мәдениетаралық делдал ретіндегі міндеттерімен бірлікте қарастыру мақсат етілді.

Оқу құралында бакалавриат студенттері үшін мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының негізгі ережелері мен қысқаша тарихы келтіріледі; адам туралы ғылым жүйесіндегі аударматанудың рөлі анықталады; *мәдениетаралық қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас, аударма* сияқты базалық терминдердің анықтамасы беріледі. Коммуникацияның ғылыми түсінігі беріліп, аударма мәдениетаралық қарым-қатынастың түрі ретінде анықталады, аударма түрлері беріледі. Мәдениет пен коммуникация байланысы ашылады. Мәдениеттің құрылымдық белгілері келтіріліп, мәдени құндылықтар жүйесі жинақталады. Мәдениетаралық қарым-қатынас түрлері аталады. Аударма саласындағы коммуникативті кедергілер түрлері сипатталады. Қазіргі замандағы сұранысқа ие іскери қатынас саласындағы мәдениетаралық қарым-қатынас жағдаяты анықталады.

